Банди Брайан

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК ЕСЕПТЕРДІ ТИІМДІ ЕСЕПТЕУДІҢ НЕГІЗІ МЕН ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

Банди Брайаннің екі кітабін ағылшын тілінен орыс тіліне О.В.Шихеева аударған «Основы линейного программирования» және «Методы оптимизации» екі кітәбінің қазақша аудармасы

Абайылданов К.Н., Абайылданов Б.К., Абайылданова Л.К.

АЛМАТЫ , 2015

ӘОЖ 519.7 (07)
КБЖ 22.18я7
А13

Абайылданов К.Н.
А13 Экономикалық және инженерлік есептерді
тиімді есептеудің негізі мен әдістемелері: оқулық/
К.Н.Абайылданов, Б.К.Абайылданов, Л.К.Абайылданова - АЛМАТЫ - 2015. – 228 б.

Кітәп екі бөлімнен құрастырылған:
бірінші бөлімі - «Основы линейного программирования»;
екінші бөлімі - «Методы оптимизации».

Ағылшын авторы бірінші кітәпта сызықты программалудың тәсілдерін және негізгі нұсқаларын сипаттайды. Симплекс-тәсілінің негізін, компьютірді қолданып іске асыруы қарастырылған, тәсілдің сезгіштігін, есепті тағайындауды, тасмалдау есебі, егізделген симплекс-тәсілі және т.б.-да әдістер көрсетілген.

Паскаль (Дельфи) мен Фортран алгоритімдық тілдеріне программаларды ауыстырудың еш қиындығы болмайды, егерде, әр түрлі есептердің алгоритм шешімі сызықтық программалауда Бейсик алгоритімдық тілінде орындалса.

Сызықтық программалауға қатысты экономикалық және инженерлік есептерді есептеп қолданатын оқырмандарға арналған.

Екінші кітәпта ағылшын авторы үздіксіз дифференциалды функцияның шектеулі және шектеусіз оптимизациялық алгоритмнің теориясы мен нұсқауын сипаттаған.

Келтірілген алгоритімдердің есептеп орындалуы Бейсик алгоритмдық тілінде программасы корсетіліп орындалуы іске асырылуы көрсетілген.

Әр түрлі есептердің шешімдерін оптимизациялау тәсілін қолдануда, бірнеше мысалдар және жатығулар ұсынылған.

Есептердің оптималды шешіміне қатысты есептеп ізденудегі алгоритмдері көрсетіліп және экономикалық-инженерлік есепті есептейтін оқырмандардың қолдануына арналған.

ӘОЖ 519.7 (07)
КБЖ 22.18я7

ISBN 978-601-228-819-3
АЛМАТЫ «Әлішер», 2015

Жеңістің 70 жылдық ардагерлер
мерей тойына арналған

I - Бөлім

СЫЗЫҚТЫҚ ПРОГРАММАЛАУДЫҢ НЕГІЗІ

Алғы сөз

Сызықтық программалау, қырық жылдан аса тарихы бар операцияларды зерттеудің бөлімі болып табылады. Есептеуші техниканың дамуы, осы математика саласын зерттеулерге елеулі түрткі болды. Сызықтық программалау есептерін шешетін алгоритмдерінің ұлғаю қатары, алғашқы үлкен есептеуіш машиналардың (БЭСМ) дамуына ерекше әсер етті.

Сызықтық программалау бойынша оқулықтардың көбісі кеңес одағы кезінің 60-70-ші жылдарында шығарылған. Осы кезден бері (теориялық және қолданбалы саласы) талданып, зерттеліп жалғасыпележатыр. Дегенмен, сызықтық программалауды қолдануда, соңғы алгоритмдық тілдерді, меншікті есептеуіш машиналарды (компьютерлерді) қосып пайдалануына арналған оқулық құрал, іс жүзінде көп емес. Оқырмандар, осы кемшілікті толықтырады деген мақсатпен оқулық құрал ұсынылады.

Оқулық құрал, сызықтық программалау пәнімен таныс емес оқырмандарға түсіну үшін, алгоритімдық Бейсик тілі және матрицалардың теориясымен таныс болу жеткілікті.

Оқулық құралдың ерекшелігі және айырмашылығы қолданбалы ретінде жазылғаны. Оқулық құрал, міндетті түрде математикалық аппаратты толық ерекшеліктерін суреттейді және оның сипаттамасын программаның алгаритмдық Бейсик тілінде түсініктемсін көрсетіп, шешімін табу үшін қажет әдісті ұсынады. Оқырмандарға жазылған әдістемелерді ұғып, қолдану үшін ыңғайлы.

Кейінгі компьютерлердің негізгі алгоритмдық тілдердің ретінде бейсик, визиал бесик, визиал бесик скрип болғандықтан, оқулықтағы программалардың қызығушылық пен таралуының мүмкіндігін туғызады.

Көптеген есептерді есептеп шығару, тақырыпты түсінуді ұлғайтады. Оқулық құралдың әр бөліміндегі көрсетілген жаттығулар, өзіндік сынау жобалары, сызықты программалаудағы есептерін есептеуге тәжірибелік дағдыға үйретеді. Әр түрлі компьютерде есептелген нәтиже, кітәпта жазылған программаның нәтижесінен айырмашылығы болуы мүмкін, ол компьютерде колданатын программаларға және копьютердың дәрежелігіне байланысты болуы.

Қосымша әдибиеттер тізімі:

1. Юдин Д. Б., Гольдштейн Е. Г. Линейное программирование. Теория, методы и приложения. - М.: Наука, 1969. - 424 с.
2. Еремин И. И., Астафьев Н. Н. Введение в теорию линейного и выпуклого программирования. - М.: Наука, 1976. — 191 с.
3. Булавский В. А., Звягина Р. А., Яковлева М. А. Численные методы линейного программирования/ Под ред. Л. В. Канторовича. - М.: Наука, 1977. - 367 с.
4. Раскин Л. Г., Кириченко И. О. Многоиндексные задачи линейного программирования. Теория, методы, приложения. - М.: Радио и связь, 1982. - 239 с.

<u>1 - тарау</u>
Негізгі түсініктемелер

§ I.1.1. Кіріспе

Операцияларды зерттеу саласының біраз есептерін шығаруға сызықтық программалау әдістері өте қолайлы болып өз орнын алды. “*Программалау*” деген сөзді біз пландау (болжау) деп түсінеміз және осы мағана осы пәндегі қарастырылатын есептердің мазмұнына сәйкес болады. Екінші Отан соғысы кезінде, соғыс операциясын жүргізуінің оптималдық стратегиясын іздеу үшін “Ойын теориясы” бір зерттеу пән ретінде пайда болды. Ол теорияны қолдану сызықтық программалау пәнін дамытуға әсер етті. Содан бастап осы саланың кеңінен қолдануы өндіріс, сауда, басқару жүйелерінде, мемлекет көлемінде, жергілікті жағдайда арта берді. Қарастырылатын әдістермен шектелген ресурстарды тиімді қолданып, қарастырылатын есептердің біразын шығаруымызға болады.

<u>*1 Мысал.*</u>

Фирма екі ***A*** және ***B*** түрлі тақтайдан жинақталатын кітәптарға арналған ілетін полка өндіреді деп есептейік. Осыны өндіру шикі зат (жақсы сапалы тақтай) пен және тақтайды машинада өңдеу уақыты мен шектеледі. Заттың ***A*** түрі $\boldsymbol{3м^2}$ тақтайды, ал ***B*** түрі - $\boldsymbol{4м^2}$ қажет ететін болсын. Бір аптада фирманы қамтамасыз ететіндер $\boldsymbol{1700м^2}$ тақтай жеткізіп алатыны белгілі болсын. ***A*** түрлі затты жасау үшін - ***12*** мин машина уақыты, ал ***B*** түрін жасау үшін - ***30*** минут машина уақытының керектігі белгілі болсын. Фирмаға бір аптаға ***160*** сағат машина уақыты бөлінсін.

Егерде бір аптада заттың ***A*** түрінің әкелетін пайдасы - ***2$***, ал әр бір ***B*** түрінің әкелетін пайдасы - ***4$*** болса. Аптасына қанша ***A*** және ***B*** түрлі заттарын шығару фирмаға тиімді (оптималды) ең үлкен прибілде болу үшін?

Есепті математикалық формада жазып келтіруіміз үшін: x_1 -айнымалысы арқылы ***A*** түрлі полканың санын белгілейік, ал x_2 айнымалысы арқылы шығарылатын ***B*** түрлі полкалардың санын белгілейік. Есеп негізінде ең тиімді (оптималды) x_1 және x_2 айнымалыларының бүтін мәнін іздеп табуға арналады. Көзіміздің жететіндігі, фирма апта бойы жұмыс істеп, яғни оның апталық пайдасы ең көп (максималды) болуы қажет. Апталық пайда келесі өрнектен құралады.

$$P = 2x_1 + 4x_2 \qquad \text{(I.1.1)}$$

Сондықтан, фирма максималды апталық пайда табу үшін осы бағытталған функцияның максимумын табуымыз қажет.

Оптимизацияның классикалық теориясы бойынша функция экстремумы, осы функцияның туындысы нольге тең болатын нүктелерде орналасатыны айқын, немесе анықталған облысының шекарасында орналасады. Қарасты есептегі функцияның туындысы жеткіліксіз, неге десеңіз

$$\frac{\partial p}{\partial x_1} = 2 \quad \text{және} \quad \frac{\partial p}{\partial x_2} = 4 .$$

Және ешқандай x_1, x_2 мәндері арқылы функция туындысы нөлге тең болмайды.

Шынында, P функцияның мәнін ұлғайту үшін, x_1 және x_2 мәндерін ұлғайту қажет. Бірақ (бұл ұлғайтуда проблеманы шешпейді) x_1 және x_2 мәндерін шексіз көбейтуге болмайды, неге десеңіз оларға шектелу шарты қойылған. Ол шектелу шарты шикі зат (тақтай саны) пен және өңдеу машина уақыты мен шектелген.

x_1 және x_2 айнымалары арқылы, заттардың апталық өндіру сандары белгіленгендіктен оның мәндері тіріс сан болалмайды, яғни

$x_1>0, x_2>0$ (I.1.2)

Енді бар тақтайға және өңдеу машинасының уақытына сәйкес шектелу шарттарын келесі теңсіздектер арқылы жазып көрсетеміз.

$3x_1 + 4x_2<=1700$ (тақтайлар үшін)

Машина уақыты үшін бір өлшемге келтірсек болады ***12мин***=0,2 сағат және ***30мин***=0,5 сағат. Сондықтан $0,2x_1+0,5x_2<=160$ оңға көбейтсек

$2x_1+5x_2<=1600$ (машина уақыты үшін)

$3x_1+4x_2<=1700$ (тақтайлар үшін) (I.1.3)

Сөйтіп, есеп мынандай болады:

$P = 2x_1 + 4x_2$ функциясының максимумы болатындай қылып x_1 және x_2 айнымалылар санын табу қажет. Бірақ x_1 және x_2 мәні оның оң мәнді екендігін білдіретін (I.1.2) шартын бұзбай және шектелу (I.1.3) шартын қанағаттандыратындай (бұзбайтындай қылып), сосын олар бүтін сан болуы қажеттілігін ескеріп.

Бұл екі өлшемді сызықтық программалау есебінің қарапайым үлгілі түрі: Бағытталған функция айнымалыларынан түзу сызықтық қатынаста, яғни функция түзу сызықтық функция дейміз және функцияның максимумын іздеуіміз қажет. Айнымалыларға қойылған шектелу шарттарды түзу сызықтық (олар I.1.1-сурете көрсетілген). Олардың теріс мәнді болалмайтындығын көрсететін шектелу (I.1.2) шарттар $x_1,x_2\geq 0$ бізге қарастыруымызға біріниші квадраты білдіреді, яғни оң мәнді квадраты.

Шектелу шекарасы түзу сызықтармен анықталады.

$3x_1 + 4x_2 = 1700$

$2x_1 + 5x_2 = 1600$

I.1.1-сурете шекаралардан көрестілген бағытталған стрелкалар, осы шекараның қай жағында қойылған шарт бұзылмайтындығын білдіреді. Штрихтеніп көрсетілген ***OABC*** облысы, (I.1.2) және (I.1.3) шарттарын қанағаттандыратын (бұзбайтын) нүктелер орналасқан анықталған облыс деп аталады. Бұл облас ішіндегі және осы областың шекарасындағы нүктелердегі бағытталған функция мәндері есептің анықталған шешімдерін хабарлайды. Анықталған шешімдер өте көп болады. Есеп шығарғандағы біздің мақсатымыз осы шешімдердің ішінен ең тиімдісын (іңғайлысын) тауып және сол шешімде Р функциясының максимумы орналасуы қажет.

I.1.1-сурете штрихталған сызықтар арқылы $\mathbf{2x_1+4x_2=0}$, $\mathbf{2x_1+4x_2=800}$ түзу сызықтары $\boldsymbol{a}$ және $\boldsymbol{b}$ деп белгіленіп сызылған. Бұл сызықтар бір-біріне параллель болып және олар ***P*** функциясының бір қалыпты деңгейлерін анықтайды, олардың мәні ***0*** және ***800*** санына тең болады.

P функциясының мәндері деңгейлік сызықтар координаттар басталатын ***0*** нүктеден оң мәнді квадраты қашықтаған сайын ұлғайып өседі.



І.1.1 - сурет.

Шынында да, $\dfrac{\partial p}{\partial x_1}, \dfrac{\partial p}{\partial x_2}$ компонентері бар вектор, яғни $\begin{pmatrix} 2 \\ 4 \end{pmatrix}$ компоненті вектор ***P*** функциясының ұлғаю бағытын көрсетеді. Ол вектор штрихталған түзу сызықтарына перпендикуляр болып оң мәнді квадратқа қарай бағытталып жүргізіледі.

P функциясының ең үлкен мәнді деңгейі бар штрихтелген сызық ***C*** сызығы болып табылады. Бұл сызық анықталған (қажетті) облыстың кем дегенде бір ортақ нүктесі болуы қажет. Сурет бойынша ол ***B*** нүктесі. Бұл нүкте де функция мәні ***1400*** тең және оның координаттары $x_1 = 300$, $x_2 = 200$ есептің оптималды шешімін көрсетеді. Бұл сандар екі түзу сызықтың қиылысқан нүктесінде орналасқаннан, келесі системаның шешімі болып табылады:

$3x_1 + 4x_2 = 1700$

$2x_1 + 5x_2 = 1600$

Сондықтан ең үлкен (максимальды) апталық пайда келесіні құрайды:

$2*300 + 4*200 = 1400$

Оптималды шешімде екі шектелу шарттары теңдікке айналғандығы, осы шарттардағы шикі затты (тақтайларды) және белгіленген машина уақытын толық қолданғанымызды білдіреді.

Қарастырылған есеп үш және оданда көп теріс мәнді емес айнымалыларға есептеліп шығарылады. Басқа қосымша шарттарды қарастырып еңгізуімізге болады, мысалы сатып алушының ақшасына байланысты, ол өндіретін зат шегеленетін болса осы шегенің санына байланысы б.с.с. шарттарды. Бұл жағдайда да есептің мазмұны өзгермейді, яғни бір неше теріс мәнді болалмайтын айнымалылардың байланысты түзу сызықты функциясының максимумын тауып шешуіміз қажет. Бірақ айнымалылар, шектелу теңсіздік түрінде берілген шарттарды қанағаттандыру (бұзбауы) қажет.

Сызықтық программалау есебінің жалпы түрінің құрылымы:

n айнымалысынан $x_1, x_2 ..., x_n$ байланысты

$$z = c_1x_1 + c_2x_2 + ... + c_nx_n \qquad (I.1.4)$$

сызықтық функциясының максимумы (немесе минимумын) іздеп табу.

Бірақ табылған шешім, айнымалылардың теріс мәнді болалмайтындық шартын

$$x_1 \geq 0, x_2 \geq 0, ..., x_n \geq 0 \qquad (I.1.5)$$

және сызықтық **m** шектелу шарттарын

$$\begin{aligned} &a_{11}x_1 + a_{12}x_2 + ..., + a_{1n}x_n \leq (=, \geq) b_1, \\ &a_{21}x_1 + a_{22}x_2 + ..., + a_{2n}x_n \leq (=, \geq) b_2, \\ &.. \qquad (I.1.6) \\ &a_{m1}x_1 + a_{m2}x_2 + ..., + a_{mn}x_n \leq (=, \geq) b_m, \end{aligned}$$

қанағаттандырып бұзбауы қажет.

Шектелу шарттарда әр түрлі ≤ **,** = және ≥ таңбалар кездесуілері мүмкін. Есеп бағытталған функцияның максимумын (минимумын) тауып шешуден құралады. Тұрақты b_i, c_j және a_{ij} сандарының бәріде белгілі деп есептейміз. Осы сандардың тәжірибелік мазмұнын (*1мысалда сияқты*) жиі келтіріп қарастырамыз.

Есептің матрицалық түрін келесі көріністе жазаламыз:

функция максимумын (минимумын) табыңыз:

$$z = C^T x_0 \qquad (I.1.7)$$

мұнда

$$x_0 \geq 0 \qquad (I.1.8)^*$$

$$A_0 x_0 \leq (=, \geq) b \qquad (I.1.9)$$

және $x = \begin{pmatrix} x_1 \\ x_2 \\ \cdot \\ \cdot \\ x_n \end{pmatrix} - n \times 1$, бағана-векторы

ал

$$c^T = (c_1, c_2, ..., c_n) \; - \; 1\text{x}n \text{ жол - векторы}$$

Мұнда және төменде векторлық теңсіздік ретінде түсінетініміз барлық теңсіздіктердің координаттарына сәйкес орындалуы (автордың ескертуі).

Және $b = \begin{pmatrix} b_1 \\ b_2 \\ \cdot \\ \cdot \\ b_m \end{pmatrix} - m \times 1$ бағана-векторы

$A_0=(a_{ij})$ - m x n матрицасы

x_0 - векторындегі және A_0 матрицасындағы 0 индексі осылардың бастапқы (алғашқы) мәндері екенін көрсетіп білдіреді. Мұның мазмұны 1.3 тақырыбында түсінікті болады.

§ I.1.2. Екі өлшемді есептерді графикалық шешу.

Соңғы тақырыпта қарастырылған мысалда тәжірибеде сызықтық программалау есебінің қалай пайда болатынын және оны графикалық тәсіл мен шешуді, біз асықпай қарастырып көрсеттік. Енді тағыда жеткілікті қарапайым бір неше есептерді қарастырып сызықтық программалау есебінің жалпы қасиеттерін түсініп (шешім іздеудің қалай өтетінін) есептеу алгоритмының есептердің жалпы шешімін табудың жолына қарай бет бұрайық.

1-Мысал.

Функция максимумын табыңыз:

$Z= -3x_1 \ -4x_2$

Шектелу $x_1, x_2 \geq 0$

$x_1+x_2 \leq 20,$

$-x_1+4x_2 \leq 20,$

$x_1 \quad \geq 10,$

$x_2 \geq 5.$ шарттар болған кезде.

I.1.2-суретінде анықталған керекті облыс көрсетілген, ол ***PQRS*** төртбұрышы болады. Соңғы екі шарт айнымалылардың теріс мәнді емес екендігінің шартын күшейте түседі. ***Z*** функциясы келесі вектор бағытында кішірейеді.

$$-\begin{pmatrix} \dfrac{dz}{dx_1} \\ \dfrac{dz}{dx_2} \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} 3 \\ 4 \end{pmatrix}.$$



I.1.2 -сурет.

Функцияның минималды мәні $z=-68$ тең болады және ол R нүктесінде $(12,8)$ орналасады. 1.1 тақырыбындағыдай минимум анықталған облыстың шыңыда орналасады. Есептің оптималды шешімі $x_1=12,\ x_2=8$ нүктесі болады, мұнда функцияның минималды мәні $z=-68$ тең болады.

Кейде есептің бірден көп оптималдық шешімі болады.

2 -Мысал.

$z=\ -6x_1\ -2x_2$ функциясының минимумын табайық. Келесі шектелу шарттарда: $x_1, x_2 \geq 0$

$2x_1+4x_2 \leq 9$

$3x_1+\ x_2 \leq 6$

I.1.3-суретінде ***OABC*** төртбұрышы анықталған керекті облысын көрсетеді $\dfrac{\partial z}{\partial x_1}$=-6, $\dfrac{\partial z}{\partial x_2}$=-2, сөйтіп $\begin{pmatrix} 6 \\ 2 \end{pmatrix}$ векторының бағыты функцияның кему (кішірейу) бағытын көрсетеді.



I.1.3 -сурет

$$-6\left(2-\frac{1}{2}\theta\right)-2\left(1\frac{1}{2}\theta\right)=-12 \bullet$$

BC түзу сызығының бойындағы кез келген нүктеде оптималдық шешім орналасады. Мысалы төртбұрыштың $B=\left(1\frac{1}{2},1\frac{1}{2}\right)$ және $C=(2,0)$ шындарындағы нүктелерде оптималдық шешім бір мәнге тең болады $z=-12.$

BC түзу сызық бойындағы кез келген нүкте келесі өрнекпен марапатталады.

$$\theta\left(1\frac{1}{2},1\frac{1}{2}\right)+(1-\theta)(2,0)=\left(2-\frac{1}{2}\theta,1\frac{1}{2}\theta\right),$$

Мұнда $0 \leq \theta \leq 1.$

Кездейсоқ нүктеде функция мәні z тең болады

$$-6\left(2-\frac{1}{2}\theta\right)-2\left(1\frac{1}{2}\theta\right)=-12$$ z функциясының бір ғана минималдық мәні болады.

Кейде есептің шешімі шектелмеуі де мүмкін.

<u>3- *Мысал.*</u>

Шектелу $x_1 \geq 0$, $x_2 \geq 0$, $x_1 - x_2 \geq 1$, $x_2 \leq 2$ шарттарында $z = x_1 + x_2$ функциясының минимумын табайық. І.1.4-суретінде анықталған керекті облысы көрсетілген.



І.1.4-сурет.

z фукциясының ұлғаю бағытында, анықталған керекті облыстың шегі жоқ, яғни функцияның минимумы орналасатын нүкте жоқ. Сондықтан есептің шешімінің және z функциясының максималды мәнін анықтай алмаймыз, неге десеңіз олар шектелмеген. Бірақта анықталған керекті облыстың шегі жоқ болсада кейбір есептердің осы облыста шешімі болуы мүмкін. Мысалы $z' = x_2$ функциясының максимумунын осы мысалдағы шектелу шартында іздесек, оның шектелмеген шешімін табамыз.

Егерде осы шектелу облысында $z = x_1 + x_2$ функциясының минимумын іздесек, осы минимум бір ғана нүктеде орналасатын еді. Оның мәні $z(min) = 1$ бірге тең болып орналасатын нүктесі анықталған облысының шыңы болып табылады $x_1 = 1$, $x_2 = 0$.

Кейде есептің шешімі болмауы да мүмкін, неге десеңіз берілген шарттардан шектелу облысы анықталмауы мүмкін.

<u>*4-Мысал.*</u>

Облыс келесі шектелу шарттарымен анықталғанда

$x_1, x_2 \geq 0$, $x_1 + x_2 \geq 10$, $3x_1 + 5x_2 \leq 15$ функция $z = 2x_1 + 3x_3$ функция минимумын табыңыз.

Шектелу шарттар қайшылас болғандықтан, анықталған керекті шешімнің жоқ болғандығы (І.1.5 -сурет).



I.1.5-сурет

Жоғарыда қарастырылған мысалдардан қортып, сызықтық программалау есептерінің бір неше сол есептерге қатынасты қасиеттерін айтуымызға болады. Біріншіден, шектелу облысы әр уақытта дөңгейлік көпбұрыш болуы, тіпті ол областын шегі жоқ болған жағдайда да. Екіншіден, оптималды шешім барлық жағдайда анықталған областың щыңында орналасуы. *2-шi мысалда* ***B*** шыңыда және ***C*** шыңыда оптималды нүкте болып табылады.

Осы нәтижелерді жалпы жағдайғада көшіріп қарастыруымызға болады. Алғашында сызықтық программалау есептерін стандарттық форма келтіріп жазуымызға болатындығын көрсетейік.

§ I.1.3. Сызық программалау есебінің стандарттық қалпы.

Аңғарсақ сызықтық программалау есептері әр түрлі жазылып көрсетіледі. Бірақ, оларды келісілген стандарттық қалыпта жазуымызға болады. Мысалы осы оқулықтағы келісім бойынша біз бағытталған функцияның минмумын қарастыруымыз қажет, ал барлық шектелу шарттарын теңдік түрінде жазып және айнымалылар теріс мәнді болмауы қажет.

Есепті стандарттық қалпына келтіріп қарастыру өте оңай, егерде келесі ережелерді пайдаланып қолдансақ:

а) $z= c_1x_1+c_2x_2+\dots +c_nx_n$ функциясының максимумын іздеу, сол функцияны (-1) көбейтіп, яғни $z'= -c_1x_1 -c_2x_2 -\dots -c_nx_n$ функциясының минимумын іздеу есебі мен бірдей.

б) Шектелу шарттар теңсіздік түрінде болса, мысалы $3x_1+2x_2 -x_3 \le 6,$ оны стандарттық қалпына келтіруге болады $3x_1+2x_2 -x_3+x_4=6,$

мұнда теріс мәнді емес жаңа айнымалы ретінде x_4 қостық.

Шектелу $x_1-x_2+3x_3 \ge 10$ шартыда стандарттық формасына келтіреді $x_1-x_2+3x_3-x_5=10$, мұндағы теріс мәнді емес жаңа айнымалы ретінде x_5 болады.

в) Егерде кейбір x_k айнымалысы кездейсоқ сан болалса, осы айнымалы теріс мәнді болмас үшін, оны келесі түрге келтіріп қарастырамыз.

$x_k=x_k' -x_k''$, мұнда $x_k' \ge 0$ және $x_k'' \ge 0.$

Сөйтіп, есепті стандарттық қалпына келтіру кезінде қосымша айнымалылар еңгізуіміз қажет болуы мүмкін (олар теріс мәнді болалмайды).

Осыған ұқсас (I.1.7), (I.1.8), (I.1.9) қатынастарын да сызықтық программалау есебінің жалпы түрінде жазып келесідей өрнектейміз:

$\boldsymbol{z=c^Tx}$ функциясының минимумын табу қажет (I.1.10)

мұндағы $\boldsymbol{x\geq 0}$ (I.1.11)

және

$\boldsymbol{Ax=b}$, және де $\boldsymbol{b>0}$ (I.1.12)

Егерде, жоғарыда қарастырылған есептердің дүзетіліп стандарттық қалпына келтірілген есеп болса, онда бұл есепте қосымша айнымалылардың болғаны (және олар $\boldsymbol{A}$ матрицасына кіргені).

I.1.2 тақырыбындағы 1-ші мысалды стандарттық қалпына келтіріп келесі түрде қарастырайық:

$\boldsymbol{z=-3x_1-4x_2}$ функциясының минимумын табайық келесі шектелу шарттарында:

$x_1 \quad -x_3=10,$

$x_2 \quad -x_4=5,$

$x_2+x_2 \quad +x_5=20,$

$-x_1+4x_2 \quad +x_6=20$

және $\boldsymbol{x_i\geq 0,\ i=1,2,\ldots,6}$.

I.1.1 тақырыбындағы 1-ші мысалды келесі түрге келтіріп қарастыруымызға болады:

$\boldsymbol{z=-2x_1-4x_2}$ функциясының минимумын келесі шектелу шарттарында:

$\boldsymbol{3x_1+4x_2+x_3=1700}$

$\boldsymbol{2x_1+5x_2 \quad +x_4=1600}$

және $\boldsymbol{x_i\geq 0,\ i=1,\ldots,4}$.

Шектелу шарттарын матрицалық түрінде келесідегідей қылып жазамыз:

$$\begin{pmatrix} 3 & 4 & 1 & 0 \\ 2 & 5 & 0 & 1 \end{pmatrix} \begin{pmatrix} x_1 \\ x_2 \\ x_3 \\ x_4 \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} 1700 \\ 1600 \end{pmatrix} \bullet$$

Олар төрт белгісіз айнымалысынан екі теңдеуден тұрады. Осы шектелу шартындағы кез келген теріс мәнді емес шешім- *анықталған керекті шешім* болып табылады.

Төрт белгісізі бар екі теңдеуді біле отыра, екі белгісізіне кездейсоқ мән тағайындап, қалған екі белгісізге теңдеудің шешімін табуымызға болады, бірақ бұл шешім *анықталған керекті облысқа* кірмуіде мүмкін. Өте қызықты шешім ретінде екі белгісіз айнымалыны нөлге теңеп қарастыратын шешім. Егерде, ондай шешім бір түйір болса (жалғыз ғана болса) ондай шешімді *базистық шешім* деп атаймыз. Егерде ол шешім қойылған шектелу шартын қанағаттандырып бұзбаса, оны *анықталған керекті базистық шешім* дейміз. $\boldsymbol{n}$ айнымалысы бар сызықтық программалау есебінің жалпы түрі үшін және ол есеп шектелу $\boldsymbol{m}$ шартында қарастырылса $\boldsymbol{(m<n)}$, шектелу шартарының

<u>базистық шешімін</u> ***(n-m)*** айнымалыларын нөлге теңеп, қалған ***m*** айнымалысының мәндерін ***m*** теңдеуден іздеп тапсақ болады. Бұл теңдеулер системасының бір ғана (жалғыз) шешімі болады деп болжаймыз. Нөлге теңелген айнымалыларды ***<u>базистық емес</u>*** деп атаймыз. Қалған айнымалыларды ***<u>базистық</u>*** дейміз және олар ***<u>базисты</u>*** құрайды.

Жоғарыда қарастырылған есептерде екі базистық емес айнымалысын алты тәсіл мен тағайындауымызға болады. Базистық шешімдерді кесте ретінде қарастырғанымыз ыңғайлы.

	x_1	x_2	x_3	x_4	Шыңдары
	0	0	1700	1600	0
	0	425	0	-525	
	0	320	420	0	A
	566 2/3	0	0	466 2/3	C
	800	0	-700	0	
	300	200	0	0	B

Кестеде әр шешімге сәйкес екі базистық емес айнымалылар ***$(x_1,x_2),(x_1,x_3),(x_1,x_4),(x_2,x_3),(x_2,x_4),(x_3,x_4)$.*** 1.1-суретіндегі анықталған облыстық шыңдарына сәйкес, осы алты шешімнің ішінен төртеуі ғана анықталған керекті шешім бола алады.

Үш өлшемді жағдайда шектелу шарттар түзу сызық емес кеңістіктер болады. Сондықтан, анықталған керекті облыста дөңгеленген көп бүйрлі қалып болады. Есептің оптималдық шешіміне осы көп бүйрлі қалыптың сәйкес бір шыңы болады.

Осындай нәтижелер бір заңдылыққа бағынатынын көретін боламыз. ***n*** белгісіз айнымалыдан құралатын ***m*** теңдеудің системасын шешкендегі базистық шешіміміз анықталған керекті облысының шыңдарында орналасады. Сондықтан оптималдық шешімде (егер ол бар болса), анықталған базистық шешімге сәйкес болғандықтан, ол осы анықталған облыстың шыңынын біреуінде орналасады.

§ I.1.4. Жалпы жағдайда *n* айнымалы есепке тарату.

Жоғарыда көрсетіліп айтылған нәтижелерде анықтап алу үшін, кейбір геометриялық түсініктердің жалпы жағдайдағы мағанасын талғап толтырайық.

I.1.2 тақырыпта екі өлшемді есепті шешуге қолданған графикалық әдісті жалпы жағдайға таратуға болар еді. Бірақ ***n*** өлшемді кеңістікте ұқсас жағдайды көрсетіп, елестетіп түсіну өте қиын. Сондықтан, жалпы жағдайда геометриялық шешімді түсініп анықтау үшін, алгебралық тәсілдер, түсініктер қажет болады.

Дөңгеленген нүктелер жинағының анықтаудан бұрын, бір неше түсініктер еңгізейік. $\boldsymbol{n}$ өлшемді кеңістіктегі нүктені белгілеу үшін келесі $\boldsymbol{x}$ символын қолданайық:

$$x = \begin{pmatrix} x_1 \\ x_2 \\ \cdot \\ x_n \end{pmatrix}$$

PQ аралығы (жыртысын), мұнда $\boldsymbol{P}$ және $\boldsymbol{Q}$ -екі нүкте $\boldsymbol{p}$ және $\boldsymbol{q}$ векторлары арқылы көрсетілген. ***PQ*** аралығындағы жыртыс келесі қатынасқан анықталған нүктелерден құралады.

$\boldsymbol{\theta p+(1-\theta)q;\quad 0 \le \theta \le 1.}$

$\boldsymbol{S}$ нүктелер жиыннын дөңгейлік деп атаймыз, егерде осы жиынның кез келген $\boldsymbol{P}$ және $\boldsymbol{Q}$ нүктелерін қосатын ***PQ*** жыртысы (аралығы) осы $\boldsymbol{S}$ жиынның ішінде орналасқан болса.

Дөңгейлік жиынның ***экстремалды*** (*шыңы немесе бұршы*) ***нүктесі деп***, жиындағы әр түрлі нүктені қосқандағы кез келген аралықтың (жыртыстың) ішінде орналаспайтын, нүктені айтамыз.

$\boldsymbol{P_1, P_2, \ldots, P_k}$ нүктелерінің ***дөңгейлік қабығы*** деп $\boldsymbol{p_1, p_2, \ldots, p_k}$ векторлары арқылы анықталып көрсетілген нүктелер жиынын (тобын) айтамыз. Оның жазылатын түрі:

$\boldsymbol{\theta_1 p_1 + \theta_2 p_2 + \ldots \theta_k p_k}$

мұндағы $\boldsymbol{\theta_i \ge 0, (i=1,2, \ldots,k)}$ және $\sum_{i=1}^{k} \theta_i = 1$



I.1.6 -сурет.

I.1.6а суретінде дөңгейлік нүктелер жиыны көрсетілген. I.1.6б суретінде дөңгейлік емес нүктелер жиыны көрсетілген, неге десеңіз, ***VW*** аралығындағы (жыртысындағы) кейбір нүктелер осы жиынның ішінде орналаспайды.

$\boldsymbol{P_1P_2P_3P_4P_5}$ бірінші жиынның шыңындағы нүктелері. Екі $\boldsymbol{P_1P_2}$ нүктелері үшін дөңгейлік қабыға ретінде түзу сызық болады. Үш $\boldsymbol{P_1P_2P_3}$ нүктенің дөңгейлік қабығы - үшбұрыш, $\boldsymbol{P_1P_2P_3P_4}$ төрт нүктенікі - тетраэдр, ал бес $\boldsymbol{P_1P_2P_3P_4P_5}$ нүктенікі - гиперкөпбүйірлі қалып, оның бұрыштары (шыңдары) осы нүктелерде орналасады.

§ I.1.5. Сызықтық программалаудың негізгі нәтижелері.

Сызықтық программалаудың жалпы есебін стандарттық қалпында келесі түрде жазамыз:

$z=c_1x_1 + c_2x_2 + ... + c_nx_n$ функциясының минимумын

шектелу $x_1, x_2, ..., x_n=0$ және

$a_{11}x_1+a_{12}x_2+ ... +a_{1n}x_n=b_1$

$a_{21}x_1+a_{22}x_2+ ... +a_{2n}x_n=b_2$

…………………………..

$a_{m1}x_1+a_{m2}x_2+ ... +a_{mn}x_n=b_m$

шарттарында табыңыз?

Шектелу шарттарын келесі түрде көрсетуімізге болады:

$Ax=b,\ x=0$

мұндағы A матрицасының рангы m тең $(m<n)$.

Енді сызықтық программалаудың негізгі анықтамаларын дәлелдейік.

Анықтама 1. Егерде шектелу облысында анықталған керекті шешім болса, онда осы шектелу шартын қанағаттандыратын (бұзбайтын) базистық шешемнінде болғаны.

Базистық анықталған керекті шешемді құрып осыны дәлелдейік. Анықталған шешімнің $n-r$ айнымалысы нөлге тең, ал қалғандарын оң мәнді деп есептесек. Онда есеп жалпы екендігін жоғалтпайды.

$x_j=0,\ j=r+1, ...,n,$

$$\sum_{j=1}^{r} x_j a_j = b, \text{ мұндағы } x_j>0\ (j=1,2, ...,r) \qquad \text{(I.1.13)}$$

Өрнекте a_j- A матрицасының бағанасы болады.

Егерде a_j бір - бірімен сызықтық байланыста болмаса, онда $r<=m$ - A матрицасының рангы, және шешім базистық анықталған керек шешім болады (($m-r$) нөлге тең базистық айнымалылар).

Егерде $a_1, a_2, ...,a_r$ - сызықтық байланыста болса, онда

$$\sum_{j=1}^{r} \alpha_j a_j = 0 \qquad \text{(I.1.14)}$$

мұнда, барлық α_j нөлге тең емес немесе теріс мәнді (керек жағдайда бұл теңсіздікті (-1) көбейте аламыз).

$\alpha_k>0$ деп есептейік

$$a_k = \sum_{j=1}^{r} \frac{\alpha_j a_j}{\alpha_k} \qquad \text{(I.1.15)}$$

онда

$$\sum_{j=k}^{r} \left(x_j - \frac{\alpha_j x_k}{\alpha_k} \right) a_j = b$$

Егерде **k** келесідей істеп тағайындасақ

$$\frac{x_k}{\alpha_k} = \min\ (\frac{x_j}{\alpha_j};\quad \alpha_j > 0)$$

Онда жаңа мәндер

$$X_j = x_j - \alpha_j \cdot \left(\frac{x_k}{\alpha_k} \right), \ (j=1,2,...,r\ (j\#k)),$$

$$X_j=0, \quad j=k,\ r+1,\ ...,n) \qquad (I.1.16)$$

теріс емес болады, және сызықтан бұл шешім анықталған керекті шешім болғаны. Бұл шешімде кем дегенде ***(r-1)*** айнымалымыз нақты оң мәнді болғаны. Сондықтан, нақты оң мәнді айнымалылар саны бірге кеміп бір айнымалылыға кемиді. Осындай талқылау көз қарасты сөйтіп жалғастырып түбінде $r<=m$ жағдайына келіп тірелеміз, яғни базистық анықталған керекті шешімді табамыз.

Анықтама 2. Анықталған керекті облысымыз дөңгейлік нүктелер жиынынан құралады. Егерде x және y нүктелері анықталған керекті облыстың ішінде орналасса, яғни $Ax=b,\ Ay=b$ және $x\geq0,\ y\geq0$ онда, егерде

$w=\theta x+(1-\theta)y$, мұндағы $0 \leq \theta \leq 1$ яғни $w \geq 0$

Сондықтан

$$Aw=A\ \theta(x+(1-\theta)y)=\theta Ax+(1-\theta)Ay=\theta b+(1-\theta)b=b$$

Сөйтіп w нүктесіде анықталған керекті облыстың ішінде болатынын анықтадық, яғни анықталған керекті областың дөңгейлік нүктелер жиыны екенін анықтап көрсетіп дәлелдедік.

Анықтама 3. Базистық анықталған керекті шешімдер дөңгейлік нүктелер жиындысының шыңдарында орналасады.

$$x^0 = \begin{pmatrix} x_1 \\ x_2 \\ \cdot \\ x_m \\ 0 \\ 0 \\ \cdot \\ 0 \end{pmatrix}$$ - базистық анықталған керекті шешім деп есептесек

Онда, x^0 $Ax=b$ теңдеулер системасының жаңғыз шешімі болады, мұндағы $x\geq0$, және ***(n -m)*** соңғы x векторының координаттары нөлге тең болады.

Егерде, x^0 нүктелер жиынының шыңы болмаса, онда, өзге u және v екі нүктесін табуымызға болады. Олар үшін $x^0=\theta u+(1-\theta)v$ және $0<\theta<1$, және $Au=b,\ Av=b,\ u,v\geq0.$

Сөйтіп, онда соңғы ***(n-m)*** координаттарын келесі түрде жазуға мүмкіншілік туғаны:

$\theta u_{m+1} +(1-\theta)v_{m+1}=0,$

…………………

$\theta u_n +(1-\theta)v_n=0,$

Біракта θ, $(1-\theta)$, u_j және $v_j\geq 0$ $(j=1,2, \ldots, n)$ теңдеулер системасының

$\theta u_j+(1-\theta)v_j=0, \quad (j=m+1, \ldots, n)$

теккана $u_j=v_j=0$ тең болғанда шешімі болады, мұндағы $j=m+1, \ldots, n.$

Сөйтіп, аңғарғанымыз, u,v-базистық керекті шешімдер, олардыңда нөлге тең координаттары x^0 -векторындағы нүктелердегі нөлге сәйкес болғаны. Сондықтан, x^0 -системаның жалғыз шешімі болғандықтан, $x^0=u=v$, бұл жаңағы тағайындаға u және v нүктелеріне қайшылас кері болғаны. Сондықтан, кез келген базистық анықталған керекті шешім нүктесі - жиынның шыңы болғаны.

Керісінше түсінікті дәлелдеуімізге болады, яғни жиынның шыңдарында базистық анықталған керекті бір нүктенің болатынын.

Егерде x^0-анықталған керекті облыстың шыңында орналасқан және x^0 векторының r координаты нақты оң мәнді деп есептесек. Енді осы r санының m санынан үлкен еместігін $(r<=m)$ көрсетейік, яғни x^0- базистық анықталған керекті нүкте екенін көрсетейік.

Мысалы $x_1^0, x_2^0, .., \ x_r^0$ $(r>m)$ нақты оң мәнді координаттар болсын. Осыған сәйкес $a_1, a_2, \ldots, a_r$ - A матрицасының бағаналары делік, енді осы векторлер бірі-бірімен сызықтық байланыста деп есептейік.

1-ші анықтамада дәлелдеудегі сияқты, барлық нөлге тең болмайтын a_j табайық, олар келесі теңдікке бағынады:

$$\sum_{j=1}^{r} \alpha_j a_j = 0$$

Мұнда жеңіл аңғаратынымыз, егерде $0 < \rho<\min \frac{x_j^0}{|a_j|}$ барлық $a_j\#0$ үшін онда векторлер.

$x_1=x^0+ \rho\ \alpha,\ x_2=x^0- \rho\ \alpha$

мұндағы

$$\alpha = \begin{pmatrix} \alpha_1 \\ \alpha_2 \\ \cdot \\ \alpha_r \\ 0 \\ 0 \\ \cdot \\ 0 \end{pmatrix}$$

$x_1\geq 0,\ x_2\geq 0$ шарттарын қанағаттандыруы қажет.Неге десеңіз $A\alpha=0$, онда

$Ax_1=A(x^0+ \rho\ \alpha)=Ax^0+ \rho\ A\ \alpha =b.$

Осыған ұқсас $Ax_2=b.$

Сөйтіп, x_1 және x_2 - анықталған керекті шешімдер болғаны және $x=(1/2)(x_1+x_2)$. Сондықтан x^0- шыңдағы нүкте емес, ол сондай болған жағдай біздің x^0 тағайындауымызға қайшылас болғаны, сондықтан $r<=m$ үлкен емес.

Егерде n - айнымалыға шектелу m шарты берілген жағдайда, онда ең көп дегенде $\binom{n}{m}$ базистық анықталған керекті шешімнің (немесе шыңдардың) болғаны және олар осы дөңгейлік қабықтың анықталған керекті облысын көрсетіп тағайындағаны.

Анықтама 4. Егерде бағытталған функцияның минимумы болған жағдайда, онда кем дегенде бір оптималдық шешімнің базистық болғаны.

Егерде, базистық анықталған керекті шешімге $p_1, p_2, \ldots, p_k$ векторлерінің $P_1, P_2, \ldots, P_k$ нүктелері сәйкес болса және бұл нүктелерде бағытталған функция келесі мәндерге $z_1, z_2, \ldots, z_k$ тең болса.

Егерде $z=c_1x_1+c_2x_2+\ldots+c_nx_n=C^Tx$, онда

$z=c^Tp_i$ $(i = 1,2,\ldots,k$ үшін).

Кез келген анықталған облыстағы басқа нүктеге:

$$x=\theta_1p_1+\theta_2p_2+\ldots+\theta_kp_k, \text{ мұнда } \theta_i\theta 0,\ \sum_{i=1}^{k}\theta_i=1$$

және осы нүктедегі функциясының Z мәні

$$z=c^Tx=\theta_1c^Tp_1+\theta_2c^Tp_2+\ldots+\theta_kc^Tp_k=$$
$$=\theta_1z_1+\theta_2z_2+\ldots+\theta_kz_k.$$

Сөйтіп, доңгейлік қабықтағы функцияның минимумы орналасқан шыңдардағы нүктелердің $P_1, P_2, \ldots, P_k$ арасынан x нүктесін табу $\theta_i\geq 0$ сандарын іздеп есептеп шығару есебіне келіп тіреледі. Ол сандар $\sum_{i=1}^{k}\theta_i=1$ шартқа бағынуы қажет және z функциясының минимумыне жеткізуі қажет.

$z_1, z_2, \ldots, z_k$ мәндерінің ішінде ең кіші мәні болуы керек. (Бірақ ондай мән бір нешеу болуы мүмкін). Мысалы z_j мәні сондай болсын, яғни $z_j<=z_i$, $i=1,2, \ldots, k$ үшін.

$z_1, z_2, \ldots, z_k$ сандарын өлшенген ортақ сан ретінде $\sum\theta_i z_i$ саны болады. Олардың салмағы $\theta_1, \theta_2, \ldots, \theta_k$ максималды болу үшін, $\theta_j=1$ және $\theta_i=0, (i \# j)$ тең болуы қажет .

Сөйтіп z функциясының максимумы P_j шыңында орналасады.

Бұл көрсетілген нәтижелер арқылы түсінетініміз: анықталған керекті областа оптималдық шешім іздегенімізде тек қана базистық анықталған керекті шешімдердің арасында ғана іздеп шектелуімізге болатыны. Келесі бөлімдегі қарастырылатын ***симплекс*** - әдісі осындай іздеу процедурасына арналған және осындай базистық шешімдердің арасынан оптималды шешім табу процедурасына арналған.

§ I.1.6. Жаттығулар.

1. Екі ***A*** және ***B*** затын өндіретін фирманың заттарына сұраныс шектелмеген. Әр зат ***I, II, III*** машиналар арқылы өңделетін болсын. ***A*** және ***B*** заттарының өңдеуіне машиналардың қажетті өңдейтін сағат уақыттары төменде келтірілген:

	I	***II***	***III***
A	***0,5***	***0,4***	***0,2***
B	***0,25***	***0,3***	***,4***

Бір аптада ***I, II, III*** машиналардың жұмыс істеу уақыттарының нормасы ***40, 36*** және ***36*** сағат. ***A*** және ***B*** заттарын өткізгеннен кейін фирма түсетін пайда ***5*** және ***3*** доллар болсын. Осы пайданы максималды табу үшін, фирманың аптасына өндіретін заттардың нормасын табу қажет болсын. Осы есепті өрнектеп сызықтық программалау есебіне келтіріп және оны есептеп шығарыңыз.

2. $w=x_1+2x_2$ минимумын табыңыз, егерде шектелу шарттары

$x_1\geq 0,\ \ x_2\geq 0$

$-x_1+3x_2<=10,$

$x_1+x_2<=6,$

$x_1-x_2<=3,$

$x_1+4x_2\geq 4.$

3. 2-ші жаттығудағы есепті стандарттық формаға келтіріңіз. Оның 15 базистық шешімі бар екенін және оның 5 анықталған керекті екенін көрсетіңіз.

4. $z= -2x_1-x_2$ функциясының минимумын шектелу

$x_1\geq 0,\ \ x_2\geq 0$

$x_1+x_2<=11,$

$x_1+x_2<=6,$

$x_1-x_2<=2,$

$2x_1-4x_2<=3$ шарттарында табыңыз.

5. $z= -3x_1-x_2$ функциясының минимумын табыңыз егерде шектелу шарттары:

$x_1\geq 0,\ \ x_2\geq 0$

$x_1+x_2 \geq 1,$

$x_1-x_2<=1,$

$2x_1+x_2<=3,$

$2x_1-(x_2<=6.$

келесі жағдайларға:

а) $\alpha = \beta =1;$ б) $\alpha =2, \beta = 2/3;$ в) $\alpha =6, \beta = -6.$

6. $z= -x_1-5x_2$ функциясының минимумын келесі шектелу

$x_1\geq 0,\ \ x_2\geq 0;\ \ x_1+x_2 \geq 6;\ \ 3x_1+4x_2<=12.$ шарттарында табыңыз.

7. $3x_1+6x_2+2x_3$ функциясының минимумын шектелу

$x_1, x_2, x_3 \geq 0$; $3x_1+4x_2+x_3<=2$; $x_1+3x_2+2x_3<=1$ шарттарында табыңыз. Осы үш өлшемді есептің анықталған облысы дөңгейлік көп бүйірлі фигура екенін және оптималдық шешім соның шыңдарында орналасатынын көрсетіңіз.

8. Фирмаға қажетті көмір құрамындағы фосфор ***0,03%*** артық болмауы қажет және күл аралас қосындылар көлемі ***3,25%*** аспауы қажет. Көмірдің үш сорты бар олардын (1тн.) бағысы келесі кестеде және көмірлердің құрамы:

Көмір сорты	***Құрамындағы фосфор***	***Құрамындағы күл аралас қосындылар %***	***1 тн. бағасы доллар***
A	***0,06***	***2,0***	***30***
B	***0,04***	***4,0***	***30***
C	***0,02***	***3,0***	***45***

Енді осы көмірлер сорттарын қандай қатынаста араластырғанда құрамындағы шектелу шарттарды бұзбай және ең кіші (минималды) бағада болатынын табайық? Осы есепті екі өлшемдегі кеңістікте график арқылы көрсетуге болатындығын көрсетіп және сөйтеп оның шешімін табыңыз?

9. Полды тазалайтын заттар (порошок) үш қасиетімен бағаланады: а) тазалау қасиеті, б) дезинфекция жасау қасиеті, в) адам терісіне әсер ету қасиеті. Осы қасиеттердің әр қайсысы сызықтық шкала арқылы ***0***-ден ***100***-ге дейін өлшеніп есептелетін болсын.

Осы пол жуатын затты дайындағанда (пайдалануға дайындағанда). Олардың кем дегенде ***60***-тық тазалау қасиеті және кем дегенде ***60***-тық қасиеті сызықтық шкала бойынша болуы керек. Және олардың адам терісіне әсер ету қасиеттері өте кіші минималды болуы керек.

Керекті жуатын зат төменгі кестеде көрсетілген үш түрлі жуып тазартатын қосындылардан құралып жасалуы қажет, олардың қасиеттері кестеде көрсетілген.

Жуып тазартатын зат түрі	**Жуып тазарту қасиеті**	**Дезинфекциялау қасиеті**	**Адамның терісіне әсер ету қасиеті**
A	**90**	**30**	**70**
B	**65**	**85**	**50**
C	**45**	**70**	**10**

Осындай оптималды араластырып, құрып жасалатын қосындысын табатын есепті сызықтық программалау есебіне келтіріп өрнектеп жазыңыз. Осы есепті графикалық түрінде, екі өлшемді кеңістікте көрсетіп, және оның шешімін табыңыз.

10. Екі ***A*** және ***B*** түрлі заттарын өндіретін фирма бар делік. Олардың бір бумасының бағасы ***A*** -8 цент және ***B*** -15 цент болсын. Ол заттарды сатып таратуға еш шектелу болмасын делік. ***A*** заты - 1 машинада өңделсін, ***B***

заты - 2-ші машинада өңделсін. Сосын бұл заттар фабрикада буылып, дайындалып дайын заттар ретінде шығарылсын.



1 кг шикі зат бағасы 6 цент; 1-ші машина 1 сағатта 5000 кг шикі зат өңдейді, оның 10% отходқа (бырақққа) кетеді; 2-ші машина 1 сағатына 4000 кг зат өңдейді, оның 20% жойылып пайдаға аспайды. 1-ші машина күніне 6 сағат жұмыс істей алады, оны 1 сағат пайдаланудың бағасы 288 доллар. 2-ші машина 1 күніне 5 сағат жұмыс істей алады, оны 1 сағат пайдаланудың бағасы 336 доллар. ***A*** затының бір бумасының салмағы - 1/4 кг, ал ***B*** затының бумасының салмағы - 1/3 кг. Фабрика күніне 10 сағат жұмыс істей алады, сағатына 360 долларға бағаланатын заттарды өңдіріп. 1 сағат уақытта ***A*** затының 12000 бумасын дайындап жасауымызға болады және ***B*** затының - 8000 бумасын дайындап жасауымызға болады. Компания мақсаты ***A*** және В заттарына қажетті x_1 және x_2 шикі зат мөлшерін табу (мың килограмм мөлщерінде), осы мөлшердеде күндік пайдалық максимумы болуы қажет.

Осы есепті сызықтық программалау есебіне келтіріп өрнектеп және оның оптималдық шешімін графикалық түрде табыңыз?

11. 1.2 тақырыбындағы екі өлшемді есептерді стандарттық қалыпына келтіріп, оның барлық базистық шешімдерін тауып және анықталған керекті базистық шешімдер анықталған облыстың шыңдарына сәйкес екендігін көрсетіңіз.

12. Бір аймақтағы екі ***A*** және ***B*** пунктіне қосымша көлік қажет болсын деп есептелік. ***A*** пунктіне қосымша 5 автобус, ал ***B*** пунктіне - 7 автобус керек делік. G_1, G_2 және G_3 гараждарында 3, 4 және 5 автобус бар екендігі белгілі болсын.

Гараждардан ***A*** және ***B*** пункітеріне дейінгі аралықтарындағы қашықтық кестеде көрсетілген:

Гараж	Пунктерге дейінгі қашықтық	
	A	***B***
G_1	3	4
G_2	1	3
G_3	4	2

Автобустардың жүру қашықтықтарының қосындысының минимумы болатындайғып автобустарды ***A*** және ***B*** пункіттеріне таратып тағайындау есебін шығарыңыз.

13. Компания жуынатын комнаталарға арналған ілетін ***A*** және ***B*** полкаларын өндіретін болсын. Аптасына сатушылардың айтуы бойынша ***550*** полка сатылып өтеді делік.

A түрлі полка үшін - 2м^2 материал, ал ***B*** түрлі полка үшін - 3м^2 материал қажет екендігі белгілі болсын. Аптасына компанияға 1200м^2 материал бөлінеді делік. ***A*** типты полкасының бір данасын дайындау үшін 12мин, ал ***B*** типты полкасына - 30мин өңдейтін машина уақыты қажет екені белгілі. Аптасына өңдейтін машина 160 сағат жұмыс істей алады делік. Егерде ***A*** типты полкасының бір данасын сатқанда түсетін пайда ***3***доллар, а В типты полкасының - ***4***доллар деп есептесек. Апталық түстіп пайданың максимумы болатындай қылып, аптасына полкалардың әр түрінен нешеден компанияғы өндіру тиімді екенін шешіңіз?

14. Автомобиль көлігін шығаратын завод екі түрлі "Каприз" және (*арзанырақ*) "Фиаско" көліктерін шығарады. Заводта жоғары мамандығы бар 800 адам және жоғарғы мамандығы жоқ 1000 адам қызмет істейді, олардың әрқайсысына аптасына 40 сағат жұмысы жолақыландырылады. "Каприз" түрлі көліктің бір данасын шығару үшін 50 сағат мамандырылған жұмысшының жұмысы және 30 сағат мамандырылмаған жұмысшының жұмысы қажет; "Фиаско" үшін 20 сағат мамандырылған жұмысшының жұмысы және 40 сағас мамандырылмаған жұмысшының жұмысы қажет. "Фиаско" моделінің әр данасы шикі зат және жинақтау заттары үшін 500 долларды, ал "Каприз" моделінің әр данасы 1500 долларды қажет етеді. Қосымша шығын аптасына 900000 доллардан аспауы қажет. Көлікті жеткізуші жұмысшылар аптасына бес күн жұмысістеп және күн сайын заводтан 210 дана машинадан артық жеткізе алалмайды.

"Каприз" моделінің әр данасы фирмаға 1000 доллар пайда келтірсе, ал "Фиаско" моделінің данасы 500 доллар пайда келтірсе. Сіз әр модельден қанша данасын игеріп шығаруға ұсынасыз? Фирманың пайдасын ұлғайту үшін не ұсынасыз?

15. Фирманың заводтары Лидс және Кардифф қалаларында орналасқан деп есептесек. Олардан товарлар Манчестер, Бирмингем және Лондон қалаларындағы складқа жеткізілетін болса. Қалалар арасындағы қашықтық кестеде келтірілген (*қашықтық он мильге дейін дөңгеленіп жобамен алынған*).

	Манчестер	**Бирмингем**	**Лондон**
Лидс	**40**	**110**	**190**
Кардифф	**170**	**100**	**150**

а) Лидс қаласындағы завод жылына 800тонн товар өндіретін болса, ал Кардифф қаласындағы -500тонн. Манчестер қаласындағы складтың сиымы 400тонна, Бирмингем қаласындағы -600тонна, ал Лондондағы -300тонна болса. Товарды тасымалдауды қалай жасаған тиімді, тасымалдау бағасы минималды болуы үшін?

б) Егерде Лондон - Кардифф аралығындағы жолды жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатса, ол тасымалдау бағаны екі есе көбейтетін болса. Сіз тасымалдау тізбесін қалай өзгертіп қарастырасыз?

2 - тарау.
Симплекс - әдісі.
§ І.2.1. Бастапқы базистық анықталған керекті шешім белгілі жағдайдағы симплекс - әдісі.

І.1.2 тақырыбындағы графикалық әдіс екі өлшемді есептерге ыңғайлы. Ол әдісті үштен үлкен өлшемі бар есептерге қолдануға болмайды. Аңғарып ескеретініміз барлық есептер үшін, оптималды шешім базистық анықталған керекті шешімдердің арасынан іздеуіміз қажет. Г. Данциг ұсынған тәсілі арқылы құрастырылған симплекс - әдісі негізінде алгебралық формада көрсетілген есептеу процедурасы болып табылады. Ол жалпы сызықтық программалау есебінің стандарттық қалпына түсіндіріліп, пайдаланау бағытталған:

Сызықтық функцияның (форманың) минимумын табу

$c_1x_1+c_2x_2+ \dots +c_nx_n=c^Tx=z.$ (І.2.1)

шектелу шарттарында

$x_1, x_2, \dots, x_n \geq 0$, *яғни* $x \geq 0$ (І.2.2)

және $a_{11}x_1+a_{12}x_2+ \dots +a_{1n}x_n=b_1,$

$a_{21}x_1+a_{22}x_2+ \dots +a_{2n}x_n=b_2,$ (І.2.3)

…………………………………..

$a_{m1}x_1+a_{m2}x_2+ \dots +a_{mn}x_n=b_m$

яғни, $Ax=b; b>(0,$

шектелу шарттарын қанағаттандыратын базистық анықталған керекті шешімдері бар деп есептеп қарастырамыз.

Шектелу шарттарын қанағаттандыратын базистық шешімді табуымызға болады, егерде A матрицасының m бағанасын іздеп анықтап табқанда, ол B $(m*n)$ сингулярлы емес матрицасын құраса. Егерде, осы бағаналарға m $-x_1, x_2, \dots, x_m$ айнымалылар сәйкес болса, онда шектелу шартын келесі түрде жазуымызға болады (b және қалған x арқылы).

$x_1+ \dots +a'_{1m+1}x_{m+1}+ a'_{1m+2}x_{m+2}+ \dots + a'_{1n}x_n=b'_1.$

$x_2+ \dots +a'_{2m+1}x_{m+1}+ a'_{2m+2}x_{m+2}+ \dots + a'_{2n}x_n=b'_2.$ (І.2.4)

……………………………………………………...

$x_m+ \dots +a'_{mm+1}x_{m+1}+ a'_{mm+2}x_{m+2}+\dots + a'_{mn}x_n=b'_m.$

Егерде шектелу (І.2.4) системасын $c_1,c_2, \dots, c_m$ көбейтіп және Z мәнінен алып тастасақ, онда $x_1,x_2, \dots, x_m$ айнымалылары Z өрнегінен жойылып, біз келесі өрнекті табамыз:

$c'_{m+1}x_{m+1}+c'_{m+2}x_{m+2}+\dots +c_nx_n=z-z_0$ (І.2.5)

мұндағы, $z_0 = \sum_{i=1}^{m} c_i b'_i$.

Әр түрлі алгебралық формада болсада, (I.2.4) және (I.2.3) теңдеулері бірдей шектелу шарттарын білдіреді, ал (I.2.5) және (I.2.1) бір ғана бағытталған функцияны көрсетеді. (I.2.4) және (I.2.5) теңдеулері $x_1, x_2, \ldots, x_m$ базисы үшін ыңғайланған қалпы болып табылады. Егерде $x_{m+1}, x_{m+2}, \ldots, x_n$ нөлге тең деп қарастырсақ, онда келесі қатынастар

$x_1=b_1', x_2=b_2', \ldots, x_m=b_m', x_{m+1}=0, \ldots, x_n=0$

базистық шешімді анықтағаны. Егерде барлық $b_i' \geq 0$, бұл шешім анықталған керекті шешім болғаны. Осындай шешімдер арасынан оптималды шешімді табу қажет. Симплекс әдісі осындай ыңғайланған қалыптан басқа ыңғайланған қалыпқа көшудің жүйеленген процедурасын қамтамасыз етеді. Бір ыңғайланған қалыптан басқасына көшкенде бағатталған функция мәні кішірейіп отырады.

Егерде A матрицасын келесі түрде бөлүге мүмкіншілік болса:

$A = (BR),$

мұндағы, B- диагоналындағы $x_1, x_2, \ldots, x_n$ коэффициенті бар матрица, ал R- $m*(n-m)$ өлшеміндегі матрица (A матрицасының қалғаны).

(I.2.3) теңдеуін B^{-1} матрицасына көбейткеніміз (I.2.4) теңдеуіне әкеп соғады. Базистық анықталған керекті шешім үшін B^{-1} матрицасы болуы қажет.

(I.2.3) теңдеулер системасы үшін келесі қатынастан

$(BR)X = b$ (I.2.6)

қатынасты болуымызға болады

$B^{-1}(BR)X = B^{-1}b$

яғни, $I_m(B^{-1}R)X=b'$ (бұл - (I.2.4) теңдеуі) (I.2.7)

сондықтан, $b = B^{-1}b$ және (I.2.8)

$a'_j=B^{-1}a_j$ кез келген j бағанасы үшін (I.2.9)

және тағыда орынды

$$c'_j=c_j-\sum_{i=1}^{m} c_i a'_{ij},$$

$$c'_j=c_j-c_B^T a'_j=c_j-c_B^T B^{-1} a_j, \qquad \text{(I.2.10)}$$

мұндағы, $c_B^T=(c_1, c_2, \ldots, c_m)$- жол-векторы z функциясының анықталған түріндегі базистық айнымалыларының коэффициенті (I.2.1 теңдеуін қараңыз).

Базистық анықталған керектік шешімдерді табу үшін бұл әдіс өте қолайсыз. Кейді базистық анықталған керекті шешім түсінікті, мысалы I.1.1 тақырыбындағы 1-ші мысалды симплекс - әдісін көрсету үшін қарастырайық. Ол есеп графикалық түрде шығарылған.

<u>1 мысал.</u> $z= -2x_1-4x_2$ функция минимумын шектелу $x_1 \geq 0$, $x_2 \geq 0$,

$3x_1+4x_2<=1700$

$2x_1+5x_2<=1600$

шарттарында табайық?

Стандарттық қалыпта, қосымша оң мәнді (теріс емес) x_3 және x_4 айнымалыларын белгілеп шектелу шарттарын және бағытталған функцияны келесі түрде жазайық:

$$3x_1+4x_2+x_3=1700$$
$$2x_1+5x_2+x_4=1600 \qquad (I.2.11)$$
$$-2x_1-4x_2=z$$

Бұл жағдайда b коэффициенттері оң мәнді болғандығынан, ал жаңа айнымалылар коэффициенттері $+1$ тең болғандығынан, ұғатынымыз $x_1=x_2=0$, $x_3=1700$, $x_4=1600$ алғашқы (фундаменталды) базистық шешімді құратындығы.

(I.2.11) теңдеуіміз келесі көріністі білдіреді. z функциясының мәні нөл санына тең болып, базистық емес айнымалылар x_1 және x_2 арқылы өрнектелген, олардың мәні нөлге тең. Бұл жағдайда z функциясының мәнін қалай кішірейтуге болады екен?

x_1 және x_2 айнымалылары оң мәнді (теріс мәнді емес) болғандығынан, олардың өзгеруі тек қана көбейу жағына қарай өседі. z функциясының ыңғайланған қалпында осы x_1 және x_2 айнымалыларының коэффициенттері теріс мәнді болғандықтан, олардың өзгеруі z функциясының мәнін кішірейуге әкеп соғады.

Екі айнымалының мәнін бірден көбейтудің орнына, біреуін ғана таңалап алып ұлғайтайық. z функциясындағы x_2 айнымалысындағы коэффициентің модулі үлкен сан болғандықтан, сол x_2 айнымалысын таңалап алайық.

x_2 айнымалысының мәнін ұлғайтуымыз x_3 және x_4 мәндерін өзгертеді, неге десеңіз (I.2.11) теңдеулердегі шарттар бұзылмауы қажет, және барлық айнымалылар оң мәнді болып қалуы қажет. Сөйтіп x_2 мәнін ұлғайтудың шектелген шарты болғаны.

Неге десеңіз $x_2=1700/4=425$ деп алған жағдайда $3x_2+4x_2+x_3=1700$ теңдеуіміз 0-ге тең болады. Ал $x_2=1600/5=320$ тең деп алғанда $2x_1+5x_2+x_4=1600$ теңдеуіміз 0-ге тең болады.

Сөйтіп біз x_2-нің мәнін 320 артырмай ғана ұлғайта аламыз (осы алғашқы мәндердің кішісі). x_4 айнымалысының оң мәнділік (теріс еместік) шартын бұзбай.

Шектелудің екінші шартын келесі түрде жазуымызға болады.

$$2/5x_1 + x_2 + 1/5x_4 = 320$$

Егерде, осы теңдеуді 4-ке көбейтіп (I.2.11) теңдеулерінің біріншісінен алып (минус қылып) тастасақ (4-теңдеудегі x_2 айнымалысының коэффициенті), ал сосын осы теңдеуді тағыда (-4)-ке көбейтіп (I.2.11) теңдеулерінің үшіншісінен, яғни бағытталған z функция өрнегінен алып тастасақ. x_2 айнымалысынан екінші шарттан бастап (екінші теңдеуден басқа) теңдеулердегі өрнектерден құтыламыз. Екінші теңдеудегі x_2 айнымалысының коэффициенты +1 тең болады.

Шектелу шарттары және бағытталған функция теңдеуі келесі түрде жазылады

$$7/5\,x_1 \qquad + x_3-4/5x_4=420,$$
$$2/5x_2+x_2 \qquad +1/5x_4=320, \qquad (I.2.12)$$
$$-2/3x_1 \qquad +4/5x_4=z+1280$$

Базистық анықталған керекті шешімнің x_2,x_3 базисы үшін жазылған ыңғайланған қалып болып табылады.

x_1 және x_4 айнымалыларымыз базистық емес айнымалылар болды. Енді z функциясының мәнін кішірейту үшін тек қана x_1 айнымалысының мәнін ұлғайтуымызға болады.

x_2 және x_3 айнымалылары оң мәнді (теріс мәнді емес) болып қалуы үшін x_1 айнымалысының мәнін нешеге ұлғайтуымызға болады?

$x_2=\frac{420}{7/5}=300$ тең болғанда $7/5x_1+x_3 \; -4/5x_4=420$ теңдеуіміз нөлге тең болады.

Ал $x_1=\frac{320}{2/5}=800$ тең болғанда екінші $2/5x_1+x_2+1/5x_4=320$ теңдеуміз нөлге тең болады.

Сөйтіп аңғаратынымыз x_1 айнымалысының мәнін ***300***-ден артық ұлғайтуымызға болмайтындығы (осы мәндердің ең кіші (минималды) мәні).

Шектелу шартының бірінші теңдеуін ***7/5*** бөлгеннен кейін (x_1 айнымалысының коэффициенті) келесі түрде жазылады

$x_1+5/7x_3-4/7x_4=300.$

-Z	0.00	1.00	1.00	0.00	0.00	0.00

ВЕДУЩИЙ ЭЛЕМЕНТ НАХОДИТСЯ В СТРОКЕ 2 СТОЛБЦА 1

ИТЕРАЦИЯ 1

БАЗИС	ЗНАЧЕНИЕ	X 1	X 2	X 3	X 4	X 5
3	-3.00	0.00	-1.50	1.00	-0.50	0.00
1	3.00	1.00	0.50	0.00	-0.50	0.00
5	35.00	0.00	4.50	0.00	3.50	1.00
-Z	-3.00	0.00	0.50	0.00	0.50	0.00

ВЕДУЩИЙ ЭЛЕМЕНТ НАХОДИТСЯ В СТРОКЕ 1 СТОЛБЦА 2

ИТЕРАЦИЯ 2

БАЗИС	ЗНАЧЕНИЕ	X 1	X 2	X 3	X 4	X 5
2	2.00	0.00	1.00	-0.67	0.33	0.00
1	2.00	1.00	0.00	0.33	-0.67	0.00
5	26.00	0.00	0.00	3.00	2.00	1.00
-Z	-4.00	0.00	0.00	0.33	0.33	0.00

ОКОНЧАТЕЛЬНОЕ РЕШЕНИЕ

ОГРАНИЧЕНИЕ	БАЗИС	ЗНАЧЕНИЕ
1	1	2.0000
2	1	2.0000
3	5	26.0000

МИНИМУМ ФУНКЦИИ Z РАВЕН 4

БАЗИС	ЗНАЧЕНИЕ	X 1	X 2	X 3	X 4	X 5
2	2.00	0.00	1.00	-0.67	0.33	0.00
1	2.00	1.00	0.00	0.33	-0.67	0.00
5	26.00	0.00	0.00	3.00	2.00	1.00
-Z	-4.00	0.00	0.00	0.33	0.33	0.00

§ I.4.4 Жаттығулар.

1. Өндіріс екі түрлі зат шығарады делік: ***P*** затының 1 тоннасын 2000 доллардан, және ***Q*** затының 1 тоннасын 1000 доллардан сататын болсын. Заттарды екі түрлі шикі заттан өндіруге мүмкіншілік бар делік: ***A*** шикі затының 1 тоннасының құны 600 доллар және ***B*** шикі затының 1 тоннасының құны 900 доллар болсын. ***A*** шикі затының 100 тоннасынан 30 тонна ***P*** және 50 тонна ***Q*** заттары өнделетін болсын, ал ***B*** шикі затының 100 тоннасынан 60 тонна ***P*** және 10 тонна ***Q*** заттары өндірілетін болсын. Егерде өндіріс ***x*** тонна ***A*** және ***y*** тонна ***B*** затын пайдаланатын болса, онда өндірген заттарын сатқаннан түсетін пайда келесі өрнек болатынын дәлелдеңіз.

(500x+400y)

Жылына өндіріс фабрикасы 10000 тоннаға дейін шикі заттарды өңдейалатын болсын.

Шикі заттар мен қамтамасыз ететін компаниялар жылына 6000 тонна ***A*** затын және 8000 тонна ***B*** заттарын жеткізеалатын болсын.

Өндіретін фабрика жылына 5000 тонна ***P*** затын және 3200 тонна ***Q*** затын сатаалатын мүмкіншілігі бар делік.

а) Сатқаннан түсетін пайда максималды болу үшін қанша ***A*** және ***B*** шикі заттарына заказ беруіміз керек екенін табыңыз және осы пайда 4500000 долларға тең болатындығын дәлелдеңіз.

Шикі затпен қамтамасыз ететін компаниялар оның бағасын көтерумен қорқытады делік.

б) Оның бағаларын нешеге дейін көтеруге болатындығын (өндіріс заказын өзгертпейтіндей жағдайға дейін) анықтаңыз?

2. Келесі шектелу шарттарын қанағаттандыратын

$$-x_1+10x_2+x_3 \quad =40,$$
$$x_1+x_2+ \quad\quad x_4=20,$$

және $f=10x_1-111x_2$ функциясының минимумын жеткізетін x_i мәндерін табыңыз?

Қосымша шектелу шарты $x_3+x_4\geq 5$ қажет болған жағдайда, ұлғайған есепті шешу үшін, қосақталған симплекс әдісін қолданыңыз, алғашқы есептің оптималды шешімін пайдаланып.

3. $x_j\geq 0$ үшін келесі шектелу шарттарында

$$\sum_{j=1}^{n} a_{ij}x_j \geq в_j, \quad i=1,2,...,m$$

$$\min Z=\sum_{j=1}^{n} c_j x_j \quad \text{табамыз?}$$

Және де (шектелу шарттарына қосымша айнымалыларды енгізгеннен кейін) оптималды шешіммен байланысты π_i - симплек көбейтінділердің, келес шартты қанағаттандыратынын көрсетіңіз:

а) $c_j+\sum_{j=1}^{m} a_{ij}\pi_i \geq 0, \quad j=1,2,...,n;$

б) $-\pi_i \geq 0, \quad i=1,2,...,m.$

Ескерту π_i $-Z$ функциясының оптималды шешіміндегі x_{n+i} айнымалысының коэффициенті шартын қанағаттандыру жағдай, тек қана, егерде келесі қатынас $\partial(Z_{opt})/\partial в=-\pi_i$ болғанда болатынын тексеріңіз.

4. Фабрика негізінде үш түрлі товар өндіретін болсын. I-ші түрлі товардың бір данасын өндіру үшін 3(үш) дана ***A*** шикі заты және 1(бір) дана ***B*** шикі заты қажет болсын, ол товарды сатқаннан түсетін пайда 3(үш) бірлік бағасы түсетін болсын. II-ші түрлі товарға 4(төрт) дана ***A*** шикі заты және 3(үш) дана ***B*** шикі заты қажет болсын, ол товарды сатқаннан түсетін пайда 6(алты) бірлік бағасы болсын. III-ші түрлі товардың бір данасын өндіру үшін 1(бір) дана ***A*** шикі заты және 2(екі) дана ***B*** шикі заты қажет болсын, ол товардан түсетін пайда 2(екі) бірлік бағасы болсын. Егерде 20(жиырма) бірлік ***A*** шикі заты және 10(он) бірлік ***B*** шикі заты берілген болса өндіріске тиімді оптималды планды табыңыз?

Егерде тағыда 1(бір) бірлік ***A*** шикі затына (немесе ***B*** щикі затына қолымыз жетіп алатындай мүмкіншілік болса, онда оған ең үлкен қандай баға беруімізге болатындығын анықтаңыз.

5. ***A, B, C*** жасанды заттарынан түсетін пайда 3, 4, 5 бірлік бағаларына сәйкес болсын. Әр жасанды затты шығару үшін I және II станоктарын пайдаланатын уақыт қажет болсын және де оларды күніне I-шіні 12 сағат және II-шіні 15 сағат пайдалануымызға мүмкіншілік бар делік:

	A	**B**	**C**
I	3	2	3
II	4	1	2

Заттарды өндіріп шығару оптималдық планын табыңыз?

I-ші (немесе II-ші) станоктарын пайдалану сағаттарын қосып тағыда қарастырыңыз.

5. Фирма асхана қойылатын буфет шығарумен шұғылдансын. Үш түрлі буфет ***A, B, C*** өндіретін болсын. Оның әр қайсысына өндірістің әр стадиясында, әр түрлі адам жұмысын қажет ететіндігі белгілі болсын:

Өндіріс участоктері	**Қажетті жұмыс, адам-сағаты**		
	A	**B**	**C**
Тақтайды дайындау цехы	1	2	4
Жинау цехы	2	4	2
Өңдеу цехы	1	1	2

Тақтайды дайындау цехындағы жұмысты аптасына 360 адам-сағ. деп пландауға болады, жинау цехындағы жұмысты 520 адам-сағ. және өңдеу цехындағы жұмысты 220 адам-сағатына. Буфеттердің ***A, B, C*** әр қайсысының бір данасын сатқаннан түсетін пайда 9, 11 және 15 доллар делік. Өндіріске оптималды план құру есебін келесі өрнектермен жазып көрсетуімізге болатындығын көрсетіңіз.

$$\begin{aligned} x_1+2x_2+4x_3+x_4 \quad\quad &=360, \\ 2x_1+4x_2+2x_3 \quad +x_5 \quad &=520, \\ x_1+x_2+2x_3 \quad\quad +x_6 &=220, \end{aligned}$$

шектелу шарттарын қанағаттандыратын және де $w=9x_1+11x_2+15x_3$ функциясына максимумды жеткізеді $x_1 \geq 0$ мәндерін табу қажет екендігін. Әр айнымалының физикалық мазмұнын түсіндіріп және симплекс-әдісін қолданып оптималдық шешім

$$x_1=180,\ x_2=40,\ x_3=0$$

тең екендігін көрсетіңіз?

Тақтай дайындау цехындегі және жинау, өңдеу цехтеріндегі жұмыстың адам-сағатының артықшылығын тауып осы шешімді пайдаланып түсіндіріңіз.

Белгілі бір мейрамхана үйінің келісімі бойынша-аптасына кем дегенде 10 дана ***C*** типті буфет жасалуы қажет екенін қарастырып есепті қосымша шартпен толтырып қарап. Осы қосымша шарт есептің шешіміне қаншалықты әсер ететінін байқаңыз?

7. Университет аудиториясы және лабораториясы 500 студентті сидыруға бағытталған болсын. Университет өз мемлекетінен 4000 студентке дейін қабылдай алатын болсын, ал шет елден қабылданатын студенттердің саны шектелмеген болсын.

Университетте жұмыс істейтін ұстаздардың саны 440 адам делік. Осы мемлекеттің 12 студенті және шет елдің 10 студентін оқыту үшін 1(бір) ұстаз қажет делік.

Осы мемлекеттің 40% студенттерін және шет мемлекеттің 80% студенттерін университеттің 2800 орын бар аудиториясына сиатындай қылып орналастыруымыз қажет. Университет жылына өзінің мемлекетінің студенті үшін өкіметтен 2000 фунт стурлинг, ал шет мемлекет студентінен жылына 3000 фунт стерлинг ақы алатын болсын.

Университеттің мақсаты ең көп (максимум) ақы алу десек, онда өзінің мемлекетінен және шет мемлекетінен жылына неше студент қабылдауды пландау керек екендігін табыңыз? Максималды жылдық түсетін пайда 11850000 фунт стерлинг болатынын көрсетіңіз.

Университет қосымша ұстазды жалдайтын мүмкіншілігі бар делік, яғни оған бөлінген қаражат 10000 фунт стерлинг делік. Бұл пайдалы болама болмайма соны анықтаңыз?

8. Фирма өндірісінде төрт сортты заттарды өндіретін болсын.Өндіріс қолданылатын станоктардың пайдалану уақыты мен және жинақтауға қажетті заттардың санымен шектелген болсын.Тәулігіне станоктарды пайдалану уақыты □ 90 сағатпен шектелген, ал күніне жинақтау заттарының саны 80 аспауы қажет делік.

Өндіріс мінездемесі	**Заттардың сорты**			
	1	**2**	**3**	**4**
Станокты қолдану уақыты, сағ.	1	3	8	4
Жинақтау затының саны	2	2	1	3
Заттың бағасы, доллар	20	25	40	55
Сатқанда түсетін пайда, доллар	30	45	80	85

j заттың тәулігіне өндіретін саны x_j келесі есептің шешімі болады:

$z=-x_1-2x_2-4x_3-3x_4$ функциясының минимумын шектелу шарттарында табыңыз?

$$x_1+3x_2+8x_3+4x_4 \le 0,$$

$$2x_1+2x_2+x_3+3x_4 \le 80,$$

$$x_j \ge 0,\ j=1,2,3,4.$$

Осы есептің мазмұнын түсіндіріңіз?

Компьютерде есептеліп шығаратын оптималды шешімінің кестесін келтірелік.

Базис	Мәндері	x_1	x_2	x_3	x_4	x_5	x_6
x_1	10	1	-1/5	-4	.	-3/5	4/5
x_4	20	.	4/5	3	1	2/5	-1/5
-Z	70	.	1/5	1	.	3/5	1/5

1) Симплекс көбейтінділерін табыңыз.

2) Терістелген базисты табыңыз.

3) Фирма станоктардың жұмыс жасау уақытын тәулігіне 10 сағатқа дейін көбейтеалады, бұл әрекетті қосымша құралдарды жалдап іске асыруға болады, оның тәулігіне жалдайтын құны 40 доллар делік. Осы іс пайдалы ма? Егерде пайдалы болса, онда өндіріске жаңа план қажет пе? Соны анықтаңыз.

4) Өндірісте қажетті жинақтау шикі заттың бірінің бағасы жиі өзгеріп тұратын болсын. Мысалы: 1-ші және 3-ші заттарға қажетті шикі заттың қазіргі жағдайда 10 кг шикі заттың бағасы 80 доллар делік. 1-ші сорты заттың бір данасына $1\frac{1}{4}\textit{кг}$ шикі зат қажет делік, ал 3-ші сорты заттың бір данасына $2\frac{1}{2}\textit{кг}$ шикі зат қажет делік. Бұл шикі заттың бағасы жоғарыда келтірілген заттың бағасында ескерілген делік.

Бастапқы шешім өзгермейтіндей болуы үшін осы шикі заттың бағасы қандай аралықты өзгеруі мүмкін? Соны анықтаңыз?

5) Мысалы осы заттарды түсініп пайдаланушылардың жағдайынша байланысты 4-ші сорты заттың өндіруін 15 бірлігіне дейін қысқарту қажет болсын делік. Жаңа өндіріс планын құру үшін қосақталған симплекс-әдісін пайдаланыңыз?

9. $x_1\geq 0, x_2\geq 0$ табыңыз, келесі шектелу шартын бұзбай:

$x_1 + 3x_2 \geq 8,$

$3x_1 + 4x_2 \geq 19,$

$3x_1 + x_2 \geq 7.$

және $50x_1+25x_2$ функциясының минимумы болатындай қылып, жасанды айнымалыларды қолданбай табыңыз.

10. $x_1\geq 0, x_2\geq 0$ табыңыз, келесі шектелу шартын қанағаттандыратындай

$7x_1 + 8x_2 \geq 56,$

$x_1 + 2x_2 \leq 6.$

және $z=x_1+x_2$ функциясының минимумы орналасатындай қылып.

11. Сызықтық программалардың жалпы есебінде, егерде Δx_j ***және*** Δb_i байланысты қатынаста болса, онда келесі қатынас орынды болатынын көрсетіңіз. $\Delta Z = -\sum_{i=1}^{m}\pi_i \Delta в_i = \sum_{j=1}^{n} c_j \Delta x_j$

(өзгерістен кейінгі базисте - шектелу шартын бұзбайды, яғни керекті болады деп есептейміз)

12.Технология үрдісінің оптималды жағдайын іздеуде нәтиже беретін параметрлер ретінде x_1 қызуын (температурасын) және x_2 материалды беріп қамтамасыз ететін жылдамдығын қарастырсақ. Технологпен ақылдасып сұбхаттасуынан кейін. Сіз теоритик-консультант ретінде келесі сызықтық программалау есебін анықтап математикалық түрде жаздыңыз делік.

Шектелу шарттарын қанағаттандыратындай

$$x_1 + x_2 \le 6,$$
$$4x_1 + 11x_2 \le 44.$$

және $z= -2x_1 -5x_2$ функциясына минимумын жеткізетіндей қылып, теріс мәнді емес x_1, x_2 айнымалыларын іздеп табатын есеп делік.

Осы есепті симплекс әдісін қолданып шешімін табыңыз.

Табылған шешімді технологқа көрсетіп ақылдасқаннан кейін ол өзінің үлкен сенімсіздігін білдірді. Біраз сұбхаттасқаннан соң қосымша шектелу шартын енгізуге

$$x_1+2x_2 \le 8$$

анықтадыңыз делік.

Керекті есептеу әрекетін келтіріп көрсетіңіз. Қайткенде қосақталған симплекс-әдісінде алғашқы есептеу әрекетінің соңғы кестесін пайдаланып жаңа есептің шешімін табатынымызды анықтап келтіріңіз.

Ескерту:

Бұл оқулықта тасмалдау, тағаындау есептерін және де басқа симплекс әдістерін қарастырмаймыз.

4-тарау.

Сызықтық программалаудағы егізделген жағдай.

§ I.4.1 Тікелей және егізделген есептер.

Алынған нәтижелердің көбісін, егізделген деген ұғымды енгізіп, түсінгеніміз оңай болуы мүмкін. Біз кезкелген сызықтық программалау есебінің өзіне сәйкес басқа (егіз) есептің болатындығын көріп анықтаймыз. Егерде осы есептердің бір біріне байланысты қатынастарын ұқсас, осы есептердің біреуінің шешімін білген жағдайда, есептің екеуінінде шешімін тауып алуымызға болады.

Жаңа түсініктерді енгізейік.

Егерде есеп келесідей жазылған болса:

Оң мәнді $x_j \ge 0, (j=1,2, ...,n)$ келесі шектелу шартында табу қажет болса

$$\sum_{j=1}^{n} a_{ij} x_j \geq в_i \quad (i = 1,2,...,m) \qquad (I.4.1)$$

және ол нүктеде $\sum_{j=1}^{n} c_j x_j = Z$ функциясының максимумы орналасатындай қылып.

Осы есепке келесі егіз есеп сәйкес болады. Оң мәнді ***y_j* (0, (i=1,2, ...,n)** келесі шектелу шарттарында табу қажет.

$$\sum_{i=1}^{m} a_{ij} y_i \leq c_j \quad (j = 1,2,...,n) \qquad (I.4.2)$$

және ол нүктеде $\sum_{i=1}^{m} в_i y_i = w$ функциясының минимумы орналасуы қажет.

Негізінде біздер қойылған және оған сәйкес егізделген есептерді кездестірдік. Олар 2 тараудың 5, 6 жаттығулары және 6 тараудың 3, 4 жаттығулары.

Егерде қойылған есеп:

Оң мәнді $x_1 \geq 0, x_2 \geq 0$ келесі шектелу шарттарды табу болса

$$x_1 + 3x_2 \geq 8,$$
$$3x_1 + 4x_2 \geq 19,$$
$$x_1 + x_2 \geq 7.$$

және ол нүктеде $Z = 50x_1 + 25x_2$ функциясының минимумы орналасса.

Оған сәйкес егізделген есеп:

Оң мәнді $y_1 \geq 0, y_2 \geq 0, y_3 \geq 0$ келесі шектелу шарттарында табу болады

$$y_1 + 3y_2 + 3y_3 \leq 50,$$

$$3y_1 + 4y_2 + y_3 \leq 25.$$

және $18y_1 + 19y_2 + 7y_3 = w$ функциясының максимумы орналасуы қажет.

Қойылған есептің шектелу шарттарындағы теңсіздік ***(*** таңбада болса, ал егізделген есепте - ($\leq$) таңбада болады. Қойылған есептегі шектелу шарттардың саны егізделген есептегі айнымалылар санына сәйкес (тең) болады.

Егізделген есептегі бағытталған функция коэффициенттері қойылған есептің шектелу шарттарын оң жағындағы тұрақты сандарға тең болып табылады, жәнеде керісінше.

Қойылған есеп матрица түрінде келесідей болып жазылады:

шектелу шарттарында

$$AX \geq b \qquad (I.4.3)$$

және $C^TX = Z$ функциясының минимумы орналасатындай қылып $X \geq 0$ векторын табу қажет.

Егізделген есептің матрица түрі:

Шектелу шарттарында

$$A^Ty \leq c \qquad (I.4.4)$$

және $b^Ty = w$ функциясының максимумы орналасатындай қылып $y \geq 0$ векторын табу қажет.

Қойылған есепте айнымалылардың оң мәндері үшін, бағытталған функцияның минимумы үшін, шектелу шарттардың таңбасы *(* үшін (яғни сызықтық программалау есебінің стандартты формасы емес) қарастырсақта. Ол есептің жалпы түрінеде қолданылады. Кез келген сызықтық программалау есебін осындай түрге келтіруімізге болатынын көрсетейік.

1-Мысал.

Қойылған есепті стандарттық формаға келтірелік. Есеп: шектелу шарттарында

$$3x_1 + 4x_2 + x_3 \geq 7,$$
$$x_1 + 2x_2 + x_3 = 6,$$
$$x_3 \leq 4.$$

және $Z' = x_1 - 4x_2 - 3x_3$ функциясының максималды мәні орналасатындай қылып $x_1 \geq 0,\ x_2 \geq 0,\ x_3 \geq 0$ айнымалыларын табыңыз.

Осы есепті стандарттық формаға келтіріп соған сәйкес егізделген есепті жазып келтірейік. Z' функциясының максимумын іздеу мысалы $-Z' = Z$ функциясының минимумын іздеу мен бірдей болады.

Соңғы $x_3 \leq 4$ шектелу шартын (-1) көбейтіп $-x_3 \geq -4$ шектелу шартын өзгертіп жазып келтіріңіз.

Ал $x_1 + 2x_2 + x_3 = 6$ шектелу шарты екі шектелу шартын енгізгенмен бірдей болады

$$x_1 + 2x_2 + x_3 \geq 6,$$
$$x_1 + 2x_2 + x_3 \leq 6$$

яғни

$$x_1 + 2x_2 + x_3 \geq 6,$$
$$-x_1 - 2x_2 - x_3 \geq -6,$$

Сөйтіп есепті келесі түрде қойып жазуымызға болады:

Келесі шектелу шарттарын қанағаттандыратындай қылып

$$3x_1 + 4x_2 + x_3 \geq 7,$$
$$x_1 + 2x_2 + x_3 \geq 6,$$
$$-x_1 - 2x_2 - x_3 \geq -6,$$
$$-x_3 \geq -4.$$

және $z=-x_1+4x_2+3x_3$ функциясының минималды мәні орналасатындай қылып $x_1\geq 0,\ x_2\geq 0,\ x_3\geq 0$ мәндерін табу қажет? Бұл қойылған есептің стандартты формасы.

Осы есептің егізделген есебі келесі түрде жазылады:

Келесі шектелу шартын қанағаттандыратын қалып

$3y_1+y_2^{'}-y_2^{''}+0y_3\leq -1,$

$4y_1+2y_2^{'}-2y_2^{''}+0y_3\leq 4,$

$y_1+y_2^{'}-y_2^{''}-y_3\leq 3.$

және $w=7y_1+6y_2^{'}-6y_2^{''}-4y_3$ функциясының максимумы орналасатындай қылып $y_1\geq 0,\ y_2^{'}\geq 0,\ y_2^{''}\geq 0,\ y_3\geq 0$ оң мәндерін табыңыз? (осы айнымалылар мазмұнын түсінелік)

Бұл егізделген есептің стандартты түрі: шектелу шарттағы коэффициенттердің түрін аңғарсақ $y_2=y_2^{'}-y_2^{''}$ деп қабылдап, оны бір ғана айнымалы ретінде санап (айнымалыларды белгілеудің мазмұны да түсінігіде осы) есепті келесі түрде жазуымызға қайтадан болады:

Шектелу шарттарын қанағаттандыратындай

$3y_1+y_2\leq -1,$

$4y_1+2y_2\leq 4,$

$y_1+y_2-y_3\leq 3.$

және $w=7y_1+6y_2-4y_3$ функциясының максимумы орналасатындай қылып $y_1\geq 0$, y_2 (y_2 таңбасы белгісіз), $y_3\geq 0$ айнымалыларын табу болады.

2-Мысал.

Есептің егізделген есебін табыңыз?

Шектелу шарттарын қанағаттандыратын

$5x_1+3x_2\geq 10,$

$x_1-x_2\leq 4.$

және $Z=6x_1+10x_2$ функциясының минимумы орналасатындай қылып $x_1\geq 0$ және x_2 таңбасы анықталмаған айнымалыларды табу қажет делік.

Егерде біз $x_2=x_2^{'}-x_2^{''}$ деп белгілесек, мұнда $x_2^{'}$ және $x_2^{''}\geq 0$ оң мәнді десек, есепті стандартты формасына келтіріп жазуымызға болады, яғни: $x_1\geq 0,\quad x_2^{'}\geq 0\quad x_2^{''}\geq 0$ айнымалыларын келесі шектелу шарттарын бұзбайтындай қылып

$5x_1+3x_2^{'}-3x_2^{''}\geq 10,$

$-x_1+x_2^{'}-x_2^{''}\geq 4.$

және $Z=6x_1+10x_2^{'}-10x_2^{''}$ функциясының минимумы орналасатындай қылып табыңыз.

Енді егізделген есеп келесі түрде жазылады: $y_1\geq 0,\ y_2\geq 0$ оң мәнді айнымалыларын шектелу шарттарын қанағаттандыратындай қылып

$5y_1-y_2\leq 6,$

$3y_1+y_2\leq 10,$

$-3y_1-y_2\leq -10.$

және $w=10y_1-4y_2$ функциясының максималды мәні орналасатындай қылып табу қажет.

Егізделген есеп стандартты түрге келтіріледі. Біракта соңғы екі шектелу шарттарын

$\boldsymbol{3y_1 + y_2 \leq 10}$

$\boldsymbol{3y_1 + y_2 \geq 10}$

бір шарт ретінде көрсетіп, яғни егізделген есепті келесі қойылымда жазуымызға болады:

Оң мәнді $\boldsymbol{y_1 \geq 0,\ y_2 \geq 0}$ айнымалыларын шектелу шарттарын бұзбайтындай қылып

$\boldsymbol{5y_1 - y_2 \leq 6,}$

$\boldsymbol{3y_1 + y_2 = 10,}$

және $\boldsymbol{w=10y_1-4y_2}$ функциясының максимумы орналасатындай қылып табыңыз?

Сөйтіп, қарасты тақырыптың мысалдарынан байқайтынымыз есептің шектелу шарттарына егізделген есептің айнымалылары сәйкес болуын, ал есептің әр айнымалысына егізделген есептің шектелу шарттарының сәйкес болатындығын.

Егерде, шектелу шарттарындағы қатынас теңдік түрінде қойылған есепте жазылса, онда осы шартқа сәйкес айнымалы қосақталған есепте оның таңбасы (оң мәнде немесе сол мәнді екені) белгісіз болады. (1-мысал); егерде қойылған есептегі айнымалының таңбасы белгісіз болса, онда соған сәйкес шектелу шарт егізделген есепте теңдікпен көрсетіледі. (2-мысал).

§ I.4.2. Егізделгендіктің теоремасы.

1-теорема. Егізделген есепке егізделген есеб - қойылған есептің өзі болып анықталады. (7.4) теңдеуі арқылы егізделген есепті (қойылған есептің стандартты формасына) жазсақ келесі түрде болады:

мәні $\boldsymbol{y=0}$ тең шартты бұзбай

$\boldsymbol{-A^T y \geq -c}$

жәнеде $\boldsymbol{w'=-b^T y}$ функциясының минимумы орналасатындай қылып табыңыз. Осы есепке егізделген есеп келесі түрде болады:

Оң мәнді $\boldsymbol{x \geq 0}$ айнымалысын шартты қанағаттандыратындай

$\boldsymbol{-Ax \leq -b}$

және $\boldsymbol{Z'=-c^T x}$ функция максимумын жеткізетіндей қылып табыңыз.

Бұл есеп келесі есеппен бірдей:

Оң мәнді $\boldsymbol{x \geq 0}$ айнымалыларын шектелу шарттарын бұзбай

$\boldsymbol{Ax \geq b}$

және $\boldsymbol{Z=c^T x}$ функциясының минимумы орналасатындай қылып табу қажет, ал соңғы есеп қойылған есеп болып анықталады.

2-ші теорема.

Қойылған есептегі $\boldsymbol{Z}$ функциясының кезкелген керекті шешімінің мәні егізделген есептің $\boldsymbol{w}$ функциясының кезкелген керекті шешімінің мәнінен кем болмайды.

Егерде $\boldsymbol{X}$ және $\boldsymbol{Y}$ қойылған есептің және егізделген керекті шектелу шарттарын бұзбайтын шешімдері десек. Бағытталған функцилардың мәндеріде сәйкес жазылса:

$\boldsymbol{Z=c^TX}$ және $\boldsymbol{W=b^TY}$.

(I.4.3) теңдеуінен байқайтынымыз $\boldsymbol{AX\geq b}$.

$\boldsymbol{Y \geq 0}$ болғандықтан, жазуға болады.

$\boldsymbol{Y^TAx \geq Y^Tb = b^TY = W}$.

Арығарай (I.4.4) теңдеуінен $\boldsymbol{A^TY \leq c}$ және $\boldsymbol{X \geq 0}$ болғандықтан, жазамыз

$\boldsymbol{X^TA^TY \leq X^Tc= c^TX = Z}$

Келесі көбейтіндінің $\boldsymbol{X^TA^TY}$ **-** мәні сан болғандықтан, оны келесі көбейтінді қылып жазуымызға болады $\boldsymbol{Y^TAX,}$ сондықтан

$\boldsymbol{Z = c^TX \geq Y^TA^TX \geq b^TY = W}$.

яғни

$\boldsymbol{Z \geq W}$ (I.4.5)

Бұл нәтижеден ұғатынымыз, егерде $\boldsymbol{Z}$ функциясының мәні болған жағдайда, яғни оның мәні $\boldsymbol{W}$ функциясының керекті мәніне тең болса, осы сан $\boldsymbol{Z}$ функциясының минимумы жәнеде $\boldsymbol{W}$ функциясының максимумы болады. Ондай санның болу болмауын анықтап айталмаймыз.

3-ші теорема

Егерде қойылған есептің нақты шешімі болса $\boldsymbol{z=z_{min},}$ онда егізделген есептіңде шешімінің болғаны $\boldsymbol{w=w_{max}= z_{min}}$. Яғни есептің оптималды шешімі егізделген есептің оптималды шешімінің теріс таңбасымен алынған айнымалылар мәніне тең болады.

Егерде қойылған есептің шектелу шарттарына жаңа айнымалылар енгізілсе, есепті келесі түрде жазуға болады:

Оң мәнді $\boldsymbol{x_j \geq 0 \ (j=1,2,3, \ ..,n,n+1, \ ..,n+m)}$ айнымалыларды шектелу шарттарын қанағаттандыратындай етіп

$\boldsymbol{a_{11}x_1+a_{12}x_2+...+a_{1n}x_n -x_{n+1} \qquad =b_1,}$

$\boldsymbol{a_{21}x_1+a_{22}x_2+...+a_{2n}x_n \quad -x_{n+2} \qquad =b_2,}$

--,

$\boldsymbol{a_{m1}x_1+a_{m2}x_2+...+a_{mn}x_n \qquad -x_{n+m} \ =b_m.}$

және $\boldsymbol{z=c_1x_1+c_2x_2+ \ .. \ +c_nx_n}$ функциясының минимумы орналасатындай қылып табыңыз.

Егерде оптималды шешімнің симплекс көбейтінділері **-** $\boldsymbol{\pi_1,\pi_2,..., \pi_m}$ болса, онда оларды шектеу шарттарына көбейтіп және бағытталған $\boldsymbol{z}$ функциясының өрнегіне қоссақ келесі теңдеуді жазуымызға болады: (I.4.6)

$$x_1\left(C_1+\sum_{i=1}^{m}a_{i1}\pi_i\right)+x_2\left(C_2+\sum_{i=1}^{m}a_{i2}\pi_i\right)+...+x_n\left(C_n+\sum_{i=1}^{m}a_{in}\pi_i\right)$$
$$-x_{n+1}\pi_1-x_{n+2}\pi_2-x_{n+m}\pi_m=z+\sum_{i=1}^{m}\pi_i в_i \qquad \text{(I.4.6)}$$

Егерде (7.6) теңдеуін жалғастырсақ $\boldsymbol{z}$ функциясының оптималды ыңғайланған формасында сол жағындағы барлық коэффициенттері оң мәнді болады, сондықтан,

$$-\pi_i \geq 0 \ \ (i = 1,...,m),$$

$$C_j + \sum_{i=1}^{m} a_{ij}\pi_i \geq 0 \ \ (\ j = 1,...,n \ ) \qquad (I.4.7)$$

Бұл шектелу шарттар келесі шектелу шарттарымен бірдей

$$-\pi_1 \geq 0 \ \ (i = 1,2,...,m),$$

$$\sum a_{ij}(-\pi_i \ ) \leq C_j \ \ (\ j = 1,...,n \ ), \qquad (I.4. 8)$$

Сондықтан теоремада айтылған $\pi_ш$ симплекс көбейтінділері шектелу шарттардың қатынастарын қанағаттандырады.

(I.4.6) теңдеудегі базистық айнымалылар коэффициенттерінің нөлге тең болатыны, және базистық айнымалыларда нөлге тең екені айғын, сондықтан теңдеудің сол жағындағы өрнек нөлге тең, яғни

$$Z_{\min} = -\sum_{i=1}^{m} в_i \pi_i = \sum_{i=1}^{m} в_i \left(-\pi_i\right) \qquad (I.4.9)$$

Сөйтіп анықтағанымыз, $Z_{\min} = \sum_{i=1}^{m} в_i \left(-\pi_i\right).$ Бұл мән егізделген есептің шектелу шарттарын бұзбай қанағаттандыратын керекті шешімге сәйкес ***w*** функциясының мәні болып табылады, келесі теңдіктер арқылы $y_i = -\pi_i$ анықталады.

(I.4.5) теңдеуіндегі ескертуді ескере отыра қарастырсақ бұл сан ***w*** функциясының максималды мән екеніне көзіміз жетеді, Сондықтан

$w_{max}' = z_{min}$ (I.4.10)

<u>4 теорема.</u>

Егерде егізделген есептің нақты шешімі $w = w_{max}$ болса, онда қойылған есептінде нақты шешімінің болғаны $z_{min} = w_{max}$.

Бұл қорытындыны 1-ші және 2-ші теоремалар арқылы анықтауымызға болады, бірақта есептің матрица арқылы қойлымын пайдаланып дәлелдеуіміз өте пайдалы болады деп есептейміз. Дәлелдеуді 3-ші теорема сиақтығып өткізуімізге болады.

Егізделген есепте шектелу шарттарын теңдік ретінде көрсетіп жазғанда келесі есептің қойылымын байқаймыз:

$w = b^T y$ функция мәнінің максимумы келесі шектелу шарттарын бұзбайтындай қылып

$A^T y + y_s = c,$

мұнда

$$y_S = \begin{pmatrix} y_{m+1} \\ y_{m+n} \end{pmatrix} \geq 0$$

бұл жаңа айнымалылардан құрылған вектор.

Егерде, егізделген есептің оптималды шешіміндегі симплекс көбейтінділерін $\rho^T = (\rho_1, \rho_2, .., \rho_n)$ белгілесек,

онда

$\boldsymbol{\rho^T A^T y + \rho^T y_s = \rho^T c = c^T \rho},$

сондықтан

$\boldsymbol{(b^T + \rho^T A^T) y + \rho^T y_s = w + c^T \rho}$ (I.4.11)

$\boldsymbol{w}$ функциясының максимумын іздегендіктен (I.4.11) (стандартты түрдегі сиақты емес) теңдеуінің сол жағындағы $\boldsymbol{y}$ және $\boldsymbol{y_s}$ айнымалыларының коэффициенттері оң мәнді болмауы қажет, сондықтан

$$\left.\begin{aligned} \rho^{\mathrm{T}} &\le (0,0,\dots,0), \\ в^{\mathrm{T}} + \rho^{\mathrm{T}} A^{\mathrm{T}} &\le (0,0,\dots,0) \end{aligned}\right\} \qquad (I.4.12)$$

яғни

$\boldsymbol{-\rho \ge 0},$

$\boldsymbol{b + A\rho \le 0}.$

мұны келесі түрде жазуымызға болатыны түсінікті

$$\begin{aligned} -\rho &\ge 0, \\ A(-\rho) &\ge b. \end{aligned} \qquad (I.4.13)$$

Сондықтан $\boldsymbol{(-\rho)}$ мәндері қойылған есептің шектелу шарттарын қанағаттандырады.

Осы тұжырым арқылы байқайтынымыз,

$\boldsymbol{w_{max} = c^T(-\rho) = z_{min}}.$ (I.4.14)

3 және 4-ші теоремаларының қортындысы ретінде ұғатынымыз - кездесетін сызықтық программалау есептерін шығару мерзімінде, біздер өз еркімізге ыңғайлап, қойылған есеп ретінде немесе егізделген есеп ретінде шығаруымызға болады.

3 және 4-ші теоремалардың айғын екенін келесі есепті қарастырып көрсетейік.

Шектелу шарттарында

$\boldsymbol{2x_1 + 3x_2 \ge 10},$

$\boldsymbol{3x_1 + 4x_2 \ge 19},$

$\boldsymbol{x_1 + 2x_2 \ge 9}.$

және $\boldsymbol{z = 7x_1 + 10x_2}$ функциясының минимумы орналасатындай қылып оң мәнді $\boldsymbol{x_1 \ge 0,\ x_2 \ge 0}$ айнымалыларын табалық.

Бұл есепке егізделген есеп келесі түрде жазылады:

Шектелу шарттарында

$\boldsymbol{2y_1 + 3y_2 + y_3 \le 7},$

$\boldsymbol{3y_1 + 4y_2 + 2y_3 \le 10}.$

$\boldsymbol{w = 10y_1 + 19y_2 + 9y_3}$ функциясының максимумы орналасатындай қылып табу қажет.

Компьютерді қолданып бірінші есепті есептесек оптималдық шешімін $\boldsymbol{x_1=1,\ x_2=4,\ \pi_1=0,\ \pi_2=-2,\ \pi_3=-1},$ және $\boldsymbol{z_{min}=47}$ анықтаймыз. Сөйтіп есепке егізделген есептің шешімін анықтасақ $\boldsymbol{y_1=0,\ y_2=2,\ y_3=1},$ мұнда $\boldsymbol{\rho_1=-1,\ \rho_2=-4}$ және $\boldsymbol{w_{max}=47}.$

Бұл қортындыны - егізделген есепті компьютерде есептесек дәлелдейміз. Мұнда аңғаратынымыз - есепті компьютерде сызықтық программалау алгоритмдерін пайдаланып есептесек, жоғарыдағы келісім бойынша функцияның минимумын іздеу алгоритмдерін қарастырамыз.

Бұл жағдайда назар аударып сақ болу қажет. Есептің шығару алгоритімін компьютерде қолданып шығаратын болсақ, бізде бағытталған функцияның минимумын іздеуіміз қажет, яғни.

$w' = -10y_1 - 19y_2 - 9y_3$

(мұнда бағытталған функцияның және симплекс-көбейтінділері терістендіріліп жазылған).

РЕШЕНИЕ ЗАДАЧИ ЛИНЕЙНОГО ПРОГРАММИРОВАНИЯ
МОДИФИЦИРОВАННЫМ СИМПЛЕКС-МЕТОДОМ
ПЕРВОНАЧАЛЬНАЯ ЗАДАЧА

БАЗИС	ЗНАЧЕНИЕ	X 1	X 2	X 3	X 4	X 5	X 6	X 7	X 8
1	10.00	2.00	3.00	-1.00	0.00	0.00	1.00	0.00	0.00
2	19.00	3.00	4.00	0.00	-1.00	0.00	0.00	1.00	0.00
3	9.00	1.00	2.00	0.00	0.00	-1.00	0.00	0.00	1.00
ЦЕЛЕВАЯ ФУНКЦИЯ		7.00	10.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	
ИСКУССТ.ФУНКЦИЯ		0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	1.00	1.00	

ПЕРВЫЙ ЭТАП ВСЕ ЕЩЕ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

C 1	C 2	C 3	C 4	C 5	C 6	C 7	C 8
-6.00	-9.00	1.00	1.00	1.00	0.00	0.00	0.00

X 2 ВХОДИТ В, X 6 В УСЛОВИИ 1 ВЫВЕДЕН ИЗ БАЗИСА

БАЗИС	ЗНАЧЕНИЕ	ОБРАЩЕНИЕ БАЗИСА			A'IS
6	10.00	1.00	0.00	0.00	3.00
7	19.00	0.00	1.00	0.00	4.00
8	9.00	0.00	0.00	1.00	2.00

РЕШЕНИЕ ДЛЯ ЦЕЛЕВОЙ ФУНКЦИИ 0.00 0.00 0.00 0.00 10.00
РЕШЕНИЕ ДЛЯ ИСКУССТ.ФУНКЦИИ -38.00 -1.00 -1.00 -1.00 -9.00

ПЕРВЫЙ ЭТАП ВСЕ ЕЩЕ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

C 1	C 2	C 3	C 4	C 5	C 6	C 7	C 8
0.00	0.00	-2.00	1.00	1.00	3.00	0.00	0.00

X 3 ВХОДИТ В, X 8 В УСЛОВИИ 3 ВЫВЕДЕН ИЗ БАЗИСА

БАЗИС	ЗНАЧЕНИЕ	ОБРАЩЕНИЕ БАЗИСА			A'IS
2	3.33	0.33	0.00	0.00	-0.33
7	5.67	-1.33	1.00	0.00	1.33
8	2.33	-0.67	0.00	1.00	0.67

РЕШЕНИЕ ДЛЯ ЦЕЛЕВОЙ ФУНКЦИИ -33.33 -3.33 0.00 0.00 3.33
РЕШЕНИЕ ДЛЯ ИСКУССТ.ФУНКЦИИ -8.00 2.00 -1.00 -1.00 -2.00

ПЕРВЫЙ ЭТАП ВСЕ ЕЩЕ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

C 1	C 2	C 3	C 4	C 5	C 6	C 7	C 8
-1.00	0.00	0.00	1.00	-2.00	1.00	0.00	3.00

X 5 ВХОДИТ В, X 7 В УСЛОВИИ 2 ВЫВЕДЕН ИЗ БАЗИСА

БАЗИС	ЗНАЧЕНИЕ	ОБРАЩЕНИЕ БАЗИСА			A'IS
2	4.50	0.00	0.00	0.50	-0.50
7	1.00	0.00	1.00	-2.00	2.00
3	3.50	-1.00	0.00	1.50	-1.50

РЕШЕНИЕ ДЛЯ ЦЕЛЕВОЙ ФУНКЦИИ -45.00 0.00 0.00 -5.00 5.00
РЕШЕНИЕ ДЛЯ ИСКУССТ.ФУНКЦИИ -1.00 0.00 -1.00 2.00 -2.00

ЭТАП 1 УСПЕШНО ЗАВЕРШЕН
 C 1 C 2 C 3 C 4 C 5
 -0.50 0.00 0.00 2.50 0.00
БАЗИС ЗНАЧЕНИЕ ОБРАЩЕНИЕ БАЗИСА A’IS
 2 4.75 0.00 0.25 0.00 0.75
 5 0.50 0.00 0.50 -1.00 0.50
 3 4.25 -1.00 0.75 0.00 0.25
РЕШЕНИЕ ДЛЯ ЦЕЛЕВОЙ ФУНКЦИИ -47.50 0.00 -2.50 0.00 -0.50

ОКОНЧАТЕЛЬНОЕ РЕШЕНИЕ
ОГРАНИЧЕНИЕ БАЗИС ЗНАЧЕНИЕ
 1 2 4.0000
 2 1 1.0000
 3 3 4.0000
МИНИМУМ ФУНКЦИИ Z РАВЕН 47
ОГРАНИЧЕНИЕ СОСТОЯНИЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ПЕРЕМЕННЫЕ
 1 ДОПОЛ.ПЕРЕМ. 4.0000
 2 ОГРАНИЧЕНИЕ 0
 3 ОГРАНИЧЕНИЕ 0
 C 1 C 2 C 3 C 4 C 5
 0.00 0.00 0.00 2.00 1.00
БАЗИС ЗНАЧЕНИЕ ОБРАЩЕНИЕ БАЗИСА
 2 4.00 0.00 -0.50 1.50
 1 1.00 0.00 1.00 -2.00
 4 10.00 -1.00 0.50 0.50
РЕШЕНИЕ ДЛЯ ЦЕЛЕВОЙ ФУНКЦИИ -47.00 0.00 -2.00 -1.00

РЕШЕНИЕ ЗАДАЧИ ЛИНЕЙНОГО ПРОГРАММИРОВАНИЯ
МОДИФИЦИРОВАННЫМ СИМПЛЕКС-МЕТОДОМ
ОТСУТСТВУЕТ ЭТАП 1 РЕШЕНИЯ ЗАДАЧИ
ПЕРВОНАЧАЛЬНАЯ ЗАДАЧА

БАЗИС	ЗНАЧЕНИЕ	X 1	X 2	X 3	X 4	X 5
1	7.00	2.00	3.00	1.00	1.00	0.00
2	10.00	3.00	4.00	2.00	0.00	1.00
ЦЕЛЕВАЯ ФУНКЦИЯ		-10.00	-19.00	-9.00	0.00	0.00

 C 1 C 2 C 3 C 4 C 5
 -10.00 -19.00 -9.00 0.00 0.00
X 2 ВХОДИТ В, X 4 В УСЛОВИИ 1 ВЫВЕДЕН ИЗ БАЗИСА
БАЗИС ЗНАЧЕНИЕ ОБРАЩЕНИЕ БАЗИСА
 4 7.00 1.00 0.00 3.00
 5 10.00 0.00 1.00 4.00
РЕШЕНИЕ ДЛЯ ЦЕЛЕВОЙ ФУНКЦИИ 0.00 0.00 0.00 -19.00

 C 1 C 2 C 3 C 4 C 5
 2.67 0.00 -2.67 6.33 0.00
X 3 ВХОДИТ В, X 5 В УСЛОВИИ 2 ВЫВЕДЕН ИЗ БАЗИСА
БАЗИС ЗНАЧЕНИЕ ОБРАЩЕНИЕ БАЗИСА
 2 2.33 0.33 0.00 0.33
 5 0.67 -1.33 1.00 0.67

РЕШЕНИЕ ДЛЯ ЦЕЛЕВОЙ ФУНКЦИИ 44.33 6.33 0.00 -2.67

ОКОНЧАТЕЛЬНОЕ РЕШЕНИЕ
ОГРАНИЧЕНИЕ БАЗИС ЗНАЧЕНИЕ
1 2 2.0000
2 3 1.0000
МИНИМУМ ФУНКЦИИ Z РАВЕН -47
ОГРАНИЧЕНИЕ СОСТОЯНИЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ПЕРЕМЕННЫЕ
2 ОГРАНИЧЕНИЕ 0
3 ОГРАНИЧЕНИЕ 0
C 1 C 2 C 3 C 4 C 5
4.00 0.00 0.00 1.00 4.00
БАЗИС ЗНАЧЕНИЕ ОБРАЩЕНИЕ БАЗИСА
2 2.00 1.00 -0.50
3 1.00 -2.00 1.50
РЕШЕНИЕ ДЛЯ ЦЕЛЕВОЙ ФУНКЦИИ 47.00 1.00 4.00

Келесі ескертулерде орынды болады. (I.4.6) теңдеуінен көретініміз, қойлған есептің оптималды шешімінде

$\boldsymbol{\pi_i x_{n+i} = 0 \quad (i=1,2, ..., m)}$ (I.4.15)

(I.4.11) теңдеуінен байқайтынымыз, егізделген есептің оптималды шешімінде

$\boldsymbol{\rho_j y_{m+j} = 0 \quad (j=1,2, ..., n)}$ (I.4.16)

Сөйтіп тұжырымдасақ кем дегенде $\boldsymbol{\pi_i}$ және $\boldsymbol{x_{n+i}}$ біреуі нөлге тең болады. Жәнеде $\boldsymbol{\rho_j}$ және $\boldsymbol{y_{m+j}}$ біреуі кем дегенде нөлге тең болады. Осы айтылған нәтижелерді қортындап отыра, келесі ережеге тұрақтаймыз.

Егерде, қойлған есептің оптималдық шешіміндегі $\boldsymbol{k}$ орнындағы шектелу шартында $\boldsymbol{(x_{n+k} > 0)}$ айнымалысынан байланысты болмаса, онда егзделген есебіндегі $\boldsymbol{y_k}$ айнымалысының мәні $\boldsymbol{(-\pi_k)}$ тең болғандықтан нөлге тең болғанын анықтаймыз.

Егерде, егізделген есептегі $\boldsymbol{k}$ орнында орналасқан егізделген айнымалы оң мәнді болса, онда қойлған есептегі $\boldsymbol{k}$ орнындағы шектелу шартта осы айнымалымен байланысты болады. Осы айтылған тұжырымды қосымша айнымалылардың <u>*комплементарность*</u> <u>*принципы*</u> деп атаумызға болады (аталады).

§ I.4.3. Егізделгендік түсінігіне қарасты айтылған нәтижелерді талдау.

Егізделген деген түсінік жоғарыда қарастырылған сызықтық программалау нәтижелерінің біразын жақсы тұжырымдап түсінуге көмектеседі.

Егізделген симплекс-әдісінің алгоритмі (I.3.3 тақырыбында) егізделген түсінікті енгізбеген жағдай да қарастырылды. Біракта егізделген түсінік есептеу алгоритмі өзге көзқараспен тұжырымдауға мүмкіншілік береді.

Келесі есепті қарастырайық:

Оң мәнді айнымалыларды $x_1 \geq 0$, $x_2 \geq 0$, $x_3 \geq 0$ шектелу шарттарын қанағаттандыратындай

$$x_1 \quad +3x_3 \geq 3,$$
$$x_2 + 2x_3 \geq 5,$$

және $Z = 4x_1 + 6x_2 + 18x_3$ функциясының минимумы орналасатындай қылып табыңдар.

Бұл есепте Z функциясының өрнегіндегі коэффициенттері оң мәнді болғандықтан, жасанды айнымалыларды енгізбей, бірден егізделген симплекс-әдісін қолданып есептеуімізге болады.

Есептегендегі кестелерді көрсетелік:

Итерация	Базис	Мәндері	x_1	x_2	x_3	x_4	x_5
0	x_4	-3	-1	0	-3	1	.
	x_5	-5	0	-1*	-2	.	1
	-Z	0	4	6	18	.	.
1	x_4	-3	-1	.	-3*	1	0
	x_2	5	0	1	2	.	-1
	-Z	-30	4	.	6	.	6
2	x_3	1	1/3	.	1	-1/3	0
	x_2	3	-2/3	1	.	2/3	-1
	-Z	-36		.	.	2	6

Сөйтіп оптималды шешім келесі нүктеде болады $x_1=0$, $x_2=3$, $x_3=1$ және $z_{min}=36$.

Симплекс көбейтінділері (z функцияның соңғы өрнегіндегі x_4 және x_5 жаңа айнымалылардың коэффициенттерінде) тең $\pi_1=2$ және $\pi_2=6$.

Егізделген есепті қарастырайық:

Оң мәнді айнымалыларды $y_1 \geq 0$, $y_2 \geq 0$ шектелу шарттарын бұзбайтындай қылып

$$y_1 \quad \leq 4,$$
$$y_2 \leq 6,$$
$$3y_1 + 2y_2 \leq 8.$$

жәнеде $w = 3y_1 + 5y_2$ функциясының максимумы орналасатындай қылып табалық.

Алғашында қарастырған есептерде біз функцияның минимумын іздедік, сондықтан мына функцияны қарастырамыз

$$w' = -3y_1 - 5y_2$$

Есепті шығарғандағы есептеу алгоритімін кестелер арқылы көрсетелік.

Итерация	Базис	Мәндері	y_1	y_2	y_3	y_4	y_5
0	y_3	4	1	0	1	.	.
	y_4	6	0	1*	.	1	.
	y_5	18	3	2	.	.	1
	$-w'$	0	-3	-5	.	.	.
1	y_3	4	1	.	1	0	.
	y_2	6	0	1	.	1	.
	y_5	6	3*	.	.	-2	1
	$-w'$	30	-3	.	.	5	.
2	y_3	2	.	.	1	2/3	-1/3
	y_2	6	.	1	.	1	0
	y_1	2	1	.	.	-2/3	1/3
	$-w'$	36	.	.	.	3	1

Симплекс-көбейтінділер (w' бағытталған функция үшін) тең $\rho_1=0,\ \rho_2=3,\ \rho_3=1$ (жаңа айнымалылар y_3, y_4 және y_5 коэффициенті). Олар қойылған есептегі айнымалылар мәніне тең болады. $y_1=2$ және $y_2=6$ егізделген айнымалылар қойылған есептің симплекс-көбейтінділеріне сәйкес болады.

Қарастырылған егізделген симплекс-әдісінің есепке қолданған алгоритмі және егізделген есепке қолданылған алгоритм негізінде бірдей болады.

§ I.4.4. Жаттығулар.

1) Қойылған есептің егізделген есебін жазыңыз?

Оң мәнді $x_1\geq 0$, $x_2\geq 0$ айнымалыларды шектелу шарттарын қанағаттандыратындай қылып

$3x_1+5x_2\geq 18,$

$x_1+9x_2\geq 30,$

$2x_1+4x_2\geq 27.$

және $z=11x_1+4x_2$ функциясының минимумы орналасатындай қылып табыңыз?

2) Қойылған есептің егізделген есебің жазыңыз?

Оң мәнді $x_1\geq 0$, $x_2\geq 0$ және x_3 таңбасы шектелмеген айнымалыларын шектелу шартын бұзбай

$2x_1+x_2+4x_3\geq 22,$

$x_1+x_2+x_3=9,$

$x_1+2x_2+3x_3\leq 18.$

және $z=5x_1+7x_2+13x_3$ функциясының минимумы орналасатындай қылып табу қажет делік.

3) Егерде ***k*** айнымалысы қойылған есепте таңбасымен шектелмеген болса, онда ***k*** -шектелу шарты егізделген есепте теңдеу түрінде болатынын көрсетіңіз?

4) Егерде ***k*** -шектелу шарты қойылған есепте теңдеу түрінде жазылған болса, онда ***k*** айнымалысына егізделген есепте таңбасына шектелу қойылмайтынын көрсетіңіз?

5) Оң мәнді $x_1 \geq 0,\ x_2 \geq 0,\ x_3 \geq 0$ айнымалыларын шектелу шарттарын бұзбайтындай қылып

$$3x_1 + 3x_2 + x_3 \geq 7,$$
$$x_1 + 2x_2 + 5x_3 \geq 9,$$
$$3x_1 + x_2 + 2x_3 \geq 14.$$

және $z = 11x_1 + 14x_2 + 15x_3$ функциясының минимумы орналасатындай қылып табыңыз?

Осы есепке егізделген есепті жазып шығарыңыз және осы бөлімдегі 3 және 4-ші теоремалардың дұрыс екенін дәлелдеңіз.

6) Қойлған есеп үшін $x_1 \geq 0,\ x_2 \geq 0$ айнымалыларын шектелу шартты бұзбайтындай қылып

$$x_1 - x_2 \geq 1,$$
$$-x_2 \geq -2.$$

және $z = -x_1 - x_2$ функциясының минимумы орналасатындай қылып табыңыз (I.1, 2 тақырыбының 3 мысалы), Осы есептің егізделген түрін жазып, шығарып керекті шешімнің жоқ екендігін (яғни болмайтындығын) көрсетіңіз?

7) Егерде қойылған (егізделген) есептің $z(w)$ шектелмеген мәні бар шексіз шешімдері болған жағдайда, онда егізделген (қойылған) есептің керекті шешімінің болмайтынын көрсетіңіз?

8) 7-ші жаттығудағы келтірілген тұжырымды керісінше қарастыруымыз дұрыс еместігін көрсетіңіз? Осыны көрсетіп дәлелдейтін мысалды ойлап келтіріңіз?

9) 3-ші және 4-ші теоремаларын келесі есеп үшін тексеріңіз? Оң мәнді $x_1 \geq 0,\ x_2 \geq 0,\ x_3 \geq 0$ айнымалыларын шектелу шарттарын

$$x_1 + 5x_2 + x_3 \geq 7,$$
$$2x_1 + x_2 + 3x_3 \geq 9,$$
$$3x_1 + 2x_2 + 5x_3 \geq 14.$$

қанағаттандыратындай және $z = 7x_1 + 4x_2 + 11x_3$ функциясының минимумы орналасатындай қылып табыңыз.

10) Нан пісіретін мекеме тез бұзылатын пирогтар сатады делік, олар пісірілген күні сатылып өткізілуі керек.

Керекті ықтимал мүмкіншілігі белгілі делік, яғни $p_0 = 1/8,\ p_1 = 1/8,\ p_2 = 1/4,\ p_3 = 1/2$ тең болсын, мұнда p_j-ықтимал мүмкіншілік, ***j*** пирогтың күнделікті қажеттілігі. Күнделікті ***j*** пирогты пісіру бағасы C_j -десек, мұнда ***C*** -тұрақты сан. Орта шамамен қажеттілікті қанағаттандыру үшін кім денеде төрт күннің біреуін, және пісіру бағасының минимумын табу есебі сызықтық программалау есебіне жататынын көрсетіңіз.

§ I.4.5. Жаттығуларға жауаптары

1.6 жаттығулардың жауаптары

1) $x_1=A; x_2=B; x_1\geq 0, x_2\geq 0$

$z=5x_1+3x_2$ функциясының минимумын келесі шектелу шарттарында

$0,5x_1 +0,25x_2\leq 40,$

$0,4x_1 +0,3x_2\leq 36,$

$0,2x_1+0,4x_2\leq 36.$

Оптималды шешім $x_1 =60, x_2 =40$ тең болғанда табылуы аптасына $z=420$ доллар.

2) Функция максимумы **10**-ға тең, $x_1 =2, x_2 =4$ тең болғанда.

4) $x_1 =4, x_2 =2$ тең болғанда функция минимумы-**10** тең.

5) а) $x_1 =3(1/2), x_2 =2(1/2)$ тең болғанда функция минимумы **-13** тең болады.

б) $x_1 = \dfrac{25-13\theta}{10}, x_2 = \dfrac{15+39\theta}{10}; 0\leq\theta\leq 1.$ тең болғанда, функция минимумы **-9** тең болады.

в) Шешімі шектелмеген

6) Шектелу шарттары қайшылас болмағандықтан есептің шешімі жоқ болады.

7) $x_1 =2/5, x_2 =1/5, x_3 =0$ тең болғанда функция минимумы **12/5** тең болады.

8) $x_1 =1/12, x_2 =4/12, x_3 =7/12, C=38(3/4)$ доллар 1 тоннасына

9) Қосындыдағы ***A, B, C*** сорттарының пайызы- $x_1, x_2, x_3,$ $z=70x_1+50x_2+10x_3$ минимумын шектелу шарттарында

$90x_1 +65x_2 +45x_3 \geq 60,$

$30x_1 +85x_2 +70x_3 \geq 60,$

$x_1 +x_2 +x_3 = 1.$

табыңыз.

Оптималды шешімі $x_1 =17/59, x_2 =6/59, x_3 =36/59$ нүктесінде орналасқан.

10) $z=12(26x_1+40x_2)/5$ функциясының максимумын келесі шектелу шарттарында.

$0\leq x_1\leq 30; 0\leq x_2\leq 20; 3x_1 +3x_2\leq 100$

табыңыз?

Оптималды шешім $x_1 =40/3, x_2 =20$ нүктесінде орналасады.

12) G_1,G_2,G_3 -гараждарынан сәйкес ***A*** пункіті ***1, 4, 0*** автобустар санын алады; ***B*** пункіті G_1,G_2,G_3 гараждарынан ***2, 0, 5*** автобустар санын қабылдайды. Жалпы қашықтығы 25 миль болады.

13) $x_A =450, x_B =100.$

14) ***367*** дана «Каприз« моделі, ***683*** дана «Фаско« моделі.

15) Егерде ***x*** тонна Лидсадан Манчестерге тасымалданса ***y*** тонна Лидсадан Бирменгемге тасымалданса

а) Оптималды шешім ***x=400, y=400*** тең болғанда.

б) ***x=400, y=100.***

2.6 жаттығуларының жауабы

1) ***2,4:*** $x_1=0{,}4;\ x_2=0{,}2;\ x_3=0.$

2) ***0,8:*** $x_1=0;\ x_2=0{,}2;\ x_3=0{,}3.$

3) $x_A=13{,}125;\ x_B=2{,}625$ пайда (табыс) ***55,125*** долларға тең.

4) ***40000*** жарты-литрлық және ***20000*** бір литрлық бутылкасын ***A*** машинасынан шығарып, ***B*** машинасынан ***10000*** бір литрлық бутылка шығару қажет.

5) $я=150;\ x_1=1;\ x_2=4.$

6) $w=150;\ y_1=0;\ y_2=25/9,\ y_3=125/9.$

7) x_j -радиаторлардың әр түрінің саны, $x_A=400;\ x_B=0;\ x_C=150;\ x_D=0$ пайда ***3875*** долларға тең.

8) $x_A=2000;\ x_B=7000;$ Пайда ***10350*** долларға тең.

9) $x_1=50/7;\ x_2=0;\ x_3=55/7;\ Z=-695/17.$

10) ***200000$***-телевизорлерге, ***100000$***-радиоға, ***100000$***-газетке, ***100000$***-афишаға.

11) $z=-2;\ x_1=2;\ x_2=0.$

12) Минималды баға ***150*** (ақшаның бірлік бағасы); ***5/6*** кг-кептірілген балық, ***5*** кг-жеміс, $3\frac{1}{3}$ литр-сүт.

13) ***W***-дан ***A***-ға ***9000*** галлон; ***У***-тен ***A***-ға ***81000*** галлон;

W-дан ***B***-ға ***15000*** галлон; ***У***-тен ***B***-ға ***85000*** галлон;

X-тен ***C***-ға ***24000*** галлон; ***У***-тен ***C***-ға ***60000*** галлон;

Z-тен ***C***-ға ***36000*** галлон.

14) Тоқушылардың минималды саны - ***26***: ***4***-төрт тоқушы 1-ші сменнен бастайды; ***10***-тоқушы екінші сменнен; ***8*** тоқушы төртінші сменнен; ***4***-тоқушы бесінші сменнен бастайды, немесе ***4***-тоқушы бірінші сменнен бастайды; ***4*** тоқушы екінші сменнен; ***6*** тоқушы үшінші сменнен; ***1*** тоқушы төртінші сменнен; ***11*** тоқушы бесінші сменен бастайды.

15) Қажетті шарттарды бұзбайтын шешім жоқ.

3.4 жаттығуларының жауабы.

1) а) ***5500***тонна -***A*** түрлі шикі зат; ***4500***тонна -***B*** типті зат.

б) ***100*** доллар.

2) $x_1=160/11;\ x_2=60/11;\ x_3=x_4=0;\ Z=-460.$

3) $x_1=10;\ x_2=5;\ x_3=x_4=0;\ z=-455.$

4) $x_1=4; x_2=2; x_3=0; P=24$ ***A*** типті шикі заты үшін, ***0,6*** (ақшаның бірлігін) төлеу қажет, ***B*** типтіге - 1,2 (ақшаның бірлігін)

5) $x_A=18/5; x_B=3/5; x_C=0;$ Оптималды план ***P=19(4/5)*** тең. Машиналар үшін, қосымша жұмыс істеу сағаттары келесі ***1:7/5; 11:1/5.***

6) Ағаш аралау цехы-***0$;*** жинау цехы-***1$;*** өңдеу цехы-***7$;*** $x_1=150; x_2=50; x_3=10.$

7) Өз мемлекетінен ***2700*** студент, шет елден-***2500*** студент. Осы сандар тиімді.

8) *а)* ***3/5, 1/5;*** *б)* $\begin{pmatrix} -3/5 & 4/5 \\ 2/5 & -1/5 \end{pmatrix}$; *с)* иә, $x_1=4; x_4=24;$

д) $66\frac{2}{3} \le P \le 100,$ мұнда ***P***-шикі зат бағасы;

е) $x_1=11(1/4); x_2=6(1/4); x_3=15;$

9) $x_1=1; x_2=4; Z=150.$

10) Керекті шешімі жоқ.

12) $x_1=22/7; x_2=20/7; Z=-144/7.$ $x_1=0; x_2=4; Z=-20.$

14) $x_1=x_2=0; Z=4.$

15) ***E***, егерде ***F***-тен соңғы жатық жолын және соңғы бағанасын алыптастағанда пайда болады.

4.4 Жаттығулар жауабы.

1) $18y_1+30y_2+27y_3$ функциясының максимумы орналасатындай және шектелу шарттарды

$3y_1+y_2+2y_3 \le 11,$

$5y_1+9y_2+7y_3 \le 44.$

қанағаттандыратындай қылып $y_1 \ge 0,$ $y_2 \ge 0,$ $y_3 \ge 0$ айнымалыларын табыңыз.

2) $22y_1+9y_2-18y_3$ функциясының максимумы орналасатындай және шектелу шарттарды

$2y_1+y_2+y_3 \le 5,$

$y_1+y_2+2y_3 \le 7,$

$4y_1+y_2+3y_3=13.$

бұзбайтындай қылып y_1, y_2, y_3 айнымалыларын табыңыз? Мұнда $y_1 \ge 0,$ $y_2 \ge 0,$ ал y_3 таңбасының шектелуі жоқ.

5) $x_1=1, x_2=2, x_3=3$ және $z_{min}=84; \pi_1=-3, \pi_2=-2, \pi_3=-1.$

Егізделген есеп үшін: $y_1 \ge 0,$ $y_2 \ge 0,$ $y_3 \ge 0$ айнымалыларын шектелу шарттарды

$2y_1+y_2+3y_3 \le 11,$

$3y_1+2y_2+y_3 \le 14,$

$y_1+5y_2+2y_3 \le 15.$

қанағаттандыратындай және $w=11y_1+20y_2+11y_3$ функциясының максимумы орналасатындай қылып табыңыз? $y_1=3,\ y_2=2,\ y_3=1$ және $w_{max}=84;\ \rho_1=-1,\ \ \rho_2=-2,\ \rho_3=-3.$

6) Егізделген есеп: $y_1 \ge 0,\ y_2 \ge 0$ айнымалыларын шектелу шартын бұзбай

$y_1 \le -1,$

$-y_1-y_2 \le -1.$

және y_1-2y_2 функциясының максимумы орналасатындай қылып табыңыз?

Керекті (қажетті) шешімі жоқ.

8) Қойылған есеп мынадай: теріс мәнді $x_1 \le 0,\ x_2 \le 0$ айнымалыларды шектелу шарттарын бұзбай

$-5x_1+5x_2 \ge -4,$

$x_1-x_2 \ge 2.$

және $z=-7x_1+3x_2$ функциясының минимумы орналасатындай қылып табу қажет.

Керекті шешім жоқ.

Егізделген есеп келесі: Оң мәнді $y_1 \ge 0,\ y_2 \ge 0$ айнымалыларын шектелу шартын қанағаттандырып

$-5y_1+y_2 \le -7,$

$5y_1-y_2 \le 3.$

және $w=-4y_1+2y_2$ функциясының максимумы орналасатындай қылып табу қажет.

Керекті шешім жоқ.

9) $x_1=4,\ x_2=1,\ x_3=0$ және $z_{min}=32;\ \pi_1=0,\ \pi_2=-2,\ \pi_3=-1.$

II - БӨЛІМ

АЙНЫМАЛЫЛАРЫ ШЕКТЕЛМЕГЕН ОПТИМИЗАЦИЯ

Кіріспе

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған оптимизация және сызықтық программалау курсы теоретиқалық және қолданбалы математика, сандық есептеу әдістерін оқып жүрген студентерге, мамандарға ұсынылады.

Нарық заманына сәйкес зерттеу операция негіздерін қолданып, пайдаланып өзінің тәжірибесін көтеріп жүрген мамандарда бағалауы мүмкін.

Оқулық құрал $\boldsymbol{n}$-айнымалылы функциялардан хабары бар және компьтердің алгоритмдық тілімен таныс оқырманға арналған.

Теориялық болжауларды тажірибелік есептеу процедурасына келтіріп, алгоритм ретінде аударып, оны түсінуге ыңғайлы қылып қарастыруға негізделген.

Оқулық құралда негізінде оптимизация әдістерінің тажірибеде қолдану мүмкіншілігі қарастырылып, матиматиқалық дәлелдеу тәртібіне көп назар аудармай, негізгі мақсат ретінде әдістердің алгоритімін құрастырып, оларды компьютерде пайдалануға келтіріп, жұмыс істеп есептеуге бағытталған.

Оқулық құралда $\boldsymbol{n}$-айнымалылығы $\boldsymbol{f(x_1,x_2,...,x_n)}$ функциясының минимумының немесе максимумының оптималды мәнінің іздеу әдістері қарастырылған.

Егерде $\boldsymbol{x_i}$ товарын $\boldsymbol{P_i}$ көлемінде игергендегі пайданы $\boldsymbol{f}$ функциясы ретінде қарастырсақ, функцияның максимумың іздеуге мәжбүрміз. Егерде қарастырылған товардың бағасын функция арқылы белгілесек, функцияның минимумын іздеу қажет. Максимумды немесе минимумды іздеп қарастыру, математиқалық көзқараста көп айырмашылығы жоқ, неге десеңіз $\boldsymbol{f}$ функциясының максимумы $\boldsymbol{(-f)}$ функциясының минимумы болып табылады.

Біз минимумды қарастырумен шектелеміз.

Айнымалылар мәні шексіз немесе белгілі бір шектікке бағынып өзгеруі мүмкін. Мысалы, егерде олар өндірілген заттың санын көрсетсе (қарастырса), өңдірістің қуаты мен шектеледі, және заттың (товардың) халыққа (аймаққа) керекті санымен шектеледі, т.с.с. шектелу шарттармен. Оптимизациялық есептің кезкелген шешімі осы шектелу шарттарды бұзбауы қажет. Сондықтан ыңғайлы болу үшін оқулық құралдың алғашқы бөлімінде айнымалылырына шектелу шарт қойылмаған есептерді қарастырып, келесі бөлімінде шектелу қойылған есептерді қарастырамыз.

Бұл оқулық құралда минимумды (функцияның кіші мәнін) іздеу әрікеттері және сол әрекеттерді компьютерде есептеу процедурасына (алгоритіміне) аударып қолдану үрдісіне зер салу негізделген.

Электронды есептеуіш машиналар (ЭЕМ) пайда болғаннан кейін, керекті оптимизациялық әдістердің дамуы мен игерілуін байқаймыз, сол әдістердің жұмыс істеуі компьютерді қолдануға мумкіншілік беретіні анықталады. Егерде пайдаланып жүрген есептеуіш машиналардың мүмкіншілігі мен жылдамдылығын ескермесек, әдістердің тажірибеде қолданылуының болмауыда мүмкін еді.

Оқулық құралда әдістердің көбіне арналған программалар Бейсик тілінде жазылған. Программалар пайдалуына дейінгі алгоритм үрдісінің түсініктемесі талданып қарастырылған, ол оптимизациялық әдістерге өзге көзғараспен қарауға мүмкіншілік туғызады. Алгоритмдық тіл білген кісіге қарастырылған программаларды Бейсик тілінен басқа тілге аудару қиынға соқпайды.

Келтірілген программалар тәжірибе жүзінде пайдалануға, қарапайым түрде, түсінікті болу үшін жазылған, яғни бұл программаларды өңдеп жақсартуды оқырманның өзіне жүктейміз. Оқулық құралдың келесі бөліміндегі сызықтық программалау әдістері, зерттеу операция облысындағы біраз есептерді шығаруға тиімді және компьютерді қолдануға ықшамдалған. Айнымалылардың ресурсі ретінде қарастырылып шектелгенін ескере отыра, келтірілген әдістермен (барлығын болмаса да) біраз экономикалық есептерді есептеуімізге болады.

Оқулық құралдың негізгі мақсаты ретінде - теориялық болжауларды компьютірде есептейтін процедураларға келтіріп, тәжірибеде қолданып-пайдалануды көрсету.

1 - тарау Классикалық әдістер
§ II.1.1 Бір айнымалылы функция

f(x) функциясының x_0 нүктесінде аумақталған минимумы болуы үшін, оң мәнді δ саны анықталып, яғни x_0 нүктесіне сәйкес аумағында кез келген x нүктесінде ***f(x)*** мәні $f(x_0)$ мәнінен үлкен (жоғары) болуы қажет, егерде $|x-x_0|<\delta$ онда $f(x) \geq f(x_0)$. Кез келген x нүктесінде келесі теңсіздік $f(x) \geq f(x^*)$ болған жағдайда, ***f(x)*** функциясының x^* нүктесінде (ең кіші мәні) глобалды минимумы болады.

x^* нүктесінде глобалды минимумы және x_0 нүктесінде аумақталған (локалды) минимумы болатын ***f(x)*** функциясының графикалық көрінісі I-1 суретте көрсетілген.

Жалпы есепте x_0 және x^* нүктелерінің мәнін табу немесе классикалық көзқарас бойынша ***f(x)*** функциясының бірінші туындысы арқылы өрнектеліп жазылатын теңдеуді шешуге әкеп тіреледі. II-1 суретінде көрсетілген ***f(x)*** функциясы және оның туындысы үзіліссіз, яғни x_0 және x^* нүктелерінде $f'(x)$ бірінші туындысы (функция градиенті) нөлге тең. Сондықтан, x_0 және x^* мәндері келесі теңдеудің түбірі болып табылады.

$$f'(x)=0 \qquad \text{(II.1.1)}$$

Суреттегі x_m нүктесінде функцияның аумақталған максимумы және x_c нүктесінде горизонталды иілу нүктелерінде де осы $f'(x)=0$ теңдеу нөлге тең болады. Сондықтан (II.1.1) теңдеуі тек қана минимумның керекті шарты болады да, бірақ минимумның жеткілікті шарты бола алмайды.

Аңғаратынымыз, x_0 және x^* нүктелерінен өткенде функцияның бірінші туындысы $f'(x)$ таңбасын терістен оңға өзгертеді. x_m нүктесінде таңбасын оңнан теріске өзгертеді, ал x_c нүктесінде туынды таңбасын өзгертпейді.

Сондықтан, минимум нүктесінде туынды функциясы - ұлғайатын функция, ал $f'(x)$ ұлғайу дәрежесі екінші туынды $f''(x)$ арқылы өлшенеді, келесі қатынастарды жазуымызға болады $f''(x_0)>0$ және $f''(x^*)>0$, ал x_m нүктесінде

$f''(x_m)<0.$

Тез төмендеу әдісін керекті жақсы оптимизациялау процедурасы деп қарастыруға болмайды, неге десеңіз, тәжірибе жүзінде, ол бір қарағанда жақсы көрінгенімен, жұмыс істеуі өте төмен. Тез төмендеу әдісінің қасиеті бір аймақта ғана жүргізіледі, өте жиі бағыты өзгертуімізге әкеп тіреледі, сондықтан, керек емес есептеу әрекеттерін көп жүргіземіз. Әдісте екінші туындының мәндері ескерілмеген.

Сондықтан, квадраттық функциялар қасиеттерін пайдалануға негізделген әдістер қарапайым да және екінші туындылар мәнін қолданып есептеу тәсілдері ең қолайлы деп ұйғарамыз. Егерде, ***(1.4)*** Тейлор қатарына жіктеуді қолдансақ, функцияның екінші туындысы нөлге тең болмаса, кез-келген функция өзінің минимум төңірегінде квадраттық функция арқылы аппроксимацияланады. Сондықтан, квадраттық функциялардың іздеу әдістерін басқа да функцияларға қолдануымызға болады. Келесі тақырыпта ***n*** **-** айнымалылы квадраттық функция қасиеттерін келтіріп талқылаймыз.

§ II.4.2 Квадраттық функциялар

Квадраттық функция

$$f(x)=a+x^t b+\frac{1}{2}x^t Gx, \qquad \text{(II.4.13)}$$

мұнда ***a*** - тұрақты сан; ***b*** - өзгермейтін вектор және ***G*** - оң мәнді симметриялық матрица.

0 минимумы x^* нүктесінде орналасқан дейік және x^* нүктесі жоғарыда айтылғандай келесі өрнектен табылады:

$$\nabla F\left(x^*\right)=b+Gx^*=0 \qquad \text{(II.4.14)}$$

ол өрнектен $x^* = -G^{-1}\, b.$

(II.1.4) теңдеуінен ұйғаратынымыз, егерде кез-келген функцияға үзіліссіз шарты орындалса, ол функцияны x_0 нүктесінің төңірегінде келесі функция арқылы аппроксимациялауымызға болады

$$\varphi(x)=f(x_0)+(x-x_0)^T\nabla f(x_0)+\frac{1}{2}(x-x_0)^T G(x_0)(x-x_0), \qquad (4.15)$$

мұнда $G(x_0)$ Гессе матрицасы - x_0 нүктесінде есептелген $f(x)$ функциясының минимумын аппроксимациялаудың маңыздысы $\psi(x)$ функциясының минимумы болуы мүмкін. Егерде $\psi(x)$ функциясының минимумы x_m нүктесінде орналасқан болса, яғни

$$\nabla f\left(x_0\right)+G\left(x_0\right)\left(x_m-x_0\right)=0,$$

бұл өрнектен

$$x_m = x_0 - G^{-1}(x_0)\nabla f(x_0)$$

немесе

$$x_m = x_0 - G^{-1}(x_0)\, g(x_0), \qquad (II.4.16)$$

Сөйтіп, итерациялық *(*II.4.9*)* теңдеуін өңдеуіміз қажет және x_i нүктесіндегі минимумды аппроксимациялау келесідей болып өрнектеледі:

$$x_{i+1} = x_i - G^{-1}(x_i)\, g(x_i), \qquad (II.4.17)$$

немесе, ыңғайлы түрде

$$x_{i+1} = x_i - \lambda_i G^{-1}(x_i)\, g(x_i), \qquad (II.4.18)$$

мұнда λ_i -қадам ұзындығы. $G^{-1}(x_i)\, g(x_i)$ бағытында бір өлшемді іздеу арқылы табылған мән.

Ньютон-Рафсон әдісі соңғы теңдеуге сүйенген. Оны жіктеп талқыламай-ақ, кейбір ерекшелігін еске сала кетейік. ***(4.17)*** және ***(4.18)*** теңдеулерін жазылған түрінде қарастырсақ, олар қадам сайын Гессе матрицасын терістендіріп есептеуді қажет етеді, яғни осы әрекет есептеу үрдісінің көп уақытын алуы мүмкін. Егерде, x_i нүктесі x^* нүктесіне жақын орналасқан жағдайда минимумге келіп тірелуіміз тез өтеді, неге десеңіз $\psi(\mathbf{x})$ функциясының жалпы түрі $f(x)$ функциясын осы төңіректе жақсы аппроксималайды.

Градиент l $g(x_{i+1})$ l нормасын (абсолюттық мәні) және нүктелер l $x_{i+1} - x_i$ l аралығындағы қашықтықты, үрдісті аяқтау шартына тексергеніміз жөн. Қызығып белгілейтініміз, қарапайым тез төмендеу әдісімен салыстырғанда, соңғы әдісте төмендеу бағытында $-G^{-1}(x_i)g(x_i)$ екінші туындылар ескеріледі, ал қарапайым әдісте төмендеу бағыты ретінде тек қана $-g(x_i)$ мәні ескерілетінін байқаймыз. Давидон-Флетчер-Пауэлл әдісі бойынша жақсы нәтижеге жетуімізге болады, егерде, i-ші қадамда іздеуді $-H_i\, g(x_i)$ бағытында жүргізсек. Мұнда H_i - оң мәнді табылған симметриялық матрица, соңында шектеліп $-G^{-1}(x^*)^1$ матрицасына тең болатын. Сөйтіп, бұл әдіс әр итерацияда $G(x_i)$ марицасын терістендіру есебін және өзін есептеуді қажет етпейді -- есептеу үрдісі жеңілденеді.

Сондықтан, итерация үрдісінің тиімділігі жөнінде айтсақ, әр итерацияда іздеу бағытын анықтау ең күрделі болады. Әр итерацияда ең тиімді бағыты бір өлшемді іздеу салып тапқанымыз жөн. *(*II.***4.13)*** өрнегіндегідей n -- айнымалылы квадраттық функцияға ең тиімді бағыт ретінде, алғашқы ізденген бағытқа сәйкес қосақталған бағыт екені мәлім. Қосақталған бағытқа түсініктеме берейік, сосын оның пайдалы екенін анықтайық.

P және q екі бағытты оң мәннен анықталған симметриялық G матрицасына қатынасты, қосақталған деп айтамыз, егерде келесі теңдік орындалса:

$$P^T G q = 0 \qquad (II.4.19)$$

Егерде, $P_0, P_1, \dots, P_{n-1}$ яғни n бір-біріне, n - өлшемдік кеңістікте қосақталған бағыттар болса, олар бір-бірінен сызықтық байланыссыз болатын векторлар екенін көрсетіп анықтауымызға болады.

Егер, олар сондай қатынаста болмаған жағдайда, барлығы нөлге тең болмайтын $\alpha_0, \alpha_1, \dots, \alpha_{n-1}$ тұрақты сандардың болатыны анық, яғни

$$\alpha_0 P_0 + \alpha_1 P_1 + ...,+\alpha_{n-1} P_{n-1} = 0$$

онда кез-келген k_{n-1}-ге $(0 \le k \le n-1)$ келесі теңдік орындалады

$$P_k^T G \sum_{j=0}^{n-1} \alpha_j P_j = 0, \qquad \text{бойынша, ал}$$

бұдан $\alpha_k P_k^T G P_k = 0,$ неге десеңіз, қосақталған мүшелердің қасиеті басқа мүшелердің бәрі жойылады $(P_k^T G P_g = 0,\ k \ne j)$.

$P_k \neq 0$ және G - оң мәннен анықталған матрица және $a_k = 0$ болғандықтан,

$P_0, P_1, \ldots, P_{n-1}$ векторлары сызықтық байланыста болмағандығын анықта-ғанбыз.

Есептеуді әрі қарай қарастырудың алдында, (II.4.13) функциясын келесі түрде жазып қарастырайық:

$$F(x) = a + x^T b + \frac{1}{2} x^T G x,$$

және оның минимумы x^* нүктесінде орналасқан болсын

$$x^* = -G^{-1} b$$

және

$$F(x) = F(x^*) + (x - x^*)^T \nabla F(x^*) + \frac{1}{2}(x - x^*)^T G(x - x^*) =$$

$$= F(x^*) + \frac{1}{2}(x - x^*)^T G(x - x^*)$$

неге десеңіз $(\nabla F(x^*) = 0)$

$$= a + x^{*T} b + \frac{1}{2} x^{*T} G x^* + \frac{1}{2}(x - x^*)^T G = (x - x^*) =$$

$$= a - \frac{1}{2} b^T G^{-1} b + \frac{1}{2}(x - x^*) G (x - x^*)$$

немесе,

$$F(x) = C + \frac{1}{2}(x - x^*)^T G(x - x^*), \qquad \text{(II.4.20)}$$

мұнда $C = a - \frac{1}{2} b^T G^{-1} b$ -константа.

(II.4.20) функциясының минимумын іздеуге итерациялық процедураны қолданамыз деп ұйғарайық.

Бірден бағытты *(мысалы, координаттар арқылы төмендеп іздеу әдісіндегі сияқты)* тағайындамай, алғашқы этаптардағы мәліметтерді жинап, соларды пайдаланып, келесі бағытты анықтағанымыз жөн болатыны айқын.

Минимум орналасқан нүктені табу үшін іздеу үрдісін x_0 нүктесінен бастап P_0 бағытында жүргізейік.

$$x_1 = x_0 + \lambda_0 P_0 \qquad \text{(II.4.21)}$$

мұнда λ_0 - сколярлық санның біреуі.

x_1 нүктесінде ***P_0*** бағытына $g(x_1)=\nabla F(x_1)$ бағыттар ортагоналды екенін белгілесек және

$$g(x_1)^T P_0=0 \qquad \text{(II.4.22)}$$

((II.2.16) және (II.4.12) теңдеулерін қараңыз).

Жалпы жағдайда ***i*** қадамында минимум орналасқан нүктені табу әрекетінде, іздеу үрдісі ***x_i*** нүктесінен ***P_i*** бағытында жүргізледі.

$$x_{i+1} = X_i + \lambda_i P_i \qquad \text{(II.4.23)}$$

мұнда, ***F(X)*** үшін келесі қатынастар орын табады:

$$g(x_{i+1})^T p_i = 0 \qquad \text{(II.4.24)}$$

$$g(x_i) = G(x_i - x^*) \qquad \text{(II.4.25)}$$

(II.4.23) теңдеуін қайта қолданып ***n*** -қадамнан кейін келесі өрнекті табамыз.

$$\begin{aligned} x_n &= x_{n-1}+\lambda_{n-1}P_{n-1}=x_{n-2}+\lambda_{n-2}P_{n-2}+\lambda_{n-1}P_{n-1}= \\ &= x_{j+1}+\sum_{i=j+1}^{n-1}\lambda_i P_i \end{aligned} \qquad \text{(II.4.26)}$$

$0 \le j < n-1$ аралығындағы j - лар үшін.

Сөйтіп, (II.4.25) теңдеуіне бағынсақ:

$$G(x_n - x^*) = G(x_{j+1} - x^*) + \sum_{i=j+1}^{n-1}\lambda_i GP_i \qquad \text{(II.4.27)}$$

Сондықтан,

$$g(x_n)^T P_i = g(x_{j+1})^T P_j + \sum_{i=j+1}^{n-1}\lambda_i P_i^T GP_j \qquad \text{(II.4.28)}$$

және (II.4.28) теңдеуінен табатынымыз:

$$g(x_n)^T P_j = \sum_{i=j+1}^{n-1}\lambda_i P_i^T GP_i. \qquad \text{(II.4.29)}$$

Енді, егерде барлық $P_0, P_1, \dots, P_{n-1}$ векторлер бір-бірімен қосақталған жағдайда

$$P_i^T GP_j = 0 \qquad \text{(II.4.30)}$$

$i \neq j$ тең болмаған кезде.

II. (4.24) қатынасынан келесі өрнек туады.

$$g(x_n)^T P_j = 0 \qquad \text{(II.4.31)}$$

$j=0,1, \dots ,n-1$ үшін

Бұл жағдайда ***$P_0, P_1, \dots, P_{n-1}$*** векторлары сызықтық байланыста болмағандығынан, олар базисты құрайды, яғни

$$g(x_n) = 0 \qquad \text{(II.4.32)}$$

содан

$$G(x_n - x^*) = 0 \qquad \text{(II.4.33)}$$

және

$$x_n = x^*$$

Сондықтан, егерде іздеуді бір-біріне қосақталған бағытта жүргізсек, ***n*** айнымалы квадраттық функциясының минимумын ***n*** қадамнан аспайақ табамыз. Осындай болжауға, 4.4 тақырыбында талқыланған Флетчер-Ривс әдісі негізделген.

§ II.4.3 Девидон-Флетчер-Пауэлл әдісі

Девидон-Флетчер-Пауэлл (ДФП) әдісі (II.4.16) және (II.4.18) өрнектерін пайдалануға негізделген, бірақ онда әр қадамда гессиан $\mathbf{G^{-1}(x_i)}$ матрицасын есептеудің қажеті болмайды, неге десеңіз і-қадамында іздеу бағыты ретінде $\mathbf{-H_i g(x_i)}$ бағытын қабылдаймыз, мұнда $\mathbf{H_i}$ - оң мәнді табылған симметриялық матрица. Бұл матрица әр қадамда жақартылады, ал сол әрекет төменде жазылып көрсетілген. Түбін де **H** матрицасы аударылған тессиан матрицасына тең болады.

Іздеуді $\mathbf{x_0}$ нүктесінен бастайық, алғашқы матрица ретінде H_0 матрицасын алып (әлбетте бұл бірлік матрицасы болуы мүмкін, бірақ алғашқы матрица ретінде кез-келген оң табылған симметриялық матрицалар бола алады). Итерациялық процедураны келесі түрде этап бойынша жазып көрсетейік: ($\mathbf{g(x_i)}$ орнына $\mathbf{g_i}$ жазғанымыз ыңғайлы)

1. **i** -қадамында $\mathbf{x_i}$ нүктесі және $\mathbf{H_i}$ оң табылған симметриялық матрица белгілі деп есептейік.

2. Іздеу бағыты ретінде келесі бағытты қабылдайық

$$d_i = - H_i g_i \qquad (II.4.34)$$

3. $f(x_i+\lambda_i d_i)$ функциясының минимумы орналасатын λ_i нүктелерін табу үшін, бір өлшемді іздеуді $\mathbf{x_i}+\lambda_i \mathbf{d_i}$ түзуі бойынша жүргіземіз.

4. $\mathbf{V_i}$ ретінде келесі өрнекті тағайындаймыз

$$V_i = \lambda_i d_i \qquad (II.4.35)$$

5. Өрнекті қабылдаймыз

$$x_{i+1}=x_i+v_i \qquad (II.4.36)$$

6. $\mathbf{f(x_{i+1})}$ және $\mathbf{g_{i+1}}$ табайық. Егерде $|g_{i+1}|$ немесе сандары $|v_i|$ жеткілікті кіші болса процедураны аяқтаймыз.

Ескерту: (4.24) өрнегіне келесі өрнекті жазамыз

$$g_{i+1}^T v_i = 0 \qquad (II.4.37)$$

7. Келесі теңдеуді қабылдаймыз

$$U_i = g_{i+1} - g_i \qquad (II.4.38)$$

8. H_i матрицасын жақартуды келесі өрнектер арқылы өткіземіз:

$$H_{i+1} = H_i + A_i + B_i \qquad (II.4.39)$$

мұнда

$$A_i = v_i v_i^T / (v_i^T u_i) \qquad (II.4.40)$$

$$B_i = -H_i u_i u_i^T H_i / (u_i^T H_i u_i) \qquad (II.4.41)$$

9. і -дің мәнін бірге ұлғайтып, сосын 2-ші қадамға ораламыз.

Флетчер және Пауэлдердің түсініктемелеріне бағыттанып процедураны түсіндірейік.

а) Егерде v_i функциясы кемитін болса және λ_i саны оң мәнді болса, үрдіс тұрақты болғаны. Неге десеңіз g_i бағыты ең тез ұлғаю бағытты болып табылады, v_i функциясының кемитін жағдайы тек қана келесі көбейтінді ең мәнді болғанда болады

$$-v_i^T g_i = -g_i^T v_i = \lambda_i g_i^T H_i g_i \qquad \text{(II.4.42)}$$

Бұл өрнектің орындалатын жағдайы, егерде M_i матрицасы кез-келген **i**-ге оң мәнді симметриялық болып табылса. Алғашқы H_0 матрицасы бұл қасиетпен өзінің анықталуымен жабдықталады. (II.4.39)-(II.4.41) қатынастарына сәйкес жүргізілетін жақсарту үрдісі тессиан матрицасының симметриялығын сақтайды. Индукция тәсілі бойынша, H_i матрицасы жақартқаннан кейінде оң мәнді болып табылады. Егерде осы шарт орындалған жағдайда, келесі өрнекті қарастыруымызға болады

$$C_i^T C_i = C_i C_i^T = H_i \qquad \text{(II.4.43)}$$

$$P = c_i \eta \ \text{ және } \ q = c_i u_i \qquad \text{(II.4.44)}$$

тең деп қабылдайық, мұнда η-кез-келген вектор.

Онда

$$\eta^T H_{i+1} \eta = \eta^T H_i \eta + \frac{\eta^T v_i v_i^T \eta}{v_i^T u_i} - \frac{\eta^T H_i u_i u_i^T H_i \eta}{u_i^T H_i u_i} =$$

$$= p^2 - \frac{(p^T q)^2}{q^2} + \frac{(\eta^T v_i)^2}{v_i^T u_i} =$$

$$= \frac{p^2 q^2 - (p^T q)^2}{q^2} + \frac{(\eta^T v_i)^2}{v_i^T u_i} \geq \frac{(\eta^T v_i)^2}{v_i^T u_i}, \qquad \text{(II.4.45)}$$

Неге десеңіз Шварц теңсіздігіне сәйкес $p^2 q^2 \geq (p^T q)^2$

(II.4.45) өрнегіндегі бөлшектің асты оң мәнді, олай болса

$$v_i^T u_i = v_i^T \left| g_{i+1} - g_i \right| = -v_i^T g_i,$$

Неге десеңіз $v_i^T q_{i+1} = 0$ тең (4.37) теңдеуден.

Сондықтан,

$$v_i^T u_i = \lambda_i g_i^T H_i g_i > 0, \qquad \text{(II.4.46)}$$

Неге десеңіз $\lambda_i > 0$ және H_i матрицасы оң мәнді табылған.

Сондықтан, $\eta^T H_{i+1} \eta > 0$, H_{i+1} матрицасының оң мәнді болып табылатынын дәлелдейді.

б) Егерде ДФП әдісін **G** симметриялық оң мәнді матрицасын пайдаланып квадраттық функцияға ((II.4.13) теңдеуін қараңыз) қолдансақ, іздеу n қадамнан кейін аяқталып және $H_n = G^{-1}$ тең екенін көрсетейік. Оны дәлелдеу үшін, $v_0, v_1, \ldots, v_k$ -векторлерін, $H_{k+1}G$ бірге тең өздік мәндері бар матрицасының, сызықтық байланыссыз өздік векторлері екенін көрсетсек жеткілікті. Онда $H_n G$ матрицасы бірлік матрицасы болуы қажет.

(II.4.38) қатынасынан келесі өрнек болатынын белгілейік,

$$U_i = g_{i+1} - g_i = Gx_{i+1} - Gx_i = Gv_i \qquad \text{(II.4.47)}$$

Жаңғыз ол ғана емес,

$$H_{i+1}Gv_i = H_{i+1}u_i = H_iu_i + A_iu_i + B_iu_i = H_iu_i + v_i - H_iu_i,$$

(II.4.39)-(II.4.41) өрнектерінен және $V_i^T u_i$ және $V_i^T \mathrm{H}_i u_i$ мәндерді қысқартуымызға болады.

Сөйтіп

$$H_{i+1}Gv_i = v_i \qquad \text{(II.4.48)}$$

Арқарай **k** арқылы индукция тәсілі бойынша, ***k=2, 3, ..., n*** мәндері үшін келесі қатынастарды орынды екенін көрсетеміз.

$$V_i^T Gv_j = 0, \quad 0 \le i < j < k \quad \text{үшін} \qquad \text{(II.4.49)}$$

$$H_kGv_i = v_i, \quad 0 \le i < k \quad \text{үшін} \qquad \text{(II.4.50)}$$

Оны дәлелдеу үшін (4.48) өрнегіндегі $i = 0$ тең деп алып $H_1Gv_0 = v_0$ қатынасты жазамыз. Байқайтынымыз бұл (II.4.50) қатынас өрнегі $k=1$ тең болған жағдайда $k=2$ тең болған жағдайда (II.4.50) өрнегінің түрі:

$$H_2Gv_0 = v_0 \quad \text{және} \quad H_2Gv_1 = v_1.$$

Екінші теңдік (II.4.48) өрнегінен $i = 1$ тең болғандағы қатынастан орынды деп есептейміз.

Бірінші теңдікте H_2 өзгертіп, яғни (II.4.39) өрнегін пайдаланып өзгертіп жазсақ болады

$$H_2Gv_0 = H_1Gv_0 + v_1\frac{v_1^T Gv_0}{V_1^T u_1} - \frac{H_1u_1u_1^T H_1Gv_0}{u_1^T H_1u_1}.$$

Теңдеудің оң жағындағы теңдеудің екі мүшесі 0-ге тең, неге десеңіз

$$v_1^T Gv_0 = v_0^T Gv_1 - v_0^T G(-\lambda_1 H_1 g_1) = -\lambda_1 g_1^T H_1 Gv_0 = -\lambda_1 g_1^T v_0 = 0$$

Бұл өрнек $i = 0$ үшін (II.4.48) қатынасынан және $i = 0$ жағдайда (II.4.37) қатынастарынан анықталады. Одан басқада аңғаратынымыз, $u_1 = Gv_1$ болғандықтан $u_1^T H_1 Gv_0 = v_1^T Gv_0$. Сөйтіп (II.4.50) қатынасындағы өрнектің $k=2$ тең кезінде де орынды екенін көрсетейік. Теңдеудің басқа шетіне аударсақ, керекті нәтижені аламыз.

$$v_0^T Gv_1 = 0,$$

Бұл (II.4.39) қатынастағы өрнек, $k=2$ тең болғандағы екені айғын.

Егерде (II.4.49) және (II.4.50) қатынастары k мәнінде орынды болса, ол өрнектер $k+1$ мәнінде де орынды екенін, индукция арқылы көрсетейік.

Білетініміз

$$G_k = b + Gx_k = b + G(x_{k-1} + v_{k-1}) = b + G(x_{k-2} + v_{k-2} + v_{k-1}) =$$
$$= g_{i+1} + G(v_{i+1} + v_{i+2} + \ldots + v_{k-1}) \qquad \text{(II.4.51)}$$

(II.4.49) қатынасынан, **i<k-1** болған жағдайын табамыз

$$v_i^T g_k = v_i^T g_{i+1} = 0,$$

және (II.4.37) қатынасын пайдаланып мынаны жазамыз.

$$v_{k-1}^T g_k = 0$$

Онда

$$v_i^T g_k = 0, \quad 0 \le i < k \qquad \text{үшін} \qquad (II.4.52)$$

және (II.4.50) қатынасынан байқайтынымыз

$$v_i^T G H_k g_k = 0, \quad 0 \le i < k \qquad \text{үшін}$$

онда

$$-v_i^T G d_k = 0$$

және

$$-v_i^T G y_k = 0, \quad \text{неге десеңіз} \quad v_k = \lambda_k d_k .$$

Сондықтан

$$-v_i^T G v_k = 0, \quad 0 \le i < k \qquad \text{үшін} \qquad (II.4.53)$$

Яғни

$$-v_i^T G v_j = 0, \quad 0 \le i < k+1 \qquad \text{үшін} \qquad (II.4.54)$$

(4.47) және (4.50) қатынастарынан мынаны жазамыз

$$(u_k)^T H_k G v_i = u_k^T v_i = v_k^T G v_i = 0, \quad 0 \le i < k(<k+1) \qquad \text{үшін} \quad (II.4.55)$$

Онда (II.4.39), (II.4.50) өрнектерінен жалғастырсақ

$$H_{k+1} G v_i = H_k G v_i + \frac{v_k v_k^T G v_i}{v_k^T u_k} - \frac{H_k u_k u_k^T H_k G v_i}{u_k^T H_k u_k} = H_k G v_i ,$$

неге десеңіз

$$v_k^T G v_i = 0$$

және

$$u_k^T H_k G v_i = u_k^T v_i = v_k^T G v_i = 0, \quad 0 \le i < k \qquad \text{үшін.}$$

Сөйтіп анықтағанымыз

$$H_{k+1} G v_i = H_k G v_i = v_i, \quad 0 \le i < k \qquad \text{үшін} \qquad (II.4.56)$$

i=k болған жағдайда болатыны

$$H_{k+1} G v_k = H_k G v_k + \frac{v_k v_k^T G v_k}{v_k^T u_k} - \frac{H_k u_k u_k^T H_k G v_k}{u_k^T H_k u_k} = H_k u_k + v_k - H_k u_k$$

неге десеңіз

$$v_k^T G v_k = v_k^T u_k \qquad \text{және} \qquad u_k^T H_k G v_k = u_k^T H_k u_k .$$

Сондықтан, $H_{k+1} G v_k = v_k$ және (II.4.56) қатынасынан табатынымыз

$$H_{k+1} G v_i = v_i \quad \text{егерде} \quad 0 \le i < k+1 \qquad (II.4.57)$$

(II.4.54) және (II.4.57) қатынастары келесі k үшін орынды болғаны (II.4.49) және (II.4.50) қатынастарындағы сияқты болады. Сондықтан индукция бойынша дәлелдедік деп санаймыз.

(II.4.49) қатынасынан байқайтынымыз, $v_0, v_1, ..., v_{n-1}$ векторлері түзу сызықтық байланыссыз екенін. Олардың G матрицасы арқылы бірі бірімен қосақталғандығы. (II.4.50) қатынасынан байқайтынымыз $\mathbf{v_0}$, $\mathbf{v_1}$, ..., $\mathbf{v_{n-1}}$

векторлерінің, өздік мәнді $\boldsymbol{H_n G}$ бірге тең матрицасының өздік векторлері екенін. Онда $\boldsymbol{H_n G}$ бірлік матрица болуы қажеттігінен ұйғаратынымыз

$$H_n = G^{-1} \qquad \text{(II.4.58)}$$

(II.4.52) қатынасындағы өрнектен байқайтынымыз, минимумды $\boldsymbol{n}$ итерациядан кейін тапқанымыз. Байланыссыз $\boldsymbol{v_0, v_1, ..., v_{n-1}}$ векторлерінің әр қайсысына $\boldsymbol{g_n}$ векторы ортогональды (перпендикулярлы) болуы қажет. Сондықтан

$$g_n = 0 \qquad \text{(II.4.59)}$$

в) (II.4.39) қатынасында $\boldsymbol{H}$ матрицасы жақарту тәсілі жазылған:

$$H_n = H_0 + \sum_{i=0}^{n-1} A_i + \sum_{i=0}^{n-1} B_i$$

$G^{-1} = \sum_{i=0}^{n-1} A_i$ тең екенін көрсетейік. (II.4.49) ортогоналдық (параллельдік) шартынан ұйғаратынымыз.

$$V^T GV = D$$

мұнда Vį -векторлерінен құрастырылған V -матрица, ал

D - диагоналдық матрица $v_i^T G v_i$ - элементтерінен құрастырылған.

Сондықтан

$$G = (V^T)^{-1} D V^{-1}$$

Онда

$$G^{-1} = V D^{-1} V^T$$

ал D - диагоналдық матрица болғандықтан, инверсия жасап матрицаларды бір-біріне көбейтіп келесі өрнекті табамыз.

$$G^{-1} = \sum_{i=0}^{n-1} \frac{v_i v_i^T}{v_i^T G v_i} = \sum_{i=0}^{n-1} \frac{v_i v_i^T}{v_i^T u_i}$$

((II.4.47) қатынасын қараңыз).

Сөйтіп

$$G^{-1} = \sum_{i=0}^{n-1} A_i \qquad \text{(II.4.60)}$$

(II.4.48) қатынас орындалған жағдайда, $H_{i+1} G V_i = V_i$, ал бұл дегеніміз

$$V_i = H_i G V_i + A_i G V_i + B_i G V_i$$

тең болғаны.

Ал $A_i G v_i = A_i u_i = \dfrac{v_i v_i^T u_i}{v_i^T u_i} = v_i$, тең болғаннан

онда

$$B_i G v_i = - H_i G v_i = - H_i u_i \qquad \text{(II.4.61)}$$

осыдан B_i - табуымызға болады.

$$B_i = \frac{-H_i u_i z^T}{z^T G v_i} = \frac{-H_i u_i z^T}{z^T u_i},$$

мұнда **z** - кез келген вектор. Біз $\mathbf{B_i}$ матрицасының симметриялық болғанын қалағандықтан, **z** векторы $\mathbf{z} = \mathbf{H_i u_i}$ ретінде қабылдайық. Қабылдағанда

$$B_i = \frac{-H_i u_i u_i^T H_i}{u_i^T H_i u_i} \qquad \text{(II.4.62)}$$

Тең болатындай қылып.

Осымен ДФП әдісінің теориялық түсініктемесін аяқтайық. Бұл әдісте Ньютон-Рафсон әдісінің болжауын қолдандық және қосақталған бағыттардың қасиеттерін пайдаландық. ***n*** -айнымалылы квадраттық функциясының минимумын табу үшін қолдансақ, ***n***- инерциядан аспай-ақ шешімге келіп тірілетінімізді көрсетейік. Бұл әдіс жақсы оптимизациялау процедурасы болып табылады. Функция квадраттықпа немесе квадраттық емеспе оған қарамастан, көп деген басқа да функциялар үшін оптимизициялауға тиімді.

Осы процедураның программасын төменде келтірейік. Программаға қосымша қарастырылған функцияны есептейтін және оның туындысын есептейтін ішкі программаларды жазу қажет. Әдеттегі қадамдар және айнымалылардың аттары программада көрсетілген. Бір өлшемді іздеу үрдісі кубтық интерполяция арқылы жүргізілген, бірақ іздеуді аяқтау дәлдіке байланысты емес, іздеуді аяқтау кіші функция мәнін табқан мерзімде болады. Программа текстінде айнымалылар аты процедура алгоритміндегіге ұқсас және түсніктемелер арқылы анықталған. Бір өлшемді іздеу үрдісі ретінде ***600-1010*** жолдарында 2.6 тараудағы кубтық интерполяция қолдалынған. Келесі іздеу аралығы ***930*** жолда анықталады, егер ол қажет болса.

1-мысал

(3; -1; 0; 1) координаттары бар нүктені алғашқы нүкте ретінде пайдаланып, Пауэлл функциясының минимумын табыңыз.

$$F(x_1, x_2, x_3, x_4) = (x_1 + 10x_2)^2 + 5(x_3 - x_4)^2 + (x_2 - 2x_3)^4 + 10(x_1 - x_4)^4$$

Төменде келтірілген ішкі программа осы функцияға жазылған. Ұсынылған алғашқы нүкте бұл функцияға ыңғайсыз нүкте болып табылады.

Минимум ***(0; 0; 0; 0)*** нүктесінде екені айқын.

```
100 PRINT «МИНИМИЗАЦИЯ МЕТОДОМ ДФП»
120 REM ОДНОМЕРНЫЙ ПОИСК ПРОИЗВОДИТСЯ КУБИЧЕСКОЙ
           ИНТЕРПОЛЯЦИЕЙ
150 REM ФУНКЦИЯ F(X1, X2, ..., XN) ВЫЧИСЛЯЕТСЯ В СТРОКЕ 5000
155 REM ЗНАЧЕНИЯ G(1), G(2), ..., G(N) ВЫЧИСЛЯЮТСЯ В СТРОКЕ 6000
200 PRINT «ВВЕДИТЕ ЧИСЛО ПЕРЕМЕННЫХ»:INPUT   N
```

```
220 DIM X(N), P(N), Q(N), R(N), D(N), G(N), U(N), V(N), Y(N), M(N)
240 DIM H(N, N)
300 REM ПЕРВОНАЧАЛЬНО ЗАДАТЬ Н ЕДИНИЧНОЙ МАТРИЦЕЙ
320 CC=0:FOR I=1  TO  N:FOR J=1  TO  N:H(I, J)=0:NEXT  J:H(I, J)=1:NEXT  I:TT=0
330 PRINT «ВВЕДИТЕ НАЧАЛЬНУЮ ТОЧКУ»
340 FOR I=1 TO N:INPUT «X»:I::INPUT   X(I):NEXT   I:PRINT   ""
360 REM ПРОМЕЖУТОЧНЫЙ ВЫВОД
380 PRINT «                ТЕКУЩИЕ ЗНАЧЕНИЯ»
400 FOR I=1 TO N:P(I)=X(I):PRINT   "X"; I,X(I):NEXT I
410 GOSUB 5000
420 PRINT "ИТЕРАЦИЯ";CC;"         ЗНАЧЕНИЕ  ";Z
430 FP=Z:GOSUB  6000:G1=G0
440 REM ГРАДИЕНТ ЗАПОМНИТЬ В U И ВЫБРАТЬ НАЧАЛЬНОЕ
НАПРАВЛЕНИЕ D
450 FOR I=1 TO N
460 U(I)=G(I):D(I)=0
470 FOR J=1 TO N
480 D(I)=D(I)-H(I, J)*G(J)
490 NEXT J
500 NEXT I
600 GP=0
610 FOR I=1 TO N;GP=GP+G(I)*D(I):NEXT I
620 IF GP < 0 THEN GOTO 680
625 REM НАЙТИ НАЧАЛЬНЫЙ ШАГ И, ЕСЛИ НЕОБХОДИМО,
627 REM ИЗМЕНИТЬ НАПРАВЛЕНИЕ СПУСКА НА ПРОТИВОПОЛОЖНОЕ
630 QX=ABS(2*FP/GP):IF QX>1 THEN QX=1
640 FOR I=1 TO N
650 X(I)=P(I)-QX*D(I):P(I)=X(I):NEXT I
660 GOSUB  5000:FP=Z:PRINT  «НЕСТАБИЛЬНОСТЬ?»
670 GOSUB 6000:G1=GO:GOTO 600
680 QX=ABS(2*FP/GP):IF QX>1 THEN QX=1
690 HH=QX
700 REM НАЙТИ СЛЕДУЮЩУЮ ТОЧКУ Q
710 BB=HH
720 FOR I=1 TO N
730 Q(I)=P(I)+BB*D(I):X(I)=Q(I)
740 NEXT I
750 GOSUB 5000:FQ=Z
760 GOSUB 6000:G2=G0
770 GQ=0
710 BB=HH
720 FOR I=1 TO N
730 Q(I)=P(I)+BB*D(I):X(I)=Q(I)
740 NEXT I
750 GOSUB 5000:FQ=Z
760 GOSUB 6000:G2=G0
770 GQ=0
780 FOR I=1 TO N
790 GQ=GQ+G(I)*D(I)
800 NEXT I
810 IF GQ>0 OR FQ>FP THEN GOTO 830
815 REM ВЫПОЛНИТЬ КУБИЧЕСКУЮ ИНТЕРПОЛЯЦИЮ
817 REM ИЛИ УДВОИТЬ ШАГ, ЧТОБЫ «НАКРЫТЬ»   МИНИМУМ
```

```
820 HH=2*HH:GOTO 700
830 ZZ=3*(FP-FQ)/HH:ZZ=ZZ+GP+GQ
840 WW=ZZ*ZZ-GP*GQ: IF WW<0 THEN WW=0
850 W=SQR(WW)
860 DD=HH*(1-(GQ+W-ZZ)/(GQ-GP+2*W))
870 FOR I=1 TO N:X(I)=P(I)+DD*D(I):NEXT I
880 GOSUB 5000:FR=Z
890 GOSUB 6000:G3=G0
895 REM НАЙТИ ГРАДИЕНТ В НОВОЙ ТОЧКЕ
900 GR=0
910 FOR I=1 TO N:GR=GR+G(I)*D(I):NEXT I
920 IF Z<=FP AND Z<=FQ THEN GOTO 1100
930 IF GR>0 THEN GOTO 990
960 HH=HH-DD
970 FOR I=1 TO N:P(I)=X(I):NEXT I
980 FP=Z:GP=GP:G1=G0:GOTO 830
990 HH=DD
1000 FOR I=1 TO N:Q(I)=X(I):NEXT I
1050  REM ОБНОВИТЬ МАТРИЦУ H
1100 KK=0:WK=0:DK=0
1110 FOR I=1 TO N
1120 U(I)=G(I)-U(I):V(I)=X(I)-Y(I)
1130 NEXT I
1140 FOR I=1 TO N:M(I)=0
1150 FOR J=1 TO N
1160 M(I)=M(I)+H(I, J)*U(J)
1170 NEXT J
1180 KK=KK+M(I)*U(I):WK=WK+V(I)*U(I)
1190 DK=DK+V(I)*V(I)
1200 NEXT I
1205 IF KK=0 OR WK=0 THEN GOTO 1260
1210 FOR I=1 TO N
1220 FOR J=1 TO N
1230 H(I, J0=H(I, J)-M(I)*M(J)/KK+V(I)*V(J)/WK
1240 NEXT J
1250 NEXT I
1260 CC=CC+1
1265 REM ПРОВЕРКА КРИТЕРИЯ ЗАВЕРШЕНИЯ
1270 IF SQR<.00005 OR G3<.00001 THEN GOTO 1300
1275 REM НАЧАТЬ НОВУЮ ИТЕРАЦИЮ ПОИСКА
1280 GOTO 400
1300 PRINT «МИНИМУМ НАЙДЕН»
1310 PRINT "КОЛИЧЕСТВО ИТЕРАЦИЙ="; CC;"  ЗНАЧЕНИЕ МИНИМУМА=  "; Z
1320 FOR I=1  TO N
1330 PRINT  "X"; I, X(I)
1340 NEXT I
1350 END
5000 Z=O
5010 Z=(X(1)+10*X(2))^2+5(X(3)-X(4))^2
5020 Z=Z+(X(2)-2*X(3))^4+10(X(1)-X(4))^4
5100 TT=TT+1
5200 RETURN
6000 G0=0
```

```
6100 G(1)=2*(X(1)+10*X(2))+40*(X(1)-X(4))^3
6200 G(2)=20*(X(1)+10*X(2))+4*(X(2)-2*X(3))^3
6300 G(3)=10*(X(3)-X(4))-8*(X(2)-2*X(3))^3
6400 G(4)=-10*(X(3)-X(4))-40*(X(1)-X(4))^3
7000 FOR I=1 TO N:G0=G0+G(I)*G(I):NEXT I
7010 G0=SQR(G0)
7500 RETURN
```

```
МИНИМИЗАЦИЯ МЕТОДОМ ДФП
ВВЕДИТЕ ЧИСЛО ПЕРЕМЕННЫХ
4
ВВЕДИТЕ НАЧАЛЬНУЮ ТОЧКУ
X 1   3
X 2  -1
X 3   0
X 4   1

  ТЕКУЩИЕ ЗНАЧЕНИЯ
X 1            3
X 2            -1
X 3            0
X 4            1
ИТЕРАЦИЯ 0  ЗНАЧЕНИЕ   215
X 1            1.949874
X 2            -.5058231
X 3            6.683568E-03
X 4            2.063853
ИТЕРАЦИЯ     2        ЗНАЧЕНИЕ 30.89246
X 1            1.952094
X 2            -.1460427
X 3            .1139128
X 4            1.983205
ИТЕРАЦИЯ     2        ЗНАЧЕНИЕ 17.73255
X 1            1.672088
X 2            -.1326144
X 3            .6173387
X 4            1.740239
ИТЕРАЦИЯ     3        ЗНАЧЕНИЕ 9.919396
X 1            .1212769
X 2            -9.131193E-03
X 3            .23143347
X 4            .2154706
ИТЕРАЦИЯ     4        ЗНАЧЕНИЕ 5.259228E-02
X 1            .1124414
X 2            -1.592427E-02
X 3            .1754911
X 4            .2051925
ИТЕРАЦИЯ     5        ЗНАЧЕНИЕ 2.546394E-02
X 1            1.728326E-02
X 2            -1.335926E-04
X 3            .1186576
X 4            1068345
```

X 1 1.669752E-03
X 2 -1.673108E-04
X 3 1.655202E-03
X 4 1.653915E-03
ИТЕРАЦИЯ 23 ЗНАЧЕНИЕ 1.658259E-10
X 1 5.41309E-04
X 2 -5.39442E-05
X 3 9.644107E-04
X 4 9.654203E-04
ИТЕРАЦИЯ 24 ЗНАЧЕНИЕ 2.436223E-11
МИНИМИЗАЦИЯ ЗАКОНЧЕНА
КОЛИЧЕСТВО ИТЕРАЦИЙ РАВНО 25 ЗНАЧЕНИЕ МИНИМУМА РАВНО 7.528931У-12
X 1 1.960656E-04
X 2 -1.964616E-05
X 3 7.700225E-04
X 4 7.697501E-04

§ II. 4.4 Флетчер-Ривс әдісі

Флетчер-Ривс әдісінде іздеу үрдісі бір-біріне қосақталған бағытта ***n***-айнымалыны квадраттық функцияға жүргізіледі.

(II.4.13) өрнегіндегі функцияны қарастырайық, яғни

$f(x) = a + b^T x + ½\, x^T G x$

Бір өлшемді іздеуді, ***G*** матрицасы арқылы бір-біріне қосақталған бағыт бойында, жүргізейік.

Бірінші $\boldsymbol{x_1}$ нүктесінен, бірінші іздеу бағыты ретінде тез төмендеу бағытын қарастырып,

$$d_1 = -g_1 \qquad \text{(II.4.63)}$$

және $\boldsymbol{\lambda_1}$ санын функция минимумын іздеу арқылы табайық

$f(x_1 + \lambda d_1)$

$\boldsymbol{x_2}$ келесі өрнектен тауып

$$x_2 = x_1 + \lambda_1 d_1 \qquad \text{(II.4.64)}$$

және іздеуді $\boldsymbol{d_2}$ бағытында атқарамыз.

$\boldsymbol{d_2}$ бағыты $\boldsymbol{d_1}$ бағытына қосақталған $\lambda \boldsymbol{d_2}$ векторын $\boldsymbol{g_2}$ және $\boldsymbol{d_1}$ векторлерінің түзу сызықтық қатынас (комбинациясы) арқылы таңдап анықтаймыз).

Сосын табатынымыз

$$x_3 = x_2 + \lambda_2 d_2 \qquad \text{(II.4.65)}$$

λ_2 мәнін $\boldsymbol{f\ (x_2 + \lambda_2\ d_2)}$ функциясының минимумын іздеу арқылы табамыз.

$\boldsymbol{x_3}$ нүктесінен іздеу $\boldsymbol{d_3}$ бағытын $\boldsymbol{d_1}$ және $\boldsymbol{d_2}$ бағыттарына қосақталған бағыт ретінде анықтап қабылдаймыз. ***(k+1)***-ші қадамында $\boldsymbol{d_{k+1}}$ бағытын

$-g_{k+1}, d_1, d_2, ..., d_k$ век торларының сызықтық комбинация түрінде және $d_1,d_2,...,d_k$ векторлер бағыттарына қосақталған бағыт ретінде анықтап қабылдаймыз.

Сөйтіп, $$d_{k+1} = -g_{k+1} + \sum_{r=1}^{k} \alpha_r d_r, \quad k=1,2,\ldots,$$

айқайтынымыз, α_k -дан басқасының барлық α_r-мәндері нөлге тең болады, сондықтан

$$d_{k+1} = -g_{k+1} + \alpha_k d_k \qquad \text{(II.4.66)}$$

және

$$\alpha_k = -g^2_{k+1} / g^2_k \qquad \text{(II.4.67)}$$

индукциялық талқылаудың алдында, $k=1$ мәніне (II.4.66) және (II.4.67) өрнектерінің орынды екенін дәлелдейік.

$f(x_2) = f(x_1 + \lambda_1 d_1)$ өрнектің мәні $f(x_1 + \lambda d_1)$ түзу функциясының бойындағы минимумына тең болғандықтан

$$g^T_2 d_1 = -g^T_2 g_1 = 0 \qquad \text{(II.4.68)}$$

Бұл нәтиженің дәлелін алғашында да біз бірнеше рет тауып көрсеткенбіз *((II.4.37), (II.4.22), (II.4,24) қатынастарын қараңыз).* Ол квадраттық функцияға да жүретін қатынас.

$$g_2 = b + Gx_2, \quad g_1 = b + Gx_1$$

Онда, егерде d_1 және $d_2 = -g_2 + \alpha_1 d_1$ қосақталған болса

$$d^T_2 G d_1 = 0,$$

яғни

$$-g^T_2 G d_1 + \alpha_1 d^T_1 G d_1 = 0$$

Сондықтан

$$\frac{\left(-g_2^T - \alpha_1 g_1^T\right) G \left(x_2 - x_1\right)}{\lambda_1} = 0,$$

осыдан жазатынымыз

$$\left(-g_2^T - \alpha_1 g_1^T\right)\left(g_2 - g_1\right) = 0.$$

сөйтіп

$$-g_2^2 + \alpha_1 g_1^2 = 0.$$

(II.4.68) қатынасындағы басқа мүшелері жойылады, сондықтан

$$\alpha_1 = g_2^2 \big/ g_1^2$$

керекті өрнекті дәлелдедік. Бұл $k = 1$ тең жағдайдағы (II.4.67) өрнегін көрсетеді.

Енді, индукция арқылы (II.4.66) және (II.4.67) қатынастарының $d_1, d_2, \ldots, d_k$ векторлері жоғарыда көрсетілген тәсіл мен бір-біріне қосақталып табылғанын ескере отыра, кез келген k санына да жарайтындығын дәлелдейік.

$x_{k+1} = x_k + \lambda_k d_k$ нүктесі ретінде $x_k + \lambda_k d_k$ түзу сызық бойындағы функциясының минимумы орналасқан нүктеге сәйкестігі анықталды.

Онда

$$g^T_{k+1} d_k = 0 \qquad \text{(II.4.69)}$$

ұғып жазатынымыз

$x_{k+1} = x_k + \lambda_k d_k = x_{k-1} + \lambda_{k-1} d_{k-1} + \lambda_k d_k$ және т.с.с.

Сөйтіп,

$$x_{k+1} = x_{j+1} + \sum_{i=j+1}^{k} \lambda_i d_i \; ; \quad 1 \le j \le k-1 \quad \text{үшін} \qquad \text{(II.4.70)}$$

сондықтан,

$$Gx_{k+1} = Gx_{j+1} + \sum_{i=j+1}^{k} \lambda_i G d_i \; ,$$

Онда

$$g^T_{k+1} = g^T_{j+1} + \sum_{i=j+1}^{k} \lambda_i d_i^T G \; , \quad 1 \le j \le k-1 \quad \text{үшін,}$$

Содан

$$g^T_{k+1} = g^T_{j+1} d_j + \sum_{i=j+1}^{k} \lambda_i d_i^T G d_j \; .$$

өзгерту нәтижесінде білетініміз $g^T_{j+1} d_j = 0$ *((II.4.68) және (II.4.69) қатынастарына сәйкес)* және векторлердің бір-біріне қосақталған қасиеттерінен $d_i^T G d_j = 0$, $j < i$ үшін.

Сөйтіп теңдеудің оң жағындағы қосындылардың әр қайсысы нөлге тең болады.

Сондықтан,

$$g^T_{k+1} d_j = 0, \quad j=1,2,...,k-1 \quad \text{үшін} \qquad \text{(II.4.71)}$$

және (II.4.69) қатынасы арқылы білетініміз

$$g^T_{k+1} d_j = 0, \quad j=1,2,...,k-1 \quad \text{үшін} \qquad \text{(II.4.72)}$$

сөйтіп g_{k+1} векторы $d_1, d_2, ..., d_k$ векторларын әр қайсысына ортагоналды екенін дәлелдедік.

Сол сияқты g_{k+1} векторы $g_1, g_2, ..., g_k$ векторларына да ортагоналды екенін көрсетуімізге болады, оны (II.4.72) қатынасы арқылы білеміз:

$$g^T_{k+1} d_j = 0, \quad j = 1,2,...,k-1 \quad \text{үшін}$$

Индукция бойынша дәлелдеуді алғашындағы болжау бойынша

$$d_j = - g_j + \alpha_{j-1} d_{j-1}$$

жоғарыдағы өрнекті өзгертіп жазамыз

$$-g_{k+1}^T g_j + \alpha_{j-1} g_{k+1}^T dj - 1 = 0$$

сондықтан, $-g_{k+1} d_{j-1}=0$, неге десеңіз (II.4.72) қатынасынан $- g^T{}_{k+1} d_{j-1} = 0$, тең.

Сөйтіп,

$$g_{k+1}^T d_j = 0, \qquad j = 1,2,...,k \quad \text{үшін} \qquad (II.4.73)$$

Индукция бойынша дәлелдеудің соңы болды деп есептейміз, егерде, (II.4.66) өрнегі бойынша табылған $\boldsymbol{d_{k+1}}$ векторын $\boldsymbol{d_1, d_2, ..., d_k}$ векторлары мен қосақталған екенін көрсетсек.

$j = 1,2,...,k-1$ үшін білетініміз

$$d^T{}_{k+1} G\, d_j = - g^T{}_{k+1} G\, d_j + \alpha_k d^T{}_k d_j = - g^T{}_{k+1} G\, d_j$$

Бір-бірімен қосақталған векторлар болғандығынан.

Онда

$$-g_{k+1}^T G d_j = -g_{k+1}^T G \frac{\left(x_{j+1} - x_j\right)}{\lambda_j} = -g_{k+1}^T \frac{\left(g_{j+1} - g_j\right)}{\lambda_j} = 0$$

(II.4.73) өрнекті есепке алғанда.

Сөйтіп, $d^T{}_{k+1} G\, d_j = 0, \quad j=1,2,...,k-1$ үшін және бұл кез келген α_k–ға да орнықты.

Дәлелдеуді аяқтау үшін, төмендегі теңдеу орындалатындай қылып α_k - санын табуымыз қажет.

$$d_{k+1}^T G d_k = 0 :$$

$$d_{k+1}^T G d_k = -g_{k+1}^T G d_k + \alpha_k d_k^T G d_k =$$

$$= -g_{k+1}^T \frac{\left(g_{k+1} - g_k\right)}{\lambda_k} + \alpha\left(-g_k^T + \alpha_{k-1} d_{k-1}^T\right)\frac{\left(g_{k+1} - g_k\right)}{\lambda_k}.$$

Сондықтан,

$$d_{k+1}^T G d_k = \frac{-g_{k+1}^2 + \alpha_k g_k^2}{\lambda_k}.$$

неге десеңіз оң жақтағы басқа мүшелердің бәрі жойылады (II.4.72) және (II.4.73) қатынастарын ескерсек.

Сондықтан, $\boldsymbol{d_{k+1}}$ бағытын $\boldsymbol{d_k}$ бағытына қосақталған болады, егерде

$\boldsymbol{\alpha_k = g^2{}_{k+1} / g^2{}_k}$ тең болса, керекті дәлелді тауып дәлелдедік.

Сөйтіп, Флетчер-Ривс әдісінде іздеу жүргізу бағыттары бір-біріне қосақталған болады және бұл әдісте ***n*** айнымалылы квадраттық функцияның минимумың саны ***n***-қадамнан аспайтын қадамдар арқылы табамыз. Бұл бір өлшемді іздеу үрдісін керекті дәлдікпен жүргізілгені, және есептегенде пайда болатын домалақтау қателерінің болмайтындығы (жайылғаны).

Жоғарыда айтылған әдісті, квадраттық емес функцияларға да қолдануымызға болатындығын айтқанымыз жөн. Неге десеңіз квадраттық аппроксимация орын алса, оның минимумға әкеп соқтыруына үміттенуге болады, егерде минимумның айналасында іздеу үрдісі жүргізілсе, Флетчер және Ривстердің болжауы бойынша, әр ***n*** бағыты ретінде, тез төмендеу бағытын іздеу үрдісінде қабылдап және қосақталған бағытты есептеген сайын іздеу үрдісін қайталап жүргізілуі қажет.

Төменде осы болжауды іске асырып іздеу үрдісін орындайтын программа жазылған. Жалпы түрді бұл әдіс ДФП әдісінен қолайлы емес, бірақ өте пайдалы болуы мүмкін.

```
100 PRINT «МИНИМИЗАЦИЯ МЕТОДОМ ФЛЕТЧЕРА-РИВСА»
120 REM ОДНОМЕРНЫЙ ПОИСК ПРОИЗВОДИТСЯ КУБИЧЕСКОЙ
     ИНТЕРПОЛЯЦИЕЙ
150 REM ФУНКЦИЯ F(X1, X2, ..., XN) ВЫЧИСЛЯЕТСЯ В СТРОКЕ 5000
155 REM ЗНАЧЕНИЯ G(1), G(2), ..., G(N)
200 PRINT «ВВЕДИТЕ ЧИСЛО ПЕРЕМЕННЫХ»:INPUT N
220 DIM X(N), Y(N), Q(N), D(N), G(N)
300 PRINT «ВВЕДИТЕ НАЧАЛЬНЫЕ ЗНАЧЕНИЯ»
320 FOR I=1 OT N;INPUT «X»;I;;INPUT X(I):NEXT:PRINT «»
340 REM ЗАДАТЬ НАЧАЛЬНЫЕ ЗНАЧЕНИЯ СЧЕТЧИКОВ
350 SV=1:TV=0
360 REM ПРОМЕЖУТОЧНЫЙ ВЫВОД
380 PRINT «                ТЕКУЩИЕ ЗНАЧЕНИЯ»
550 FOR I=1 TO N;P(I)=X(I):PRINT "X";I;"=";X(I):NEXT I
560 GOSUB 5000:FP=Z:PRINT "Z="Z
570 GOSUB 6000:G1=G0:GK=G0
575 REM В КАЧЕСТВЕ ПЕРВОГО НАПРАВЛЕНИЯ ВЗЯТЬ
577 REM НАПРАВЛЕНИЕ НАИСКОРЕЙШЕГО СПУСКА
580 FOR I=1 TO N:D(I):NEXT I
585 REM K  - СЧЕТЧИК   ИТЕРАЦИЙ
590 K=1
600 GP=0
610 FOR I=1 TO N:GP=GP+G(I)*D(I):NEXT I
620 IF GP<=0 THEN GOTO 680
625 REM ОПРЕДЕЛИТЬ НАЧАЛЬНЫЙ ШАГ И,
627 REM  ЕСЛИ  НЕОБХОДИМО,ИЗМЕНИТЬ  НАПРАВЛЕНИЕ  СПУСКА
     НА ПРОТИВОПОЛОЖНОЕ
630 QX=ABS(2*FP/GP):IF QX>1 THEN QX=1
640 FOR I=1 TO N
650 X(I)=P(I)-QX*D(I):P(I)=X(I):NEXT I
660 GOSUB 5000:FP=Z:PRINT «НЕСТАБИЛЬНОСТЬ»
670 GOSUB 6000:G1=G0:GOTO 600
680 QX=ABS(2*FP/GP):IF QX>1 THEN QX=1
690 HH=QX
700 REM НАЙТИ СЛЕДУЮЩУЮ ТОЧКУ
710 BB=HH
720 FOR I1 TO N
790 GQ=GQ+G(1)*D(I)
800 NEXT I
```

```
810 IF GQ>0 OR FQ>FP THEN GOTO 860
815 REM ВЫПОЛНИТЬ ИНТЕРПОЛЯЦИЮ,
817 REM УДВОИТЬ ШАГ И ПЕРЕЙТИ К ТОЧКЕ Q
818 REM  ИЛИ  УДВОИТЬ   ШАГ,  ЧТОБЫ   «НАКРЫТЬ»   МИНИМУМ
820 HH=2*HH
830 FOR I=1 TO N:P(I)=Q(I):NEXT I
840 FP=FQ:GP=GQ:G1=G2
850 GOTO 710
860 ZZ=3*(FP-FQ)/HH:ZZ=ZZ+GP+GQ
870 WW=ZZ*ZZ-GP*GQ:IF WW<0 THEN WW=0
880 W=SQR(WW)
890 DD=HH*(1-(GQ+W-ZZ)/(GQ-GP+2*W))
900 FOR I=1 TO N:X(I)=P(I)+DD*D(I):NEXT I
910 GOSUB 5000:FR=Z
920 GOSUB 6000:G3=G0
925 REM НАЙТИ ГРАДИЕНТ В НОВОЙ ТОЧКЕ
930 GR=0
940 FOR I-1 TO N:GR=GR+G(I)*D(I):NEXT I
950 IF Z<=FP AND Z<=FQ THEN GOTO 1100
960 IF GR>0 THEN GOTO 1020
990 HH=HH-DD
1000 FOR I=1 TO N:Q(I)=X(I):NEXT I
1010 FP=Z:GP=GR:GOTO 860
1020 HH=DD
1030 FOR I=1 TO N:Q(I)=X(I):NEXT I
1040 FQ=Z:GQ=GR:GOTO 860
1100 REM ПРОВЕРКА КРИТЕРИЯ ЗАВЕРШЕНИЯ
1110 IF G3<.000001 THEN GOTO 1300
1120 IF K=N THEN GOTO 1250
1130 REM УВЕЛИЧИТЬ СОДЕРЖИМОЕ СЧЕТЧИКА ИТЕРАЦИЙ
1140 K=K+1
1150 REM НАЙТИ СОПРЯЖЕННОЕ НАПРАВЛЕНИЕ
1160 AK=G3*G3/(GK*GK)
1170 FOR I=1 TO N:D(I)=-G(I)+AK*D(I):P(I)=X(I):NEXT I
1200 PRINT «НОВОЕ  НАПРАВЛЕНИЕ»;:DV=DV+1:PRINT
        «    ПОИСКА»;DV
1210 FP=Z:G1=G0:GK=G0
1220 FOR I=1 TO N:PRINT "X";I;"=";X(I):NEXT    I:PRINT     "Z=";Z
1230 GOTO 600
1250 PRINT «РЕСТАРТн;:SV=SV+1:DV=DV+1
1260 PRINT "              ИТЕРАЦИЯ"; SV;"    ПОИСК"; DV
1270 PRINT ""
1280 GOTO 550
1300 PRINT   "МИНИМУМ НАЙДЕН"
1320 FOR I=1 TO N:PRINT   "X";I;"=";X(I):NEXT    I
1340 PRINT   "МИНИМУМ  ФУНКЦИИ РАВЕН    "Z
1350 PRINT  "КОЛИЧЕСТВО ВЫЧИСЛЕНИЙ ФУНКЦИИ РАВНО  ";TV
1400 END
5000 Z=100*(X(2)-X(1)*X(1))^2
5010 Z=Z+1(1-X(1))^2
5020 TV=TV+1
5200 RETURN
6000 G0=0
```

```
6100 G(1)=-400*X(1)*(X(2)-X(1))
6110 G(1)=G(1)-2*(1-X(1))
7000 FOR I=1 TO N:G0=G0+G(I)*G(I):NEXT I
7010 G0=SQR(G0)
7500 RETURN
```

1- <u>Мысал</u>

Розенброк функциясын Флетчер-Ривс әдісін қолданып алғашқы нүкте ретінде ***(-1,2; 1)*** нүктені тағайындап минимумын іздеп табыңыз.

Функцияның өзі де оптимизациялауға қиын және алғашқы *(-1,2; 1)* нүктесіде ыңғайсыз нүкте. Функция минимумы (1;1) нүктесінде болатындығына көзіміз жетеді.

Программаның жұмыс істеуін келтірейік.

```
МИНИМИЗАЦИЯ МЕТОДОМ ФЛЕТЧЕРА-РИВСА
ВВЕДИТЕ ЧИСЛО ПЕРЕМЕННЫХ
2
ВВЕДИТЕ НАЧАЛЬНЫЕ ЗНАЧЕНИЯ
X 1  -1.2
X 2   1
          ТЕКУЩИЕ ЗНАЧЕНИЯ
X 1 = -1.2
X 2 = 1
Z= 24.20001
НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ              ПОИСКА 1
X 1 = -1.0302
X 2 = 1.069306
Z = 4,128102
РЕСТАРТ            ИТЕРАЦИЯ 2        ПОИСК 2
X 1 =-.7342701
X 2 = .4632753
Z = 3.583429
НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ              ПОИСКА 3
X 1 = -.6921596
X 2 = .4880884
Z = 2.871511
РЕСТАРТ            ИТЕРАЦИЯ 3        ПОИСК 4

X 1 = -.5967852
X 2 = .3241929
Z = 2.65865
НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ                    ПОИСКА 5
X 1 = -.5726343
X 2 = .3384563
Z = 2.484301
РЕСТАРТ            ИТЕРАЦИЯ 45       ПОИСК 88

X 1 = .9999818
X 2 = .9999634
Z = 3.34083E-10
```

НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ ПОИСКА 89
X 1 = .9999818
X 2 = .9999634
Z = 3.330172E-10
РЕСТАРТ ИТЕРАЦИЯ 46 ПОИСК 90

X 1 = .9999821
X 2 = .9999643
Z = 3.250769E-10
НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ ПОИСКА 91
X 1 = .9999822
X 2 = .9999642
Z = 3.190373E-10
РЕСТАРТ ИТЕРАЦИЯ 47 ПОИСК 92

X 1 = .9999822
X 2 = .9999643
Z = 3.179714E-10
НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ ПОИСКА 93
X 1 = .9999823
X 2 = .9999644
Z = 3.165788E-10
МИНИМУМ НАЙДЕН
X 1 = 1
X 2 = 1
МИНИМУМ ФУНКЦИИ РАВЕН 0
КОЛИЧЕСТВО ВЫЧИСЛЕНИЙ ФУНКЦИИ РАВНО 250

2 Мысал.

$$f(x_1, x_2, x_3) = 3(x_1-1)^2 + 2(x_2-2)^2 + (x_3-3)^2$$

Функция минимумын табыңыз.

1-ші мысалға қарағанда бұл есеп қарапайым. Алғашқы нүкте ретінде ***(9;-7;11)*** нүкте қабылданған. Төмендегі программаның жұмыс істеуі, Флетчер-Ривс әдісі бойынша (теория бойынша) үш итерациядан кейін тапқанымызды байқаймыз.

МИНИМИЗАЦИЯ МЕТОДОМ ФЛЕТЧЕРА-РИВСА
ВВЕДИТЕ ЧИСЛО ПЕРЕМЕННЫХ
3
ВВЕДИТЕ НАЧАЛЬНЫЕ ЗНАЧЕНИЯ
X 1 9
X 2 -7
X 3 11

ТЕКУЩИЕ ЗНАЧЕНИЯ
X 1 = 9
X 2 = -7
X 3 = 11
НОВОЕ НАПРАВЛНИЕ ПОИСКА 1

X 1 = -.481967
X 2 = .1114755
X 3 = 7.839344
Z= 37.14098
НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ ПОИСКА 2
X 1 = 1.206897
X 2 = 2.827586
X 3 = 4.862069
Z= 4.965516
МИНИМУМ НАЙДЕН
X 1 = .999999
X 2 = 2
X 3 = 3
МИНИМУМ ФУНКЦИИ РАВЕН 4.263257E-14
КОЛИЧЕСТВО ВЫЧИСЛЕНИЙ ФУНКЦИИ РАВНО 7

§ II. 4.5 Жаттығулар

1) II.4.1 тараудағы тез төмендеу әдісіне жазылған программаны түзу сызықты іздеу Фибоначчи әдісін, *«алтын қиылыс»* әдісін, кубтық интерполяция әдісін қолданатындайғып өзгертіңіз. Оны келтірілген мысалдарға пайдаланып есептерді шығарыңыз. Туатын қиыншылықтарға
зер салып талқылаңыз.

2) II.4.1 тараудағы 1-ші және 2-ші мысалдарды әр түрлі алғашқы нүктелерге қолданып шығарып көріңіз. Қандай қиыншылықтарды аңғардыңыз?

3) Тез төмендеу әдісін қолданғанда бір-бірінен кейін табылған P_0, P_1 және P_2 нүктелері белгілі болды деп есептейік. болжау бойынша есептеу үрдісі, егерде келесі P_0, P_2 бағытында жүргізілсе жылдам жүреді деп қабылдайық. Осы болжауды көрсететіндей қылып, бір қалыптағы сызықтарды минимумның төңірегінде сызып көрсетіп талқылаңыз. Осы болжауды 4.1 тараудағы программасында өзгертіп келтіріп байқаңыз.

4) Егерде, екі айнымалылы оң мәнді квадраттық функция - $f(x)$ болса. Оның минимумы $(0; 0)$ нүктесінде орналасқан, ал X_0, X_1 және X_2 - үш нүкте бірінен соң бірі тез төмендеу әдісі бойынша табылған нүктелер болса. X_0 және X_2 нүктелер арқылы түзу сызық, функцияның минимумы орналасқан нүктесін қиып өтетінін көрсетіңіз. *(3-ші жаттығуда айтылған есептеу үрдісін жылдамдатуды қараңыз)*.

5) Квадраттық функцияны $f(x,y) = x^2/a^2 + y^2/b^2$ қарастырайық, мұнда a және b - тұрақты сандар. Функцияның бір қалыпты мәндері бар сызықтар ретінде эллипстер болсын.

$$\frac{x^2}{a^2} + \frac{y^2}{b^2} = c^2$$

мұнда c^2 - функция мәні. Функция минимумы нөлге тең және координаттар басындағы нүктеде $(0; 0)$ орналасқан болсын. Төмендегі түзу сызық

$$y = mx \pm c\sqrt{\left(a^2 m^2 + b^2\right)}$$

Эллипске жанама ретінде бағытталғандығын және

$$\left[\pm \frac{ma^2 c}{\sqrt{\left(a^2 m^2 + b^2\right)}}, \pm \frac{cb^2}{\sqrt{\left(a^2 m^2 + b^2\right)}}\right]$$

Координаттары бар ***P*** нүктесінде түйілісетінін көрсетіңіз.

Сондықтан, алғащқы нүктеден басталатын іздеу үрдісі осы түзу сызық бойымен жүріп минимум орналасқан ***P*** нүктесінде аяқталады.

Түзу сызық градиенті, ***P*** нүктесін координаттар басы *(минимум орналасқан нүкте)* мен қосқанда болады, оның мәні m' тең болсын.

$mm' = -b^2 / a^2$ тең болатынын көрсетіңіз.

$$p^T \begin{pmatrix} 1/a^2 & 0 \\ 0 & 1/b^2 \end{pmatrix} q = 0$$

мұнда $p^T = (\cos\alpha; \sin\alpha)$; $q^T = (\cos\beta, \sin\beta)$ және $m = tg\alpha$, $m' = tg\beta$.

Сондықтан, ***p*** және ***q*** векторлары бір біріне қосақталған және іздеу үрдісі ***p*** векторының бойымен, сосын ***q*** векторының бойымен жүргізілсе, минимумды екі итерациядан кейін табамыз.

6) $f(x) = 3(x_1 - 4)^2 + 5(x_2 + 3)^2 + 7(2x_3 + 1)^2$

функция минимумын ДФП және Флетчер-Ривс әдістерін қолданып табыңыз. Бірінші жағдайда алғашқы нүктеден байланысты емес минимумды табу үшін үш итерация қажеттігін көрсетіңіз, ал екінші жағдайда үш іздеу үрдісінің қадамдарының қажеттігін көрсетіңіз.

7) Функция минимумын табыңыз:

$$f(x_1, x_2) = 1 - x_1 - 2x_2 - 4x_1x_2 + 10x_1^2 + 2x_2^2$$

8) Функция минимумын табыңыз:

$x_1^4 + x_2^4 + 2x_1^2 x_2^2 - 4x + 3$

9) Функция минимумын табыңыз:

$(x_1^2 + x_2 + 11)^2 + (x_1 + x_2^2 - 7)^2$

10) Функция минимумын табыңыз:

$f(x_1, x_2) = x_1^3 + x_2^2 - 3x_1 - 2x_2 + 2$

5 - тарау
Шектелген шарт болғандағы оптимизация
Жалпы теориясы

§ II. 5.1 Шектеудің теңдік түріндегі шарты

Екі айнымалы функцияның минимумын іздеу есебін қарастырайық:

$$z = f(x, y),$$

мұнда x пен y-ке қойылған шектеу келесі теңдеу мен берілген

$$g(x, y) = 0 \qquad \text{(II.5.1)}$$

Жалпы түрде, $g(x, y) = 0$ теңдеуін x айнымалысынан байланысты y арқылы шығарып жазсақ, яғни $y = h(x)$. Бірақ, тәжірибе түрінде, бұл қиын есеп болуы мүнкін немесе тіпті $h(x)$ функциясының айқын түрін табу мүмкін емес болады.

Кейбір дифференциалдау шарттары орындалған жағдайда $h(x)$ функциясының туындысы:

$$\frac{dy}{dx} = \frac{d}{dx} h(x) = -\frac{\partial g}{\partial x} \Big/ \frac{\partial g}{\partial y} \qquad \text{(II.5.2)}$$

онда функцияны

$$z = f(x,y) = f[x, h(x)] \qquad \text{(II.5.3)}$$

бір x айнымалысы арқылы жазуымызға болады.

Ал z функциясының минимумы болғандқтан қажетті шарты ретінде келесі өрнектер болады.

$$\frac{dz}{dx} = \frac{\partial f}{\partial x} + \frac{\partial f}{\partial y}\frac{dy}{dx} = 0\,,$$

яғни

$$\frac{\partial f}{\partial x} + \left(\frac{-\dfrac{\partial f}{\partial y}}{\dfrac{\partial g}{\partial y}} \right) * \frac{\partial g}{\partial x} = 0$$

(II.5.1) және (II.5.2) қатынастарын есептеп минимум мәнін x^*, y^* нүктесінде табуымызға болады.

Бұл нәтижені басқа түрде де жазуымызға болады. Егерде келесі теңдікті қабылдасақ:

$$\lambda = \frac{-\partial f}{\partial y}(x, y) \Big/ \frac{\partial g}{\partial y}(x, y) \qquad \text{(II.5.5)}$$

$x = x^*, y = y^*$ тең болған жағдайда минимум орналасқан нүктеде келесі өрнектер орын алады:

$$g(x, y) = 0,$$

$$\frac{\partial f}{\partial x}(x, y) + \lambda \frac{\partial g}{\partial x}(x, y) = 0$$

$$\frac{\partial f}{\partial y}(x, y) + \lambda \frac{\partial g}{\partial y}(x, y) = 0$$

соңғы өрнекті (II.5.5) қатынасынан бірден жазсақта болады.

Лагранж функциясын пайдаланып, осы үш қажетті шарт өрнектерін табуымызға болады.

$$F(x,y,\lambda) = f(x,y) + (g(x,y) \qquad \text{(II.5.6)}$$

байқайтынымыз бұл мақсатты функцияның және шектелген шарт функциясын Лагранж көбейтінділеріне көбейтіп солардың қосындысы болып табылады.

Онда ***f(x, y)*** функциясының минимумының болатын қажетті шартын және аргументтерінің шектелген шартын ескере отырып келесі түрде өрнектеп жазуымызға болады:

$$\left.\begin{aligned}
&\frac{\partial F}{\partial x}(x,y,\lambda) = \frac{\partial f}{\partial x}(x,y) + \lambda\frac{\partial g}{\partial x}(x,y) = 0\\
&\frac{\partial F}{\partial y}(x,y,\lambda) = \frac{\partial f}{\partial y}(x,y) + \lambda\frac{\partial g}{\partial y}(x,y) = 0\\
&\frac{\partial F}{\partial x}(x,y,\lambda) = g(x,y) = 0
\end{aligned}\right\} \qquad \text{(II.5.7)}$$

Бұл теңдеуден құралған системаның шешімі ретінде табылған $\boldsymbol{x^*}$, $\boldsymbol{y^*}$ және λ^*-минимум орналасқан нүктелер координаты.

1-мысал

$$F(x, y) = x^2 + y^2$$

функциясының минимумын, келесі шектелген $\boldsymbol{x + y = 4}$ шартта, есептеп табыңыз. Лагранж функциясы келесі өрнек болады:

$$F(x, y, \lambda) = x^2 + y^2 + \lambda(4 - x - y)$$

Онда сәйкесті минимум шартын келесі түрде жазамыз:

$$\frac{\partial F}{\partial x} = 2x - \lambda = 0,$$

$$\frac{\partial F}{\partial y} = 2y - \lambda = 0,$$

$$\frac{\partial F}{\partial \lambda} = 4 - x - y = 0.$$

Бұл теңдеулер системасының шешімі $x = y = 2,\ \lambda=4$

Фукция минимумы ***8***-ге тең болады. оқырмандарға жаттығу ретінде осы нәтижені тексеру ұсынылады, егерде функцияны айнымалы ретінде қарастырсақ, яғни ***y*** - ті Лагранж функциясы арқылы жазып өрнектеп қабылдасақ:

$$z = x^2 + (4 - x)^2$$

Минимумның қажетті (II.5.7) шартын, ***n*** - айнымалылы функциялар үшін, олардың шектелген ***m*** шарты бар теңдіктері үшін де ары қарай жалғастырып жалпы өрнегін жазуымызға болады.

Функциясының минимумын іздеп табу есебін қарастырайық:

$$z = f(x) = f(x_1, x_2, ..., x_n),$$

мұнда, ***x*** айнымалыларына шектелген шарт қойылған

$$g_1(x) = 0,\ g_2 = 0,\ ...,\ g_m(x) = 0 \qquad (II.5.8)$$

Шектелген шарттарлы пайдаланып, ***m*** айнымалыларын тағайындап белгілеуімізге болады *(шектелген шарттың жалпы түрінде жазылғанын ескере отырып, оларды $x_1, x_2, ..., x_m$ арқылы белгілейік).* Ал қалған ***(n - m)*** айнымалыларын бір бірімен байланыссыз ортогоналды деп қарастырып, осылар арқылы айнымалыларын байланысты өрнектерін жазуымызға болады. минимум орналасқан нүктеде, шектелген $f(x + h) - f(x) \geq 0$ шарттар бар жағдайда, $i = 1, 2, ..., m$ өзгергенде, $g_i(x + h) = g_i(x) = 0$ қатынастары орындалатын барлық ***h*** үшін айтатынымыз.

Бірінші дәрежелі h_j дәлдігіне дейін болатын өрнек:

$$\sum_{j=1}^{n} h_j \frac{\partial f}{\partial x_j} = 0,$$

мұнда

$$\sum_{j=1}^{n} h_j \frac{\partial g_i}{\partial x_j} = 0, \qquad i = 1, 2, \dots, m \quad \text{үшін}$$

Бұл өрнекті келесі түрде жазуымызға болады:

$$\sum_{j=1}^{n} h_j \left(\frac{\partial f}{\partial x_j} + \sum_{i=1}^{m} \lambda_i \frac{\partial g_i}{\partial x_j} \right) = 0, \qquad (II.5.9)$$

мұнда, $\lambda_1, \lambda_2, ..., \lambda_m$ - Лагранж көбейтінділері.

h_{m+1}, h_{m+2}, …, h_n бір біріне байланыссыз ***(n-m)*** айнымалыларының ұлғайуы болғанынан, оларға сәйкес коэффициенттер нольге тең болуы қажет, яғни

$$\frac{\partial f}{\partial x_j} + \sum_{i=1}^{m} \lambda_i \frac{\partial g_i}{\partial x_j} = 0 \qquad j = m+1, m+2, \dots, n \quad \text{үшін}$$

h_1, h_2, ..., h_m ***m*** айнымалыларының бір-бірінен байланыссыз болғанымен, оларды Лагранж көбейтінділерін (II.5.9) теңдеуінен тақалап тағайындап алып есептеп табамыз.

